

Б 65.29
К26

Е. К. Кунызов, Д. Д. Ахметова

КӘСПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ



Павлодар

065.29
/с26

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық факультеті
«Экономика» кафедрасы

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы

Павлодар
Кереку
2017

ӘЖ 658 (075.8)

КБЖ 65.290 я 73

К26

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
оқу-әдістемелік кенесімен баспаға ұсынылды**

Шікірсарапшылар:

- А. А. Нурғалиева – экономика ғылымдарының кандидаты;
Р. А. Жасарова – экономика ғылымдарының кандидаты,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты;
Д. М. Хамитова – экономика ғылымдарының кандидаты,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты.


Қунызов Е. К., Ахметова Д. Д.

- К26 Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Е. К. Қунызов,
Д. Д. Ахметова. – Павлодар : Кереку, 2017. – 115 б.

Кәсіпорын экономикасы оқу құралында оқу курсының толығымен
тиянақты меңгеруге арналған негізгі оқу материалдар толығымен
камтылған.

Экономикалық мамандықтарды даярлайтын жоғары оқу
орындарының студенттеріне және экономика саласы қызықтыратын
көпшілік оқырмандарға арналған.

Оқу құралы оқылатын пәннің оқу жұмыс жоспарына және
бағдарламасына сәйкес әзірленген.



ӘЖ 658 (075.8)

КБЖ 65.290 я 73

© Қунызов Е. К., Ахметова Д. Д., 2017

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге
құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Қазіргі кезде біздің елімізде көптеген жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлік ұйымдар ашылуда. Кеңестік дәуірдегі мемлекеттік кәсіпорындар, зауыттар мен фабрикалар жекешелендіріліп, олардың орнына жеке меншікке және басқа меншік түрлеріне негізделген шаруашылық субъектілері ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта бұрын тоқтап қалған кәсіпорындар іске қосылып, отандық және шетелдік бірлестіктер мен акционерлік қоғамдар ашылып, жұмыс істеуде.

Қорыта келгенде, кәсіпорындар ел экономикасының негізгі даму көрсеткіші болып табылады. Ал кәсіпорындардың ең басты мақсаты таза табыс табу, халыққа қызмет көрсету, жұмыс орындарын ашу арқылы ел экономикасын көтеру.

«Кәсіпорын экономикасы» пәнді оқыту мақсаты заманауи кәсіпорындардың қызмет етуіндегі негізгі кіші жүйелердің жұмыс істеуі бойынша студенттерде экономикалық ойлау қабілетін өрлету меңгеру болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- кәсіпорынды басқару объектісі, оның орны және ұлттық экономика жүйесіндегі алатын рөлі негізінде зерттеу;
- нарықтық қарым-қатынастың мемлекеттік реттеуін ескере отырып, кәсіпорынды нарықтық экономика агенті ретінде сипаттау;
- кәсіпорындардың заманауи ресурстық база мен оның өндірістік-кәсіптік қызметінде пайдалану нәтижелілігін зерттеу;
- экономиканың әлемдік трендтерін ескере отырып, кәсіпорынның ұйымдастыру-экономикалық механизмінің қызмет етуі мен оның өзгеруін зерттеу;
- кәсіпорын қызметінің негізгі әлеуметтік-экономикалық нәтижелерін зерттеу.

Берілген оқу құралы осы пәннің оқу жұмыс бағдарламасындағы тақырыптардың теориялық сұрақтарынан, әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарынан, тесттік тапсырмалардың, әдебиеттер тізімінен тұрады.

Осы оқу құралын құрастыра отырып, авторлар жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру бойынша университеттің оқу-әдістемелік базасының дамуына ықпалын тигізеді деп ойлайды.

«Кәсіпорын экономикасы» пәннің оқу құралы емтиханға дайындалу кезінде де, пәнмен алғаш танысу кезінде де қажет болады.

I Кәсіпорын – шаруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде

1.1 Кәсіпорын – шаруашылықты жеке жүргізетін субъект және нарықтық қатынастардың негізгі жүргізушісі

Кәсіпорын – заң тәртіптері бойынша тіркеуден өткен, мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету арқылы пайда табуға жүйелі түрде бағытталған кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

Кәсіпорын – сұранысқа кәжетті өнім өндіру, жұмыстарды орындау және қызмет түрлерін көрсету үшін материалдық және аппараттық ресурстарды пайдаланатын жан-жақты шаруашылық субъект. Ол өз қызметімен жеке дербес түрде айналысады, салықтар, басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған пайда мөлшерін өзі бөледі, яғни кәсіпорын жеке дербес тауар өндіруші болып табылады.

Барлық заңды тұлғалар қызмет ету мақсаттарына байланысты:

- коммерциялық ұйым – қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіруді көздейді;

- коммерциялық емес ұйым - қызметінің негізгі мақсаты пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым.

Қолданылатын шикізат сипатына байланысты:

- өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары;

- өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары болып бөлінеді.

Салааралық құрылымы бойынша кәсіпорындар «тар» мамандандырылған, көп профилді және аралас болып бөлінеді:

- «тар» мамандандырылған – жаппай немесе ірі сериялы өндіріс өнімдерінің шектеулі ассортиментін шығаратын кәсіпорындар (шойын, ет, бидай өндірісі және т.б.);

- көп профилді кәсіпорындар түрлі жағдайда пайдаланылатын және кең ассортиментті өнімдерді шығарады. Өнеркәсіпте олар бір уақытта теңіз кемелерін, жеңіл көліктерді, компьютерлерді дайындауға мамандандырылуы мүмкін. Ауыл шаруашылығында – бидай, жеміс-жидек, малдарды өсіру және т.б.;

- аралас кәсіпорындар шикізаттың немесе дайын өнімнің бір түрін параллел немесе тізбектей түрде басқа түрге, үшінші бір түрге ауыстырады.

Қызмет сипатына байланысты:

- өнеркәсіптік;

- өндірістік;

- сауда;
- транспорттық;
- инвестициялық және т.б. кәсіпорындар болып бөлінеді.

Мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қалыптастырудың негізгі бағыты ішкі өндірісті өркендету екендігі белгілі. Бұл тұрғыдан өнім өңдеудің түпкі кезеңіне дейінгі жұмыстарды қамтитын өндірістік кәсіпорындарға деген жауапкершілік те ұлғая түспек. Осы тектес кәсіпорындар қатарына құрылыс өнімдерін өндіруші кәсіпорындарды жатқызуға болады. Аталған саланың ел экономикасындағы маңызы мемлекеттің экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуда, отандық өзара байланысты кәсіпорындардың тиімділігін арттыруда және олардың сыртқы өндірушілерге тәуелділігін төмендетуде, ауыл шаруашылық өнімдерін мақсатты пайдалануда және бәсекеге қабілетті өнімдер шығару арқылы еліміздің әлемдік нарықтағы беделін арттыруда көрініс табады.

Нарық дамыған сайын, бәсеке күшейген сайын кәсіпорындар өз мақсаттарын, стратегияларын және жедел қызметін мұқият негіздеуге тиіс. Осылардың ішінде стратегия қабылдау ең маңызды, ең жауапты болып табылады. Бір жағынан кәсіпорын басшыларының, маркетинг бөлім қызметкерлерінің біліктілігі, тәжірибесі стратегияны интуиция деңгейінде, эмпирикалық әдіспен қабылдауға итермелеп тұрады және бұл адам психологиясына тән. Маркетинг теориясының көрсетуінше тәжірибе молайған сайын адамдардың менгеру, сенім және көзқарас - таным қасиеттері күшейе түседі және өзін - өзі бағалауы да жоғарылай түседі. Осылардың салдарынан басшылар, мамандар қоршаған орта жағдайын, микро және макроорта субъектілерін және факторларын, рынокты зерттеуге, талдауға көп уақыт және шығын шығарғанша тәжірибеге сенген жөн деп ұйғаруы ықтимал. Және бұл практикада жиі кездесін те жатады.

Бұған белгілі тәжірибелі, білікті американдық маркетинг маманының «Мен жарнамаға 2 миллион доллар жұмсаймын, бірақ керетінен 2 есе аз ба, әлде көп пе оны білмеймін» - деген сөздері дәлел бола алады.

1.2 Кәсіпорынның басты міндеттері және функциялары

Нарықтық орта жағдайында және кәсіпорынның толық экономикалық, құқықтық өзінше еркіндік алуы, оған көптеген қосымша міндеттер жүктейді. Сойтін кәсіпорынның айналасатын қызметі шеңбері кәдімгідей ұлғаяды. Мемлекеттік экономика жағдайында негізгі буынның іс-әрекеті тек қана өндірістік қызметпен тұйықталады.

Кәсіпорын өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметін жалпы мемлекеттік шаруашылық механизмі арқылы жүзеге асырады. Аралас әрі әлеуметтік-бағытталған нарықтық экономика жағдайында мемлекет кәсіпорынға иелік құқық бере отырып, оның өз мүлкін, өндірген өнімін және тапқан табыстарын пайдалану мен жаратуды, кәсіпорын шығындары арқылы әлеуметтік шаралардың бір бөлігін жүктейді.

Сондықтан да барлық кәсіпорындар меншік түріне байланыссыз-ақ экономикалық қызметті ғана емес, әлеуметтік қызметті де атқаруға міндетті. Ендеше экономикалық қызметтің құрылымын қарастырамыз: өндірістік қызмет, бұл қоғамдық тұтынулы қанағаттандыру үшін қажетті тауар мен қызмет көрсету өндірісімен байланысты алынған табысты бөлу мен мақсатты қолдану қызметі, мұнда өндіріс іс-әрекетінен алынған табыс өндірісті ұлғайтуға және ұжымды әлеуметтік дамытуға жұмсалады. Монопольды мемлекет экономика жағдайында кәсіпкерлік қызмет құқығы тек мемлекетке ғана жатады.

Нарықтық экономика кәсіпкерлік қызметпен айналысуды тек мемлекетке ғана жүктемейді, әрбір кәсіпорын мен индивидке мүмкіндіктер жасалады. Бұл нарықтық экономиканы тап-тинақтай етіп, ҒТП талаптарына сай болуға және тұтынушы қажеттілігін қанағаттандыруға жағдай жасатады. Өтпелі кезеңдегі мемлекеттің алдындағы басты міндеттердің бірі – кәсіпкерлік құрылымды құру. Оларды масштаб бойынша шартты түрде шағын, орта және ірі кәсіпкерліктерге бөлеміз.

Кәсіпкерлік субъектісі бойынша да бөлінеді: кәсіпкерлік субъектісіне әртүрлі экономикалық қызметке қатысатындар, жеке индивидтер, жеке тұлғалар және жалпы экономикалық мүдделер мен келісім-шарт міндеттерімен біріктірілген адамдар тобы жатады. Ал ұжымдық кәсіпкерлікке: серіктестік, кооператив, акционерлік қоғам, холдингтер және мемлекеттік кәсіпкерліктерді айта аламыз.

Неміс ғалымы әрі экономисі Йозеф Алоиз Шумпетердің (1883–1950 ж) ойынша, кәсіпкерлік жаңа игілікті дайындауға немесе басқа бір сапалы жаңа игілікті жасауға бағытталған. Сондай-ақ өндіріске жаңа тәсілді енгізуге, затты өткізетін жаңа нарықты игеруге; жаңа шикізат пен жартылай фабрикаттар көзін табуға өндірісті талапқа сай, басқаша құруға күш салады. Кәсіпкерлік өз бетінше тіршілік пен тәуелсіздікке негізделген шаруашылық тәсілі, экономикалық ойлаудың ерекше типі. Кәсіпкерлікті құрудың өзекті мәселесі – мемлекеттік меншікті мемлекеттен алу мен жекеменшіктендіру болып табылады. Олар нарықтық экономикада бәсекелестік ортаны

құрып қана қоймайды, сондай-ақ еркін кәсіпкерлікке жол ашады. Белгілі ағылшын ғалымы әрі экономисі Альфред Маршалл айтқандай, нарықтық экономиканың басты қасиеті – «өндіріс пен кәсіпкерліктің еркіндігі». А.Маршалл бойынша, кәсіпкер – экономикалық процесті жеделдетуші. Нарықтық экономикаға өту еркін кәсіпкерлікке жол ашты, бірақ, барлық мәселені шеше алмады. Оны шешу үшін мемлекеттің үйлестіру рөлі қажет. Нарық жағдайында кәсіпкерлік қызмет көп нышанда болады, оларды мына түрде бөлуге болады:

- масштабы бойынша шағын, орта және кәсіпкерлік;
- кәсіпкерліктің субъектілері бойынша.

Кәсіпкерліктің субъектілері экономикалық қызметтің әр түрлі қатысушылары – жеке тұлғалар, келісім-шарт міндеттемелерімен және де ортақ экономикалық мүдделерімен, біріккен адамдар тобы, яғни, ұжымдық кәсіпкерлік, серіктестік, кооперативтер, акционерлік қоғамдар мен осы тәріздес мемлекеттік кәсіпкерлік бола алады.

Өтпелі кезеңде кәсіпкерлік қызметтің даму кешенді және көп деңгейлі сипат алуы керек. Себебі аталған қызмет Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының стратегиялық мақсаттарына жету үшін экономикалық базис болып табылады. Еркін кәсіпкерлік – барлық деңгейдегі жаңалық, бұл мемлекеттік қолдау мен ынталандыру қажет кәсіпкерлік қажетке негізделген бастама. Осы тәрізді кәсіпкерлік кәдімгі күнделікті бизнестен түбірінде ұқсамайды және әлеуметтік-экономикалық прогресс, Қазақстан Республикасын – жаңа индустриалды мемлекетті қалыптастыруға катализаторшы болып табылады. Кәсіпкерлік дамытудың басты сәті нарық экономикасында бәсекелестік органы құру үшін ғана емес, сонымен бірге еркін кәсіпкерлік үшін жол ашатын мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру болып табылады.

Атап көрсеткендей, ХХІ ғасырдың қарсаңында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатында шағын кәсіпкерліктің дамуына ерекше назар аударылады. Оның рөлі әлеуметтік ахуалды жақсартуда жетекші орын алды. Бірінші кезекте осы салада халықты жұмыспен қамтамасыз ету тезірек өседі және қоғамның тұрақтылығы үшін жағдай жасалады. Осыдан аталған мәселеге толық талдау керек. Батыс елдерінің экономикалық әдебиетінде шағын бизнесті «өсу үстіндегі бала» деп қарау орын алған. Жеке жағдайда, «шағын бизнес – бұл өсу үстіндегі бала ретінде, сондықтан ол барлық уақытта сәби бесігінде қала алмайды. Ол үлкен мекен-жайға мұқтаж, бұл үшін ол кәсіпкерлік қызметпен бел шешіп айналысуы қажет».

Шағын кәсіпкерлік халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ең алдымен капитал тезірек айналатын салдарда, атап айтқанда саудада, қоғамдық тамақтандыру және қызметтер салаларында туады. Бірақ, нарықтық экономиканы реформалау бойынша жүргізілген жеделдетілген экономикалық саясат бағаларды ыркына жіберуден және осымен байланысты өскелең инфляциямен басталды, бұл пайыз өсімінің күрт өсуінен және халықтың жинағының құнсыздануынан шағын бизнестің қаржы базасының жоюына әкелді, бұл өз кезегінде шағын бизнестің қалыптасуының және оның инвестициялық қызметінің заңсыз қалуына соқтырды. Шағын кәсіпкерлік көп қатарлы жинаулар мен үлкен салықтардың астында қалды.

Бақылау сұрақтары

1. Бағалық және бағадан тыс бәсекені қолдану жағдайлары және оларға мысал келтіріңіз?
2. Заңды тұлғалар қызмет ету мақсаттарына байланысты қандай болып бөлінеді?
3. Кәсіпорын дегеніміз не?
4. Кәсіпорынның басты міндеттері?

2 Кәсіпорынның негізгі капиталы

2.1 Кәсіпорынның негізгі капиталының экономикалық мәні, олардың құрамы және құрылымы

Негізгі капитал бұл шаруашылық жүргізуші субъектіге келешекте табыс табу мақсатында өндірістік қызмет үшін қажетті бастапқы капитал. Бұл капитал кәсіпорынның мөлшерін және жай-күйін анықтайтын негізгі көрсеткіш болып табылады. Ол құрылтайшылар құжаттарында қатысушылар салымдарының жиынтығы ретінде немесе акцияларға жүргізілген жазулар сомасына тең тіркелген сомаларда көрсетіледі. Капиталдың шамасы кәсіпорынның қызмет барысында тұрақты болады және кей жағдайларда ғана оның шамасы өзгеруі мүмкін. Капиталдың өзгеруі оның шамасын құрылтайшы құжаттарында қайта бекітуі және қайта тіркеу процедурасымен келістірілген. Капиталдың мөлшеріне өзгерту жөніндегі шешім заңдарда белгіленген тәртіп бойынша қабылданады.

Субъектінің капитал жағдайы және қозғалысы жөнінде ақпараттарды жалпылау және есептеу үшін «Негізгі капитал» бөлімшесінің шоттары арналған. Ол мына шоттарды қамтиды: «Қарапайым акциялар», «Артықшылығы бар акциялар», «Негізгі капиталға салымдар мен жарналар».

Құрылтайшылардың акционерлік қоғамның негізгі капиталына салымдары бойынша қарыздарын есептеу үшін «Төленбеген капитал» бөлімшесінің «Төленбеген капитал» шоты арналған. Мұның дебегі бойынша оның құрылтайшылармен енгізілуге тиіс, капиталдың шамасы көрсетіледі. Құрылтайшылардың салымдарының нақты түскен сомалары ақшалай қаражаттар болып көрсетіледі.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер іс жүзіндегі қолданыстағы заңдарға және құрылтайшы құжаттарына сәйкес резервтік капитал құра алады. Заңмен белгіленген резервтік капитал есебі шаруашылық серіктестіктердің резервтік капиталының шамасы олардың құрылтайшы құжаттарында анықталады және белгіленген тәртіп бойынша анықталады және белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Осы құжаттарда есеп беру жылында табысты бөлу тәртібі анықталады, яғни табыстың резервтік капиталға жіберілуі мүмкін.

Шаруашылық серіктестіктер резервтік капитал құруға міндетті. Резервтік капиталдың құрылы және пайдалану тәртібі жарғымен анықталады. Өндіріс көлемінің өсуі, инфляция және басқа себептерге байланысты жарғылық капиталдың көбеюі кезінде сәйкесінше резервтік капиталда көбеюі керек.

Негізгі өндірістік қорлардың анықтауына келесі тәсілдерді бөлуге болады:

- негізгі өндірістік қорлар – бұл өндірістік процестерде қатысатын, өзінің алғашқы бастапқы формасын ауыстырмайтын, және де тозуына қарай бөлін-бөліп дайын өнімге өз құнын арттыратын өндіріс қаражатының бір бөлігі;

- өндіріс немесе тауарларды жеткізу үшін, нарықтық және нарықтық емес қызметтерді көрсету үшін, жалға беру немесе әкімшілік мақсаттар үшін қолданылатын материалдық және материалдық емес ақпалай емес активтер;

- негізгі өндірістік қорлар – бұл негізгі капитал, өндірістің негізгі қаражаты;

- негізгі қорлар – бұл өндірістік активтер, өйткені өндірісте құрылып, пайдаланылады.

Негізгі өндірістік қорларының заманауи ерекшеліктері (белгілері):

- өндіріс құралдары (өндіріс құралдарда затты енгізілген және өндірістік процестерде тікелей қолданылады);

- өндірістік процесте көп мәрте қатысуы (ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді);

- бастапқы қалыптасқан түрінің өзгермеуі;

- жоғары нарықтық құны;

- тозуына қарай бөлін-бөліп дайын өнімге арттыру;

- дайын өнімнің құндық көріністе болуы;

- табыс, пайда және әлеуметтік әсерді алуға бағытталған.

Материалдық негізгі өндірістік қорларының құрамы:

- жер;

- ғимараттар (тұрғынжай емес және тұрғын ғимараттар);

- құрылыстар (беріліс құрылғылары, өзге де құрылыстар);

- машиналар мен құрал-жабдықтар (көлік құралдары мен жабдықтар; өзге машиналар мен жабдықтар);

- басқа да негізгі құралдар;

- биологиялық активтер (ересек жұмыскер мен өнімді мал; қопжылдық екпелер);

- аяқталмаған құрылыс;

- басқа топтарға қосылмаған негізгі қорлар.

Жер – оқшауланған шекаралары бар аумақ. Қазақстан Республикасында жер аумақтарын пайдалануы "Жер кодексімен" реттеледі.

Ғимарат – тұрақты негізде салынған, тіреу және қоршау немесе біріктірілген (тіректік және қоршау) конструкциялардан құрылған,

адамдардың, жануарлардың болуы, және де ғимараттың функционалдық бағытына байланысты заттарды сақтануы үшін арналған объектілер;

Құрылыстар – еңбек заттарының өзгеруімен байланысты емес түрлі техникалық функцияларды жасау арқылы өндірістік процесті іске асыруға бағытталған жағдайларды, және түрлі қосалқы өндірістік емес функцияларды жасау үшін қарастырылған инженерлік-құрылыс объектілері (ғимараттардан басқа).

Құрылыстардың құрамына беріліс құрылғылары кіреді – энергияның, отынның, судың және т. б. түрлі түрлерін беру үшін арналған құрылғылар.

Машиналар мен жабдықтар – еңбек заттарының формасын, қасиеттерін, жай-күйін өзгерту үшін арналған еңбек құралдары. Еңбек заттары ретінде шикізат және материалдар, энергия, ақпарат болуы мүмкін.

Машиналар мен жабдықтар құрамына көлік құралдары, құрал-саймандардың барлық түрлері кіреді.

Көлік құралдары – кәсіпорынға тиесілі темір жол, су және автомобиль көлігі, сонымен қатар ішкі зауыттық көлік құралдары: автокаралар, вагонеткалар, арбалар.

Құрал – қызмет мерзімі бір жылдан асатын механикалық және қол айлабұйымдардың барлық түрлері.

Басқа негізгі жабдықтар – өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, музыкалық аспаптар.

Басқа топтарға кірмеген негізгі қорлар - негізгі кітапхана қорлары, мұражай, хайуанаттар бағы, цирк, кинотеатр (кітаптар, құжаттар, жануарлар, фильмдер әртүрлі тасығыштарда құжаттарды, кескіндеме, мүсін және т. б.).

Материалдық емес негізгі өндірістік қорлары қамтиды:

- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- ойын-сауық жанрының, әдебиет және өнер шығармаларының түпнұсқалары;
- лицензиялық келісімдер;
- патенттер;
- гудвилл;
- өзге де материалдық емес активтер.

Лицензиялық келісім – патент иесімен берілетін, техникалық жетістік немесе өнертабысты қолдану үшін және оған деген коммерциялық және өндірістік пайдалану үшін құқықтарды ұсынатын келісім.

Патент – уәкілетті органмен берілетін және белгілі бір кезең

ішінде тұлғаның опертабысқа деген айрықша құқығын бекітетін, оның авторлығын қуәландыратын құжат;

Гулвилл – ұйымның барлық активтер мен міндеттемелерінің нарықтық (әділ) құнының үстінен болатын тұтас мүліктік кешені сияқты ұйымның сатып алу құнының асып кетуі.

Өзге материалдық активтертер қамтиды: ғылымды көп қажет ететін технологиялар; өндіріс құпиялары (ноу-хау); фирмалық атаулар, тауарлық және сауда белгілері; франшизаның құқықтары мен артықшылықтары; жалдау келісім-шарттары және т. б.

Негізгі қорлардың құрамына кәсіпорындардың салалық тиістілігі әсер етеді. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігінде өндірістік кәсіпорындардың құрамы біркелкі, бірақ құрылымы әр түрлі.

Негізгі өндірістік қорларының құрылымы олардың жалпы көлемдегі жекелеген элементтердің үлес салмағы болып келеді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың көбінде негізгі өндірістік қорлардың құрамы біркелкі, құрылымы әр түрлі.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымы белсенді және пассивті құрамдастарының бөлінісінде есептелуі мүмкін.

Белсенді бөлік – бұл өндіріс процесінде тікелей қатысатын негізгі өндірістік қорлар.

Белсенді емес бөлік – бұл өндіріс процесінде жанама қатысатын негізгі өндірістік қорлар.

2.2 Негізгі қорлардың тозуы, негізгі түрлері

Пайдалану сипатына қарай негізгі құралдар былайша бөлінеді:

Қолданыстағы – бұл пайдалану сатысындағы негізгі құралдар қолданылмаған консервацияға немесе басқа да себептерге байланысты уақытша қолданылмай тұрған негізгі құралдар.

Қорда тұрған – қолданылып жүрген негізгі құралдардың жөнделуі, жойылуы, апатқа ұшырауы жағдайында оларды алмастыру үшін запас құрайтын негізгі құралдар.

Өндіріске қатысатын әртүрлі құрал-жабдық пен айналымды біркелкі жасалмайды, сондықтан оларды негізгі және айналмалы деп жіктейміз.

Негізгі капитал өнімді капиталдың бір бөлігі болып табылады.

Әдетте ол жабдықтар машина, станок, үйлер мен алып құрылыстың құнынан еіп кетеді. Оның ерекшелігі сонда, ол дайындалатын өнімге өзінің құнын бөлшектеп енгізіп отырады. Егер станок 10 жыл қызмет етсе, ал оның құны 100 мың долларға тең болса, ол 1 жылда өндірілген өнімге 0,1-ге өзінің құнын бөлшектеп

жайлап енгізу процесін амортизация дейміз. Табиғи тозу өндіріс процесінің әсерінен ғана болып қоймайды, оған табиғат күші де әсер етеді. Станок шіриді, ірі үйлер қолайды. Ал моральдық тозудың екі түрі бар:

- бұрынғы конструкциядағыдай машинаның пайда болуы, бірақ одан арзандай;
- бұрынғы конструкциядағыдай машинаның пайда болуы, бірақ содан өнімділеу және үнемділеу;

Техникалық прогресс негізгі капиталдың табиғи тозуына дейін оның моральдық тозуын жеделдетеді. Моральдық тозуға кеткен шығынды азайту үшін және жабдықтарға жұмсалған шығынды қысқа мерзімде қайтару үшін кәсіпкерлер жедел амортизациялық жүйені кеңінен қолдануға мәжбүр. Негізгі капиталдың құны кәсіпкерге бірнеше шенбер айналымынан соң қайтарылады.

Амортизациялық төлемдер өнімнің өндірістік шығындарына енеді және оның өткерілуінен кейін кәсіпорын есебінде ақшалай қор түрінде қорланып, амортизациялық қорды құрайды. Амортизациялық қор негізгі капиталды толық қалыпына келтіруінде немесе ремонт процесінде оның бөлшегінің қалпына келтіруінде қолданылады.

Негізгі өндірістік қорлардың келесі бағалау әдістері бар:

- негізгі өндірістік қорлардың бастапқы құны;
- негізгі өндірістік қорлардың тарату құны;
- негізгі өндірістік қорлардың баланстық құны.

Негізгі өндірістік қорлардың бастапқы құны негізгі құралдардың сатып алу немесе сату сәтте қалыптасады және құрамына келесі кіреді:

- негізгі өндірістік құралдардың сатып алу құны;
- негізгі құралдардың жеткізу, түсіру, тиеу құны;
- төленген, бірақ өтелмеген салықтар мен алымдардың, кедендік төлемдердің құны;
- негізгі өндірістік құралдардың жұмыс күйіне келтіру үшін ілесетін шығындардың сомасы.

Негізгі өндірістік құралдардың бастапқы сомасы келесі формула бойынша есептеуге болады

$$C_{\Pi} = C_{np} + C_{отрл} + C_{на} + C_{с.з.} \quad (2.1)$$

мұнда C_{np} – негізгі құралды сатып алу сомасы;

$C_{отрл}$ – негізгі құралды жеткізу, тиеу және түсіру құны;

$C_{на}$ – салықтар мен алымдар құны;

$C_{с.з.}$ – негізгі өндірістік құралдардың жұмыс күйіне

келтіру үшін ілесетін шығындардың құны.

Тарату құны – бұл негізгі өндірістік құралдардың қызмет көрсету мерзімінің аяқталған кезде пайда болаты және олардың шығуы кезіндегі шығындарды шегерген жағдайда болжамды сынықтар мен қалдықтардың құны сияқты бағаланады. Тарату құнын келесі формула арқылы есептеуге болады

$$C_d = C_o - C_e \quad (2.2)$$

мұнда C_o – қалдықтар, сынықтардың құны;

C_e – негізгі өндірістік құралдардың істен шығуы бойынша шығындар.

Негізгі өндірістік құралдардың баланстық құны жинақталған амортизация самасын шегере отырып, олардың бастапқы бағасының самасы ретінде ұсынылады.

Осы орайда негізгі өндірістік құралдардың баланстық құны келесі формула арқылы есептеледі

$$C_e = C_n - \sum_{i=1}^n A_i \quad (2.3)$$

мұнда $\sum_{i=1}^n A_i$ – жинақталған амортизация сомасы

Негізгі өндірістік құралдардың өсімін молайту – жана құралдардың сатып алу, оларды қайта жаңарту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту және күрделі жөндеуден өткізу арқылы жаңартудың үздіксіз процесі.

Негізгі өндірістік құралдардың негізгі мақсаты – олардың сандық және сапалық құрамын, және де оларды жұмыс күйінде сақтай отырып кәсіпорынды негізгі қорлармен қамтамасыз ету.

Негізгі өндірістік құралдардың өсімін молайту процесі кезінде келесі міндеттемелер орындалады:

- түрлі себептер бойынша жұмыстан жойылатын негізгі өндірістік құралдарын өтеу;

- өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында негізгі қорлардың «массасын» ұлғайту;

- негізгі қорлардың түрлік, технологиялық және жас құрылымдарын жетілдіру, яғни өндірістің техникалық деңгейін жоғарылату.

Негізгі қорлардағы қарапайым және кеңейтілген молайтудың түрлі формалары бар. Қарапайым молайтудың формалары 2.1-суретке

сәйкес ұсынылған.

Негізгі қорлардағы қарапайым молайтудың бастапқы элементі жөндеу болуда. Күрделілігі көлемі бойынша ағымдағы (шағын), орташа, күрделі жөндеу және қалпына келтіру түрлерін ажыратады.

Ағымдағы жөндеу негізгі құралдардың жұмыс істеу процесінде өндіріс процесін ұзақ үзбей-ақ жүргізіледі. Жекелеген бөлшектерді, тораптардың ауыстыруы



2.1-сурет – Негізгі өндірістік қорлардағы қарапайым молайтудың құрамдас элементтері

Күрделі жөндеу барлық тозған бөлшектер мен тораптардың ауыстыруымен жабдықтың толық бөлшектеумен байланысты. Жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарының кестесі бойынша жүзеге асырылады. Құрал-жабдықтар күрделі жөндеуден кейін өзінің техникалық сипаттамаларына толық сәйкес болуы тиіс.

Егер де орташа жөндеу бір жылдан астам мерзімділікпен орындалса, онда ол күрделі жөндеу жұмыстарына жақын; бір жылдан кем мерзімділікпен – ағымдағы жөндеу жұмыстарына.

Қалпына келтіру жөндеу – бұл әр түрлі жағдайларға байланысты туындаған жөндеудік ерекше түрі:

- табиғи апаттар;
- техногендік немесе өзге сипаттағы бұзылулар;
- негізгі өндірістік қорлардың ұзақ уақыты бойынша.

Барлық түрдегі деген жөндеулерге шығындар амортизациялық немесе жөндеу қоры есебінен жүзеге асырылады. Жөндеу қоры негізгі қаражаттың баланстық құнын негізге ала отырып анықталатын және кәсіпорынмен бекітілген аударымдар нормативтері есебінен пайда болады. Егер де кәсіпорын жөндеу қорын құрамаса, онда жөндеу жүргізуге арналған шығындар тұрақты шығындарға енеді.

Жөндеу қорының жоспарлауы келесі схема бойынша жүзеге асырылады:

- қызметтің бүкіл кезеңіндегі жөндеулер саны жабдықтардың қызмет мерзімін жөндеу аралық кезең ұзақтығына болу арқылы алынған бүтін сан ретінде анықталады. Жабдықтың соңғы жұмыс кезеңіне келетін жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Сонымен қатар, егер олардың жүзеге асыру уақыты сәйкес болмаса, күрделі жөндеу жөндеу жұмыстардың барлығын өтізуін қамтиды;

- жөндеу күрделілігі бірлігінің жөндеу күрделілігінің, жөндеу күрделілігі бірлігіне деген шығындар мен жабдықтың пайдалану мерзіміндегі жөндеулер санының туындысы ретінде жабдықтың қызметінің бар кезеңдегі жөндеу жұмыстарының құны есептеледі;

- жөндеу қоры мен барлық жабдықтың жылдық сомасы есептеледі;

- жоспарланған мерзімде жабдықты жөндеуге элементтер бойынша шығыстар сметасы қрастырылады (снбек ақы төлеуге, материалдық шығындар және тағы басқалар).

Қарапайым молайтудың екінші элементі болып жабдықты жаңғырту айқындалады. Жабдықты жаңғырту- бұл өндірістің заманауи талаптардың деңгейіне көтерілу үшін техникалық-пайдалану параметрлерін жоғарылату және оның техникалық-экономикалық қартаюын алдын алу мақсатындағы жетілдіруі. Ол кәсіпорынның табысынан алынатын кәсіпорын дамуының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жанартудың дәрежесі бойынша ішінара және кешенді (түбірімен қайта жасау) модернизациялауды ажырататы. Откізудің тәсілдері мен міндеттері бойынша модернизацияны анықтайды:

- үлгілік (сериялық конструкциялардағы жаппай бір үлгідегі өзгерістер);

- мақсатты (нақты өндірістің қажеттілігімен байланысты жетілдірулер).

Бәсекелестік, ғылыми-техникалық прогресс, тұтынушының сұранысы ұсынылатын бұйымдар құрамы мен құрылымының өзгерістері әсерінен, кәсіпорынның өнім сұранысының кенейуі жағдайда негізгі қорлардың кеңейтілген өнім молайту шаралары іске

асырылады.

Кеңейтілген өнім молайту шаралары – бұл негізгі қорлардың осы шаралар арқылы жаңарту процесі:

- техникалық қайта жарактандыру;
- қайта жаңарту;
- кеңейту және жаңа құрылыс.

Кеңейтілген өнім молайту шаралары нәтижесінде өндірістің техникалық деңгейі және кәсіпорынның өндірістік қуаты артады.

Жұмыс істеп тұрған өндірістердің техникалық қайта жарактандыруы кәсіпорында жекелеген агрегаттар, қондырғылар, учаскелердің техникалық деңгейін жоғарылату және түрлі бөлімшелердегі өндірістік қуағының сәйкессіздіктерді жою мақсатында тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Кәсіпорында қайта жаңарту жұмыстары тұрақты түрде бірыңғай жобасы бойынша жүзеге асырылады. Осы жағдайда өндірістің толық немесе ішінара қайта жабдықтау және қайта жайластыру жұмыстары жүргізіледі (негізгі өндірістік мақсаттағы жұмыс істейтін цехтардағы өндірістік жаңа алаңдардың кеңейтусіз және жаңа объектілерді салусыз)

Сонымен қатар, көмекші және қызмет көрсетуші маңызы бар жұмыс істеп тұрған объектілердің кеңейтуі мен олардың жаңа объектілерінің құрылысы мүмкін. Мысалы, жалпысауыттық трансформатордың қуаттылығын ұлғайту үшін жаңа технологиялық желінің іске қосуы.

Қайта жаңғырту жұмыстары нәтижесінде моральді ескірген және физикалық тозған жабдықтардың ауыстыруы, өндірістің механикаландыру және автоматтандыру деңгейі жоғарылатуы, технологиялық буындар мен қосалқы қызметтерде сәйкессіздіктерді жою жұмыстары іске асырылады.

Қайта жаңғыртудың мақсаты ретінде өндіріс бейінінің өзгеруін, өзгермеген өндірістік алаңдардың жағдайындағы өндіріс әртараптандырудың тереңдеуін атауға болады. Қайта жаңғыртудың міндеттері ретінде, сондай-ақ, жаңа табиғат қорғау объектілерінің құрылысын, инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың қайта жайластыруын айқындауға мүмкін.

Қолданыстағы кәсіпорынның кеңейтуіне бастапқы жобамен көзделген екінші және келесі кезектердің құрылысы, қосымша өндіріс кешендерін және өндірістердің құрылысы, сондай-ақ, қосалқы және қызмет көрсететін өндірістер мен коммуникациялардың кеңетуін талап етуі мүмкін негізгі өндірістік мақсаттағы жаңа немесе қолданыстағы цехтарының құрылысы жатады.

Негізгі қорлардың сандық процестері жай-күйі мен қозғалыстың көрсеткіштерімен бағаланады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техникалық қайта жарактандыру, қайта жөндеу және кеңейту жұмыстары инженерлік инфрақұрылым, көлік шаруашылығы мен байланыстағы өзгерістерге деген аз шығындармен жүзеге асырылады. Жаңа кәсіпорындардың құрылысы инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның құруын, алаңның құрылысқа деген дайындығын іске асыру үшін жоғары шығындарды қажет етеді. Әдетте, мұндай объектілер магистральдық пен аудандық автожолдардан, магистральдық инженерлік коммуникациялардан қашық орналасқан аудандарда орналасқан. Сондықтан оларға «қосалқы» шығындардың жоғары сомасы тән.

Тозу негізгі қорлардың физикалық және моральдық сипаттамаларының жою процесі болып табылады.

Физикалық тозу деп өндірістік процестердегі негізгі қорлардың тікелей қатысу процесі мен оларға сыртқы қоздырғыштардың әсер ету процесін айтады (табиғи-климаттық жағдайлар).

Физикалық тозу негізгі қорлар өндіріс процессіне қатыспаған кезде, бірақ оларға сыртқы қоздырғыштар әсер тиген кезде орын алады. Практикада мұндай жағдайды алдын алу үшін негізгі құралдардың «консервациялауы» қажет.

Моральдық тозу, өз кезегінде, негізгі қорлар ғылым мен техниканың озық талаптарға сәйкес келмегенде пайда болатын процестер болып табылады. Моральдық тозу екі түрлі болады:

- бірінші текті моральдық тозу – өндіріс құралдарын шығаратын өндіріс салаларындағы еңбек өнімділігінің өсуі байқалған жағдайда пайда болатын тозу;

- бірінші текті моральдық тозу – бұл ғылыми-техникалық прогрестің динамикалық дамуы кезінде орын алатын тозу.

Өндірістік капитал нарығындағы еңбек өнімділігінің өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің динамикалық дамуының қазіргі заманғы трендтері жағдайында моральдық тозу қарқыны физикалық тозу қарқыны едәуір асып түседі.

Амортизация объектісі – шаруашылық жүргізуші субъектілерге деген шығындарға амортизациялық аударымдардың аудару процесіндегі акция ағындары мен дайы өнімнің құны болып табылады.

Амортизациялық процесс алты іріленген кезеңдерді қамтиды:

- амортизация есептейтін әдісін таңдау және амортизациялық саясатты бекіту;

- амортизациялық аударымдардың есептеуі және амортизациялық қор анықтау;

- кәсіпорынның жалпы шығындар сомасына амортизациялық қор бойынша шығындарды аудару;

- кәсіпорынның үлестік шығындарын есептеу және оларды дайын өнімнің бағасына есептен шығару;

- тауарлар мен қызметтердің жүзеге асыруынан табыстың (түсімнің) шоғырландыруы;

- амортизациялық қордың нақты қаржыландыруы және оның мақсаты бойынша қолдануы.

Әлімдік практикада 2.2-суретке сәйкес амортизация есептеудің келесі әдістері бар:

- амортизация есептеудің классикалық әдістері;

- амортизация есептеудің жеделдетілген әдістері.

Амортизация есептеудің тура әдісі ең қарапайым болып келеді, сонымен қатар негізгі құралдар амортизацияланатын құны жыл сайын шаруашылық жүргізуші субъектінің шығындарға тең үлеспен есептен шығарылады.

Амортизацияның жылдық сомасы негізгі құралдар объектісінің пайдалы қолдану мерзімінің амортизацияланатын құнына бақылау арқылы анықталады

$$A_i^{\text{ам}} = \frac{A_i}{T_{\text{ам}}}, \quad (2.4)$$

мұнда $A_i^{\text{ам}}$ – «і» кезеңіндегі амортизациялық аударымдар жылдық сомасы;

A_i – негізгі құралдардың амортизацияланатын құны;

$T_{\text{ам}}$ – негізгі құрал қызметінің пайдалы мерзімі.



2.2-сурет – Амортизацияны есептеу әдістері

Амортизацияланатын құн негізгі өндірістік қорлардың бастапқы және тарату құнының айырмашылығы негізінде анықталады. Бұл жағдайда амортизацияланатын құн осы формула арқылы есептеуге мүмкін

$$A_c = C_n - C_l \quad (2.5)$$

мұнда C_n – негізгі өндірістік құралдардың бастапқы;

C_l – негізгі өндірістік құралдардың тарату құны.

Қалдықты азайту әдісі кезінде амортизацияның жылдық сомасы есепті жылдың басына келетін объектінің қалдық (баланстық) құнының туындысы ретінде немесе амортизация есептеудің бастапқы мерзімі мен амортизацияның жылдық нормасының туындысы арқылы анықталады

$$A_i^{mo} = C_o (C_n) \times H_a \quad (2.6)$$

мұнда C_o – негізгі өндірістік қорлардың баланстық құны;

H_a – амортизациялық аударымдардың жылдық нормасы.

Қалдықты жедел азайту әдісі кезінде амортизацияның жылдық сомасы есепті жылдың басына объектінің қалдық құнының туындысы немесе объектінің ұтымды пайдаланудың мерзіміне сәйкес амортизацияның жылдық нормасы мен амортизация есептеудің бастапқы датасына келетін бастапқы құны ретінде анықталады және екі еселенеді. Осы әлістің амортизация нормасы осы формула арқылы есептелуі мүмкін

$$H_a = \frac{A_c}{T_{ca}} \div A_c \times 2 \times 100 \% \quad (2.7)$$

Кумулятивтік әдісі кезінде амортизацияның жылдық сомасы амортизацияланатын құнын және кумулятивтік коэффициентінің туындысы ретінде анықталады

$$A_i^{kum} = A_c \times k_i \quad (2.8)$$

мұнда k_i – кумулятивтік коэффициент.

Кумулятивтік коэффициент негізгі құралдар объектісінің

пайдалы қолдану мерзімінің аяғына дейінгіге қалатын жыл санының оның пайдаланудың жылдар сомасына бөлу арқылы есептеледі

$$k_i = \frac{T_{ca}^{i-1}}{\sum T_{ca}} \quad (2.9)$$

мұнда T_{ca}^{i-1} – негізгі құралдар қызметінің мерзімінің соңына дейін қалатын жыл саны;

$\sum T_{ca}$ – негізгі құралдар қызметінің пайдалы мерзімінің жылдар сомасы.

Амортизацияны есептеудің өндірістік әдісті қолданғанда амортизацияның айлық сомасы өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) нақты айлық көлемі мен амортизацияның өндірістік мөлшерлемесінің туындысы анықталады

$$A_i^{год} = V_{пр-ва}^{\phi} \times H_a \quad (2.10)$$

мұнда $V_{пр-ва}^{\phi}$ – өндірістің нақты жылдық көлемі.

Амортизацияны өндірістік мөлшерлемесі кәсіпорын негізгі құралдарды қолдану арқылы жүргізуге (орындауға) көздейтін өнімнің (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінің амортизацияланатын құнына бөлу арқылы есептеледі

$$H_a = \frac{A_c}{V_{пр-ва}^m} \quad (2.11)$$

мұнда $V_{пр-ва}^m$ – өндірістің барынша ықтимал (шекті) жылдық көлемі.

Бақылау сұрақтары

1. Өндіріс құралдарының қайсысы негізгі қорлар құрамына кіреді?
2. Негізгі қорлардың бастапқы құнынан жинақталған амортизацияны алғанда қандай көрсеткіш қалыптасады?
3. Құрал-жабдықтың тиімді уақыт қоры неге тең.
4. Мүліктің құнын толтыру, комиссиялық сый ақылар, мүлікті сақтандыру құны нені сипаттайды?

3 Кәсіпорынның айналым капиталы

3.1 Айналым капиталы: оның маңызы, құрамы және құрылымы.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға және оның қаржылық жағдайын күшейтуге бағытталған шаралар жүйесінде айналым құралдарын рационалды қолдану сұрақтары маңызды орын алады. Нарықтық қатынастар қалыптасуы шартында айналым құралдарын қолдануды жақсарту проблемасының өзектілігі ұлғая түсті. Кәсіпорын қызығушылығы өздерінің өндірістік-шаруашылық қызметі нәтижесінде толық жауапкершілікті талап етеді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы айналым құралдарының жағдайына тікелей тәуелді болғандықтан және шаруашылық нәтижесін шығындармен өлшеу, меншікті құралдармен шығындарды өтеу керек болғандықтан кәсіпорындар айналым құралдарын оңтайлы ұйымдастыруға - олардың қозғалысын мүмкін болатын минималды соммен ұйымдастыру арқылы неғұрлым көп болатын экономикалық әсерге қол жеткізуге қызығушылық білдіреді.

Айналым құралдарын ұйымдастыру олардың тиімділігін арттыру проблемасының жалпы кешеніндегі негіздеме болып табылады. Айналым құралдарын ұйымдастыру келесілерді қамтиды:

- айналым құралдарының құрылымы мен құрамын айқындау;
- кәсіпорынның айналым құралдарына қажеттіліктерін анықтау;
- айналым құралдарының қалыптасу көздерін анықтау;
- айналым құралдарын үйлестіру және басқару;
- айналым құралдарының қауіпсіздігіне жауапкершілік және

оларды тиімді қолдану.

Айналым құралдарының құрамы өндірістік айналым қорлары мен айналым қорларын қалыптастыратын элементтер жиынтығын білдіреді, яғни жеке элементтерге бөлуді қарастырады.

Айналым қорларының құрылымы жеке өндірістік айналым қорларының элементтері мен айналым құралдарының ара-қатынасын білдіреді, яғни айналым құралдарының жалпы сомасындағы әр элементтің үлесін білдіреді.

Өндірістік айналым қорларының басымды бөлігіне шикізат, негізгі және көмекші материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, отын және жанармай сияқты еңбек құралдары жатады. Сонымен қатар өндірістік айналым қорларына құны төмен және тез тозатын заттар, құралдар, арнайы құрылғылар, инвентарь, ағымдағы жөндеуге қажет қосалқы бөлшектер, арнайы киім сияқты еңбек

заттары да жағады. Бұл еңбек заттары бір жылға дейін қызмет етеді. Айналыстағы құралдар құнының шектеулігі өзгеріп отырады, олар негізгі қорлармен жүргізетін бағалау мен оларды сатып алу кезеңіне байланысты.

Сонымен бірге кәсіпорында бұл еңбек заттарының атаулары мыңға жуық болады, соның нәтижесінде ол тозу есебін жүргізуді техникалық жағынан қиындатады. Сондықтан тәжірибеде оларды негізгі емес айналым қорларына жатқызады.

Аталған құралдар мен еңбек заттары өндірістік айналым құралдарының тобы өндірістік запастарды құрайды. Олармен қоса өндірістік айналым қорларына аяқталмаған өндіріс пен болашақ кезең шығындары кіреді.

Өндірістік айналым қорларын аванстайтын құралдардың негізгі міндеті өндірістің үздіксіздігін және ырақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Өндірістік айналым қорларынан басқа кәсіпорындарда айналыс қорлары болады. Оларға қоймадағы дайын өнім, тиелген тауарлар, кәсіпорын кассасындағы және банк счеттеріндегі ақша-қаражаттары, дебиторлық қарыздар, басқа счеттегі қаражаттар жағады. Айналыс қорларының негізгі міндеті айналыс үрдісін ресурстармен қамту болып табылады. Айналым құралдарының құрылымы мен құрамы экономиканың әртүрлі саласында бірдей емес. Олар өндірістік, экономикалық және ұйымдастырушылық тәртіп факторларымен анықталады. Мысалы машина жасау саласында өндірістік цикл ұзақ болғандықтан аяқталмаған өндіріс үлесі жоғары. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында басты орынды шикізат пен материалдар алады (мысалы төкыма өнеркәсібі). Сонымен қатар тамақ өнеркәсібінде (мысалы сүт, май өндіретін кәсіпорындар) көмекші материалдар запасы жоғары.

3.2 Айналым капиталын қаржыландыру көздері

Кәсіпорынның айналым қаражаты – өтініш қорлары мен айналым қорларының пайда болуына аванс берілетін (жұмсалатын) ақшалай қаражат.

Айналым қорлары – бұл тек қана бір өндірістік циклда қатысатын, өз формасын өзгертетін және бұл өндірістік циклда дайын өнімге өз құнын аударатын өндіріс құралдары.

Қорлар айналысы – бұл өндірістік процеске қызмет көрсететін және оның үздіксіздігін қамтамасыз ететін өндіріс құралдары.

Кәсіпорынның қорлар айналымының құрамы 3.3-суретке сәйкес келтірілген.



3.3-сурет – кәсіпорынның айналым қаражатының құрамы

Нормаланатын айналым қаражатына жатады:

- меншікті өндірістегі жартылай фабрикаттары;
- аяқталмаған өндіріс;
- болашақ кезендердің шығындары;
- дайын өнім.

Айналым қаражатының бөлінісінде қаражат есептеулерде нормаланбайды.

Айналым қорларды нормалау – бұл кәсіпорынның жеткілікті, ең төменгі көлемдегі айналым қаражатының негіздемесі. Олар үздіксіздік өндірістік процесінің қамтамасыз етуіне қажет.

Кәсіпорындарда келесі нормативтердің есептеуі жүзеге асырылады:

- өндірістік қорлардағы айналым қаражатының нормативі;
- аяқталмаған өндірістегі айналым қаражатының нормативі;
- дайын өнімдегі айналым қаражатының нормативі.

Өндірістік қорлардағы айналым қаражатының нормативі келесі формула арқылы есептеледі

$$H_{п.з} = \frac{Q}{F_k} \times H_{п.з.н} \quad (3.12)$$

мұнда $H_{п.з}$ – өндірістік қорлардағы айналым қаражатының нормативі;

Q – белгілі бір элементтің ақшалай көрінісіндегі шығыны;

F_k – күнізбелік кезең;

$H_{\text{а.з.н.}}$ – айналым қаражатының күндегі нормативі.

Аяқталмаған өндірістегі айналым қаражатының нормативі келесі формула арқылы есептеледі

$$H_{\text{а.з.н.}} = \frac{C_{\text{п}}}{F_k} \times T_{\text{ц}}, \quad (3.13)$$

мұнда $H_{\text{а.з.н.}}$ – аяқталмаған өндірістегі айналым құралдардың нормативі;

$C_{\text{п}}$ – өндірістік шығындар (өзіндік құны);

$T_{\text{ц}}$ – өндірістік циклдің күндегі ұзақтығы.

$H_{\text{д.н.}}$ – күндегі айналым қаражаттарының нормативі.

Дайын өнімдегі айналым қаражатының нормативі келесі формула арқылы есептеледі

$$H_{\text{д.н.}} = \frac{V_{\text{дп}}}{F_k} \times H_{\text{а.з.н.}}, \quad (3.14)$$

мұнда $H_{\text{д.н.}}$ – дайын өнімдегі айналым қаражатының нормативі;

$V_{\text{дп}}$ – күнізбелік кезеңдегі өндіріс көлемі;

$H_{\text{а.з.н.}}$ – дайын өнімдегі айналым қаражатының күндегі нормативі.

Өндірістік қорларлардағы айналым қаражатының нормативі - өндірістік процесстердің үздіксіздігін және ырақтылығын қамтамасыз ету үшін қанша өндірістік қорлар құрылу қажет екендігін көрсетеді.

Аяқталмаған өндірістеге айналым қаражатының нормативі кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын орындау үшін қанша айналым қаражатының резервтеу керектігін көрсетеді.

Дайын өнімнің айналым қаражатының нормативі дайын өнімнің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қанша дайын өнім керектігін көрсетеді.

4 Шикізат, материалдық және отын-энергетикалық ресурстар

4.1 Шикізат және отын-энергетикалық ресурстар түсінігі және жіктелуі

Шикізат, материалдар, отын, энергия – бұлар еңбек затына жатады, яғни олар еңбек құралы мен адам еңбегінің әсеріне тап болып, нәтижесінде адамның өндірістік және жеке қажеттілігін өтеу үшін өздерінің түрлері мен қасиеттерін өзгертеді. Бұл ресурстар өнеркәсіптің материалдық-техникалық базасының заттық элементі болып табылады. Олар айналым қорының құрамына кіріп, толығымен өзінің құнын дайын өнімге өткізеді.

Еңбек заты ретінде шикізат және отын-энергетикалық болып пайдаланылатын барлық материалдық ресурстар шартты түрде екіге бөлінеді.

Шикізат ресурстары әр түрлі өндіріс өнімдерін шығару үшін пайдаланылған еңбек заттарының жиынтығы түрінде болып келеді.

Өңделмеген шикізат деп жерден қазып алынған немесе өңделген және соның нәтижесінде белгілі бір өзгерістерге ұшыраған еңбек затын айтамыз.

Шикізатқа кен өңдеуші өндіріс (руда, мұнай, көмір және т.б.) пен ауыл шаруашылығының (астық, картоп, қызылша) өнімдері, ал материалдарға өңдеуші өндірістің өнімі жатады. Материалдарды негізгі және көмекші деп екіге бөледі.

Негізгі материалдар дайын өнімнің құрамына табиғи түрде кіріп, оның материалдық негізін құрайды.

Көмекші материалдар дайын өнімнің құрамына кірмейді, бірақ та оның түзілуіне әсер етеді.

Отын мен энергия өзінің экономикалық ерекшелігіне байланысты көмекші материалдарға да, ресурстардың жеке тобына да жатқызылады.

Отын-энергетикалық ресурстар ықтималды және нақты деп екі топқа бөлінеді.

Ықтималды отын-энергетикалық ресурстарға елдің белгілі бір экономикалық аймағындағы отын мен энергияның барлық түрімен байланысты қорлар жатады.

Кең мағынада нақты отын-энергетикалық ресурстар деп ел экономикасында пайдаланылып жатқан энергияның барлық түрінің жиынтығын айтамыз.

Жекелеп айтқанда пайдаланылатын отын-энергетикалық ресурстарды төмендегідей түрде көрсетуге болады.

1) табиғи отын-энергетикалық ресурстар (табиғи отындар) — көмір, мұнай, табиғи және пайдалы газ; судың, желдің табиғи механикалық энергиясы, атом энергиясы; табиғи отын көздеріне күннің, жер асты буының күші жатады;

2) отын ресурстары - өңдеу кезіндегі пайда болған өнімдер (кокс, брикеттер, мұнай өнімдері, жасанды газдар, байытылған көмір және т.б.);

3) негізгі технологиялық үдерісте алынатын көмекші (кайталама) энергетикалық ресурстар (отын қалдықтары, пайдаланылмаған газ, өндірістегі өнімдердің жылуы және т.б.).

Нарық жағдайында кәсіпорынның қосалқы цехтары мен өндірістерінің жұмысы сыртқы факторларға да байланысты болады. Оларды келесідегі топтарға біріктіруге болады:

- әлемдік нарықтың және ішкі нарықтағы жағдайдың өзгеруімен байланысты;
- мемлекет ішінде немесе глобалды масштабтағы саяси жағдайдың өзгеруімен байланысты;
- инфляциялық процестермен байланысты.
- мемлекеттің қызметімен байланысты.

Факторлар тікелей және жанама әсер етуші факторлар.

Тікелей сырттан әсер етуші факторларға ең алдымен мемлекеттің кәсіпорынның қызметін жоғарыдан бақылау функциясы жатады. Бұл функция экономика саласындағы құқықтық, нормативтік акт, ақша-несие, салық саясаты арқылы жүзеге асырылады.

Тұтынушылар, тасымалдаушылар, бәсекелесушілер кәсіпорын үшін сыртқы ортаның элементері болып табылады. Олар да кәсіпорынның қызметіне тікелей әсер етеді.

Тұтынушалар, тасымалдаушылардың, бәсекелестердің іс-әрекеті де мемлекеттің әсеріне байланысты. Мемлекеттің әсерін толығырақ қарастырайық. Мемлекет жоғарғы бақылау жүйесі ретінде өзінің органдары арқылы экономикалық қатынасқа түсетін барлық жүйелердің өмір сүруіне, қызмет етуіне мүмкіндік береді және реттен отырады.

Ол мүмкіндіктер болып:

- өндірушілердің экономикалық оқшаулылығы эквиваленттік айырбасқа мүмкіндік береді;
- кәсіпкерліктің еркіндігі;
- саркылатын байлықты әділетті болу.

Бұл жайдайлар кәсіпорынның қызметінің құқықтық нормаларынан көрініс табысы. Мемлекет экономика саласында өз саясатын жүргізе отырып, мемлекеттік органдар арқылы зағдар,

нормативтік актілер, нұсқаулар, қаулылар арқасында кәсіпорынның дамуын, оның қызметін тікелей бақылап, реттеп отырады.

Мемлекеттік органдар өз мүмкіншілігіне байланысты заңдардың орындалуын мәжбүрлі қамтамасыз етеді. Және де, мемлекет кәсіпорынның қызметін әртүрлі салық жеңілдіктерін беру арқылы, субсидия беру арқылы, пайыздық ставканы белгілеу арқылы баға саясаты арқылы тікелей реттеп, бақылап отырады.

Сырттай жанама әсер ететін факторлар:

Сырттай жанама әсер ететін факторларға мемлекеттің жағдайы, кәсіпорын орналасқан территорияның жағдайы жатады.

Мемлекеттің жағдайы жоғары жүйе ретінде экономикалық, техникалық және техникалық, және технологиялық, әлеуметтік және саяси факторлардың әсерін қалыптастырады. Кәсіпорынның экономикалық жағдайы мен қызметінің басты нәтижесі ретінде мемлекеттің және тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру деңгейін көрсетуге болады.

Жоғарыда айтылғандай, кәсіпорынның экономикалық жағдайына байланысты және байланысты емес көптеген факторлардың жиынтығы оның қызмет ету тиімділігіне әсер етеді.

4.2 Өндіріс тиімділігін көтеруді және қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану жолдары

Кәсіпорынның қосалқы цехтары мен өндірістерінің жұмыстарының басты факторына, өндірілген қосалқы өнім көлемінің өсуі, өзіндік құнының төмендеуі, сапаның жақсарды, өндірістік қорларды тиімді пайдалану дәрежесі, еңбек өнімділігінің жоғарылауы жатқызылады.

Кәсіпорынның қызметіне байланысты емес факторларға жататындар: мемлекет реттейтін өткізілетін өнімнің бағасының өзгеруі, өнімді өндіруге және өткізуге табиғи, географиялық, транспорттық және техникалық жағдайдың әсері.

Кәсіпорынның қосалқы өндірісіне әсер ететін келесі фактор қосалқы өнімді өндіру және оны өткізу бөлімінің өзгеру болып табылады. Нәтижесінде өткізу көлемі өскен сайын, кәсіпорынның тиімділігі арта түседі және керісінше.

Маңыздылығы кем емес тиімділікке әсер ететін факторлардың бірі өнімнің өзіндік құнының өзгеруі болып табылады. Табыс көлемі мен өнімнің өзіндік құны арасында кері байланыс бар. Өнімді өндіру және өткізу шығындарының көлемімен анықталатын өнімнің өзіндік құны төмендеген сайын, табыс жоғарылайды және керісінше.

Сондықтан өзіндік құнның өзгеруін талдау барысында оның төмендеуі немесе жоғарылауының себебі анықтаулы тиіс, бұл шығындарды қысқартуға қажет шара, яғни, соның есебінен табыстың және қызмет ету тиімділігінің жоғарылауына қол жеткізу.

4.1-кесте – Кәсіпорынның қосалқы цехтары мен өндірістерінің жұмысына әсер ететін сыртқы орта факторлары

Факторлар тобы	Факторлар
Саяси факторлар	Саяси тұрақтылық; халықтың әлеуметтік қамқорлыққа алынуы; жергілікті өндірушілерді қорғау; шетел инвестицияларының бағыттылығы, сыртқы экономикалық саясат.
Экономикалық факторлар	Меншік, жер қатынастары; инвестициялық саясат; инвестициялық орта; салық жүйесі; қаржы нарығының даму жағдайы.
Әлеуметтік факторлар	Өмір сүру деңгейі; демографиялық жағдай; қозғалыс еркіндігі.

Кәсіпорынның қосалқы цехтары мен өндірістерінің жұмысына тікелей әсер ететін факторларға қолданыстағы баға жатады. Өнімнің ерікті бағасының деңгейі белгілі-бір деңгейде кәсіпорынның өзіне байланысты болады. Ал кәсіпорынға байланысты емес факторға жоғарыда айтылғанда мемлекет реттейтін монополистер белгілейтін баға жатқызылады.

Пайдалы қазбалар қорлардың жіктелуі және оларды экономикалық бағалау

Экономикалық тұрғыдан қарағанда халық шаруашылығында пайдаланылатын шикізаттың барлық түрі екі үлкен топқа бөлінеді:

1) өндірістік шикізат – бұл өндірістен алынады және көбінесе саланың ауыр өнеркәсібінде пайдаланылады;

2) ауыл шаруашылығының шикізаты – бұл ауыл шаруашылығы саласында өндіріліп, негізінен жеңіл және тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады.

Өндірістік шикізат өз алдына екі кәшә топқа бөлінеді:

- минерал тектес шикізат, яғни жер қойнауынан алынған шикізаттар;

- жасанды шикізат, яғни жасанды жолмен алынатын шикізаттар мен материалдар.

Әсіресе минерал тектес табиғи шикізаттар түрі кең тараған. Ол өнеркәсіптің минералдық-шикізаттық базасын құран, қара және түсті металлургия, отын, электр энергиясы сияқты негізгі өнеркәсіп

салаларының дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Өнеркәсіпте өндірілген өнім мен шикізаттың сапасы өндірістің экономикасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Олар төменде көрсетілгендей сараланады:

- өндіріс үдерісінде атқаратын ролі бойынша: негізгі, көмекші, қосымша;

- экономикалық нышаны бойынша: еңбек заты, дайын өнім;

- алу әдісі бойынша: өндірістік, ауыл шаруашылықтық;

- шыққан тегі бойынша: мал, өсімдік, кен қазбасы;

- өндіріс уақыты бойынша: маусымдық, маусымдық емес;

- өңдеу әдісі бойынша: алғашқы және қайталама (қалдықтар, көмекші өнімдер).

Негізгі шикізатқа жаңа дайындалған өнімнің материалдық негізін қалайтын еңбек заттары жатады. Дайын өнімді дайындауға мүмкіндік жасайтып бұйымдар көмекші шикізатқа жатады. Шикізат кей уақытта негізгі материал болып табылып, ал одан басқа уақытта көмекші материалдың қызметін атқаруы ықтимал. Сондықтан көрсетілген саралану белгілі бір дәрежеде шартты сипаттама болып саналып, саланың ерекшелігіне, есепкісабына, жоспарлау және экономикалық талдауына байланысты болады. Сол себепті оның мен энергияның маңыздылығын ескере отырып, көп салада оны көмекші материалдардың құрамынан бөліп алып, жеке-дара қарастырады.

Тамақ өнеркәсібінде негізінен ауыл шаруашылығының шикізаты пайдаланылады. Қазақстанда әр түрлі табиғи-климаттық ерекшелікке байланысты халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге толықтай жететін бірнеше түрлі ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудың бірден-бір шарты аймақтық мамандандыру болып табылады. Елдің аймақтарына қай өсімдікті өсіруге болатынын көрсететін көрсеткіш — шығымдылық пен сапа.

Бақылау сұрақтары

1. Бағалау кезінде орындалатын рөлдеріне байланысты сапа көрсеткіштері қалай бөлінеді?
2. Өнімнің функционалдық көрсеткіштеріне қандай көрсеткіштер жатқызылады?
3. Ресурс жинақтаушы көрсеткіштер және олардың түрлері.
4. Табиғат қорғау көрсеткіштерін атаңыз.

5 Кәсіпорынның еңбек ресурстары

5.1 Кәсіпорын персоналы: түсінігі және сипаттамасы

Кәсіпорынның персоналы (қызметкерлер құрамы) – кәсіпорынның, фирманың, ұйымның білікті қызметкерлердің негізгі құрамы.

Кәсіпорынның еңбек персоналын өндірістік персонал және өндірістік емес бөлімшелерінде істейтін персонал болып бөлінеді.

Өндірістік персонал – өндірісте және оның қызмет етуінде жұмыс істейтін персонал (кәсіпорынның еңбек ресурстарының негізгі бөлігі).

Өндірістік персонал ең көп санды және негізгі санаттағы персонал – бұл кәсіпорынның жұмыскерлері – материалдық құндылықтардың немесе өндірістік қызметтер мен жүктің қозғалуын қамтамасыз ететін жұмыстардың құруымен айналысатын адамдар (қызметкерлер). Жұмыскерлер негізгі және қосалқы болып екі бөлікке бөлінеді.

Негізгі жұмыскерлерге кәсіпорынның тауарлық (жалпы) өнімін құруымен және технологиялық процестердің (формасы, мөлшері, жағдайы, жай-күйі мен формасының, еңбек құралдардың физикалық, химиялық және тағы басқа қасиеттердің өзгеруі) құрылымын жүзеге асыруымен айналыстарындар жатады.

Өндірістік цехтарда жабдықтар мен жұмыс орындарының қызмет көрсетуімен айналысатындар және қосалқы цехтар мен шаруашылықтардың барлық жұмыскерлер көмекші қызметкерлерге жатады.

Көмекші қызметкерлер келесі функционалдық топтарға бөлінуі мүмкін:

- көлік тобы;
- тиеу тобы;
- бақылау тобы;
- жөндеу тобы;
- құрал-жабдықтар тобы;
- шаруашылық тобы;
- қоймалық тобы.

Басшылар – кәсіпорындарда жетекшілік лауазымдарда тұрған қызметкерлер (директорлар, шеберлер, бас мамандарда) жатады.

Мамандар – жоғары немесе орта білімі бар жұмыскерлер, сонымен қатар оларға белгілі бір лауазымы бар, бірақ арнайы мамандығы жоқ қызметкерлер жатады.

Қызметшілер – құжаттардың дайындауымен, есепке алу және

бақылау, шаруашылық қызметті көрсетуімен (агенттер, кассирлер, іс жүргізушілер, хатшылар, статистер және т. б.) айналысатындар.

Кіші қызмет көрсетуші персонал – қызметтік үй-жайлармендың тазалауымен (аула сыпырушылар, еден жуушылар) және де жұмыспен қызметшілерге қызмет көрсететін тұлғалар жатады.

Әтүрлі санаттағы жұмыскерлердің олардың жалпы санындағы қатынасы кадрлардың (персоналдың) кәсіпорынның, цехтың, учаскесінің құрылымын сипаттайды.

Кадрлардың құрамасы сонымен қатар мұндай белгілері бойынша анықталуы мүмкін:

- жасы;
- жынысы;
- білім алу деңгейі;
- еңбек өтілі;
- біліктілігі;
- нормаларды орындай дәрежесі.

Кәсіби – еңбек бөлінісінің кәсіптік және біліктілік әсерінен персоналдың біліктілік құрылымы анықталады. Мамандық әдетте белгілі бір дайындықты қажет ететін еңбек қызметінің түрі болып келеді.

Біліктілік қызметкердің осы мамандықты игері шамасын сипаттайды және де біліктілік (тарифтік) разрядтарында, санаттарында көрінеді. Тарифтік разрядтар мен санаттар да жұмыстың күрделілік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге жатады.

Жұмыскерлердің кәсіби даярлық сипаттамасында бір және сол кәсібіндегі еңбек қызметінің тұрын анықтайтын мамандық (мысалы, мамандығы – токарь, мамандығы – токарь-расточник, токарь-карусельщик) түсінігі қолданылады. Бір және сол жұмыстағы мамандықтардың саралауы қолданылатын жақтың ерекшелігімен байланысты.

Ғылыми-техникалық прогрестің әсеріне өндірістік персоналдың жекелеген кәсіптер мен кәсіби топтардағы саны мен үлес салмағының өзгеруі орын алууда. Инженерлік-техникалық қызметкерлер мен мамандардың саны басшылар мен техникалық орындаушылар арасындағы үлес салмағының тұрақтылығы жағдайындағы жұмыскерлер санының өсуінен гөрі жылдамдық қарқынмен өсуде. Осы жұмыскерлер категориясының өсуі өндірістің, оның техникалық жарақтандыруының, салалық құрылымдардың өзгеруінің, инженерлік дайындауды қажет ететін жұмыс орындардың пайда болуымен, сондай-ақ шығарылатын өнімнің күрделілігінің өсуімен байланысты.

Кәсіпорынның кадрларға деген қажеттіліктерін жоспарлауы

жұмыс уақытының балансын анықтаудан басталады. Жыл сайын әр жұмысшы нысықтауға ниетті нәтижелі жұмыс уақытын жұмыс уақытының балансы көрсетеді. Жұмыс уақытының балансы өндірістік процестердің үзіліс мен үздіксіздігін есепке алып, сондай-ақ демалыс және мереке күндерін есепке ала отырып құрылады.

Жұмыс уақытының болжамды балансы 5.2 кестеде көрсетілген.

5.2-кесте – Жұмыс уақытының болжамды балансы

Жұмыс режимдерінің атауы	Уақыт
Уақыттың күндердің күнтізбелік қоры	365
Жұмыс істемейтін күндер саны, барлығы	168
Мереке күндері	0
Демалыс күндері	168
Уақаттың номиналды қоры	197
Жұмысқа келмеген күндері	46
Кезекті және қосымша демалыстар	30
Оқу демалыстары, біліктілікті арттыру курстары	5
Дерттер	10
Заңнамамен рұқсат етілген басқа жұмыс келмеушілік	0,5
Кәсіпорын әкімшілігі рұқсат еткен жұмыс келмеушілік	0,5
Жұмыс күндерінің саны	151
Жұмыс ауысымының орташа ұзақтығы (күн/түн), сағаттар	12
Ұйымдастыру процесстермен байланысты уақытты жоғалты, сағаттар	0,1
Жұмыс ауысымының орташа тиімді ұзақтығы (күн/түн), қорытынды	11,9
Жұмыс уақытының нәтижелі жылдық қоры, сағаттар	1796,9

Өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың санын анықтау кезінде келесі әдістер қолданылады:

- өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы бойынша;
- қызмет көрсету нормасы бойынша;
- басқару нормасы бойынша.

Өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы негізгі өндірістік жұмысшылардың саны есептеледі

$$C_{\text{ж}}^* = T_{\text{н.н}} \div F_{\text{ж}}^* \quad , \quad (5.15)$$

мұнда $C_{\text{ж}}^*$ – негізгі өндірістік жұмысшылар саны;

$T_{\text{н.н}}$ – өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы;

$F_{\text{ж}}^*$ – бір жұмыс күні уақытының тиімді қоры.

Қызмет көрсету нормасы бойынша қызмет көрсету персоналының саны есептеледі

$$Ч_{\Sigma}^{\Sigma} = N_{\Sigma}^{\Sigma} \times \eta^{\Sigma} , \quad (5.16)$$

мұнда $Ч_{\Sigma}^{\Sigma}$ – техникалық (қызмет көрсетуші персоналдың саны;
 $T_{\Pi\Pi}$ – өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы;
 η^{Σ} – жабдықты қызмет ету нормасы ($\eta^{\Sigma} = 2$).

Басқарылу нормасы бойынша әкімшілік-басқарушылық персоналдың саны есептеледі

$$Ч_{\text{басқ}}^{\text{басқ}} = Ч_{\text{тех}}^{\Sigma} \times \eta^{\text{басқ}} , \quad (5.17)$$

мұнда $Ч_{\text{басқ}}^{\text{басқ}}$ – әкімшілік-басқарушылық персоналдың саны;
 $\eta^{\text{басқ}}$ – басқарылу нормасы ($\eta^{\text{басқ}} = 0,5$).

5.2 Кәсіпорынның еңбек ресурстарына қажеттігін анықтау.

Дара еңбек келісімі бойынша жұмыс істейтіндерге жұмыс орнының (қызметінің) және орташа жалақысының сақталуымен жылдық толенетін еңбек демалысы кешілдендіріледі. Еңбек демалысын төлеу оның басталғанына дейін үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Демалыс жұмыскерлерге он сегіз календарлы күннен төмен емес ұзақтығымен ұсынылады, егерде басқа одан көп күн жұмыскерлердің жеке категориялары үшін нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық келісімдермен және жұмыс берушінің актілерімен қарастырылмаса. Екі жыл бойы қатарынан еңбек демалысын бермеуге тыйым салынады. Еңбек демалыстарының ұзақтылығы қолданылатын режимдер мен жұмыс графиктеріне байланыссыз, еңбек демалысы күндеріне келетін мейрам күндерін есептеусіз календарлық күндермен есептеледі. Жұмыскердің қалауы бойынша жылдық еңбек демалыс бөлік бойынша берілуі мүмкін. Дара еңбек келісімін бұзған кезде жылдық еңбек демалысына деген өз құқығын пайдаланбаған немесе толығымен пайдаланбаған негіздеріне тәуелсіз түрде жұмыскерге компенсация төленеді.

Дипломдық жұмыс аршығында қозғауға тиісті тағы да бір түсінік – бұл іс – сапарға бару кезіндегі компенсациялардың түрлері мен қызметі іс - сапарының түсінігі.

Іс – сапар болып тұрақты жұмыс орнынан тыс еңбек

міндеттемелерін орындау үшін жұмыс берушінің өкімі бойынша жұмыскердің жол жүруі табылады.

Іс – сапарлардан қызметкерлердің қызмет сапарларын айыру қажет, олардың тұрақты жұмысы жолда жүргізіледі немесе жүру сипатында болады (мысалы, стюардессалар, поездардың проводниктері, курьерлер). Еңбектің мұндай жағдайлары олар үшін қалыпты болып саналады, өйткені жұмыс берушімен келісімде қарастырылған. Кез – келген жұмыскерді іс – сапарға жібере беруге болмайды. Мысалы, жүкті әйелдерді іс – сапарға жіберуден бас тартқан жөн. Іс – сапарға сонымен қағар жасы 18-ге толмаған жұмысшыларды да жіберуге болмайды. Мұнда тек актерлар, әншілер, басқа шығармашылық кәсіптің адамдары, сонымен қағар спортмендер де кірмейді.

ҚР Еңбек Кодексі іс – сапарға бағытталатын жұмысшы үшін белгілі бір кепілдерді қарастырады – жұмыс орнын (қызметін), орташа айлық жалақысын сақтап қалу, қызмет іс – сапарымен байланысты шығындардың орнын толтыру. Барлық іс – сапар шығындары құжатты түрде дәлелденуі керек. Яғни іс – сапардан келгеннен кейін жұмыскер ол бухгалтерияға пайдаланылған көліктің барлық түрлеріне, поездағы төсекке, қонақ үйлерінен, кафелерден, көрмелерден және т.б. түбіртегін тапсыру керек. Барлық құжаттарда мөрлері, күндері, лауазымды тұлғалардың қолдары болуы керек.

Іс – сапарларға жұмыскерлерді бағыттаудың мәселелерін реттейтін нормативті құқықтық акт болып 22.09.2000 жылы ҚР үкіметі қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен ҚР Парламенті депутаттарының мемлекеттік қаражаттары есебінен ҚР шекарасында қызмет іс – сапарлары туралы Ережелер» табылады (әрі қарай – Ережелер). ҚР Еңбек Кодексінің мәні бойынша аталған ережелер тек қана мемлекеттік мекемелермен ғана емес, басқа да жұмыс берушілермен қолданыла алады, егерде олармен іс – сапарларға жұмысшыларды бағыттау тәртібі өз инструкциясымен немесе жұмыс берушінің басқа да актісімен өз бетінше реттелмеген болса. Іс – сапарға жіберілген жұмысшыға «ҚР еңбек туралы»

ҚР заңының 83 бабына сәйкес іс – сапарда болғаны үшін тәуліктілері, бару орны мен қайтуына жолына кеткен шығындары, үйді жалға алғаны үшін шығындар төленеді.

Өрбір пакты жағдайда жұмыскер іс – сапарының ұзақтылығы жұмыс берушімен тапсырмадан шыға отырып орнатылады. Қажет болған жағдайда іс – сапар мерзімі жұмыс берушінің құқығымен созырылуы мүмкін. Ережелердің 3 бабына сәйкес жұмыскерлер іс –

сапарларының мерзімі мемлекеттік мекемелердің басшыларымен анықталады. Бірақта ол жолда болу уақытын есептемегенде 40 күннен аса алмайды. Қызметтік қажеттілік жағдайында іс – сапар мерзімі аталған мекеменің басшысының сәйкес бұйрығымен созырылуы мүмкін.

Кадрлардағы қажеттілікті анықтау әдісі

Кәсіпорынның кадрларға деген қажеттіліктерін жоспарлауы жұмыс уақытының балансын анықтаудан басталады. Жыл сайын әр жұмысшы шысықтауға ниетті нәтижелі жұмыс уақытын жұмыс уақытының балансы көрсетеді. Жұмыс уақытының балансы өндірістік процестердің үзіліс мен үздіксіздігін есепке алып, сондай-ақ демалыс және мереке күндерін есепке ала отырып құрылады.

Жұмыс уақытының болжамды балансы 5.3 кестеде көрсетілген.

5.3-кесте – Жұмыс уақытының болжамды балансы

Жұмыс режимдерінің атауы	Уақыт
Уақыттың күндердің күнтізбелік қоры	365
Жұмыс істемейтін күндер саны, барлығы	168
Мереке күндері	0
Демалыс күндері	168
Уақыттың номиналды қоры	197
Жұмысқа келмеген күндері	46
Кезекті және қосымша демалыстар	30
Оқу демалыстары, біліктілікті арттыру курстары	5
Дерттер	10
Заңнамамен рұқсат етілген басқа жұмыс келмеушілік	0,5
Кәсіпорын әкімшілігі рұқсат еткен жұмыс келмеушілік	0,5
Жұмыс күндерінің саны	151
Жұмыс ауысымының орташа ұзақтығы (күн/түн), сағаттар	12
Үйымдастыру процесстермен байланысты уақытты жоғалты, сағаттар	0,1
Жұмыс ауысымының орташа тиімді ұзақтығы (күн/түн), қорытынды	11,9
Жұмыс уақытының нәтижелі жылдық қоры, сағаттар	1796,9

Өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың санын анықтау кезінде келесі әдістер қолданылады:

- өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы бойынша;
- қызмет көрсету нормасы бойынша;
- басқару нормасы бойынша.

Өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы негізгі өндірістік жұмысшылардың саны есептеледі

$$C_{ж}^n = T_{н.н.} \cdot F_{ж}^n \quad (5.18)$$

мұнда $C_{ж}^n$ – негізгі өндірістік жұмысшылар саны;
 $T_{н.н.}$ – өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы;
 $F_{ж}^n$ – бір жұмыс күні уақытының тиімді қоры.

Қызмет көрсету нормасы бойынша қызмет көрсету персоналының саны есептеледі

$$C_{ж}^k = N_{ж}^k \times \eta^{жк} \quad (5.19)$$

мұнда $C_{ж}^k$ – техникалық (қызмет көрсетуші персоналдың саны);
 $T_{н.н.}$ – өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы;
 $\eta^{жк}$ – жабдықты қызмет ету нормасы ($\eta^{жк} = 2$).

Басқарылу нормасы бойынша әкімшілік-басқарушылық персоналдың саны есептеледі

$$C_{кр}^{жккм} = C_{раб}^{жк} \times \eta^{жккм} \quad (5.20)$$

мұнда $C_{ж}^{жккм}$ – әкімшілік-басқарушылық персоналдың саны;
 $\eta^{жккм}$ – басқарылу нормасы ($\eta^{жккм} = 0,5$).

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорынның табыстылығын бағалаудың салыстырмалы көрсеткіштері.
2. Өндіріс тиімділігін көтеруге салынған инвестицияның мақсаты.
3. Бағалы қағаздың қандай түрінде тұрақты табыс түседі?
4. Кәсіпорында агрегаттардың үлкен бірлік қуат бөлігінің көбеюі қалай сипатталады?

6 Кәсіпорында еңбек ақы төлеу

6.1 Еңбек ақының маңызы және қағидалары

Еңбек ақы – жұмыскерлердің іс жүзінде істеген жұмысы үшін және жұмыс уақытына кіретін уақыт үшін ақшалай және натуральды формада алатын сыйақылар жиынтығы.

Еңбек ақы қажетті өнімнің негізгі формасы болып табылады. Қажетті өнімді еңбек бойынша берілетін төлем (мемлекеттік сектор); жұмыс күші құны бойынша берілетін төлем (кооператив, акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорын); акция дивидендтері; жеке еңбек қызметінен түсетін табыс; тұтынудың қоғамдық формалары, сақтық және мейірімділік қорлары ретінде қарастыруға болады.

Еңбек ақы тікелей еңбек нәтижелерімен байланысқан. Оңтайлы ұйымдастырылған еңбекті төлеу жүйесі жұмыс нәтижелеріне жақсы әсер береді, яғни жұмыскерлердің ынтасын көтереді.

Еңбек ақы – тұтынуға жіберілетін қаржының негізгі бөлігі, ұжымның жұмыс нәтижелеріне тәуелді болатын табыстың бір бөлігі болып табылады және жұмыскерлер арасында істеген еңбек көлеміне және сапасына, салған капитал үлесіне тәуелді бөлінеді.

Еңбекті төлеу қорын қалыптастырудың әртүрлі әдістері бар, оның ішінде әсіресе қолайлы әдіс – нормативті әдіс болып табылады. Бірақ, оны қолданудың бірқатар шарттары бар:

1) нормативтер тұрақты, ұзақ мерзімді болу керек, өндіріс көлемінің өзгеруі ұжымның еңбек жағдайларымен байланысты болмайтын факторлар әсерінен ғана болады;

2) нормативтер жеке емес топтық болу керек.

Экономикасы дамыған елдерде еңбек ақыны ұйымдастырудың икемді тәсілдері қолданылады, яғни еңбек ақы мөлшері шаруашылық қызмет нәтижелеріне, өндіріс нәтижелігіне тәуелді болу керек. Оны ұжымды келісім шарт арқылы іске асыруға болады. Бұл келісім шартта еңбекті төлеу ережелері, еңбек ақы деңгейі мен еңбек нәтижелері арасында тура тәуелділікті белгілеу қажет.

Еңбекті төлеуде ұйымдастыру келісімді көздейді:

- кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбегін төлеу формаларын және жүйелерін анықтау;

- кәсіпорын жұмыскерлерінің жеке жетістіктері үшін қосымша берілетін төлемдердің шарттарын және көлемін анықтау;

- қызметкерлердің лауазымдық жалақылар жүйесін құрастыру;

- жұмыскерлерге сый-ақы берудің көрсеткіштерін және жүйесін дәлелдеу.

Еңбекті төлеу қағидалары:

- шығындар және нәтижелер бойынша төлеу қағидасы;
- өндіріс нәтижелігінің өсуі негізінде еңбекті төлеу деңгейін көтеру қағидасы;
- қоғамдық еңбек өнімділігі өсімінің еңбек ақы өсімінен жоғары болу қағидасы;
- еңбек нәтижелігін өсіруге материалдық мүдделіктің болуы қағидасы.

Дұрыс ұйымдастырылған еңбек ақы жүйесі жұмыскерлерді еңбек өнімділігін өсіруге және біліктілікті көтеруге ынталандырады. Еңбек ақының мәнін қарастырған кезде оның жалдамалы жұмыскерлерге, яғни өз еңбегі үшін ақы алатын адамдарға қатысты екенін ескеру қажет. Ал экономикалық категория ретінде еңбек ақы деген не? сұрағы тууы мүмкін.

Еңбек ақы - бұл жалдамалы жұмысшының табыс алу элементі, өзіне қатысты еңбек ресурсын экономикалық жүзеге асыру нысанының құқығы. Сонымен бірге жұмыс берушіге, яғни еңбек ресурсын өндіріс факторларының бірінің сапасын жақсарту үшін, сатып алушыға жалдамалы жұмысшыларға еңбек ақыны төлеу өндіріс шығындарының элементтерінің бірі болады. Нарықтық экономика жағдайында еңбек ақы көлеміне нарықтық және нарықтық емес бірқатар факторлар әсер етеді. Нарыққа өткеннен кейін еңбек ақыға қатысты жаңа қатынастар пайда болады. Яғни, нарық ресурсы болатын еңбек нарығы пайда болады. Оның субъектілері ретінде мыналар болады: жұмыс беруші (жеке кәсіпкер, біріккен кәсіпкерлер). Олар белгілі еңбек ресурсы санына сұраныс бйдіреді. Сонымен бірге жалдамалы жұмысшылар - еңбек ресурсының меншіктері. Олар еңбек нарығындағы еңбек ресурсының сапалы санын ұсынады. Ал объекті, ол белгілі бір уақыт аралығында сапалы еңбек ресурсы санын қолдану құқығы болады.

Еңбек бірлігінде нарықтық баға – уақыт бірлігіне нақты кәсіби сипаттамасы бар келісім шартқа негізделген және ақы мөлшерлемесі. Марке бойынша жалақы мөлшерлемесі жұмысшы күшінің құнымен анықталады,яғни жұмыс күнін жақсы өндіру үшін қажетті тұтылу тауарлары, қызметтері және өмір қаражаттары. Бірақта қазір нарықтық экономикасы дамыған елдерде жалақы мөлшерлемесі өндіруші минимумынан асып кетеді және ол сол елде, салада нақты сападағы еңбек ақы деңгейінен құрылады. Одан басқа жалақы мөлшерлемесін кейде «теңестіру айырмашылығы» деп айтуға болады – төлемдер, жұмыс орнын ауыстырғандағы айырмашылақтарды көрсетеді.

Жалақының негізгі элементі – жалақы мөлшерлемесі. Бірақта

ол еңбек нәтижесіне әсер ететін жұмысшылардың мүмкіншіліктерін, физикалық күнін, реакциясын ескермейді. Сондықтан жалақы құрылымында тағы бір элементті бөліп айтуға болады, ол өтпелі бөлігі. Ол еңбек қызметінің жеке нәтижесінің өзгешелігін көрсетеді: (сыйақы, қосымша төлем және т. б.) Сонымен бірге табыстың басқа түрлері де бар. Ол жұмысшының нақты кәсіпорында алатын мүмкіншілігі (материалды көмек, бағалы сыйлық, зейнетақы сақтандыруы).

Кәсіпорындағы қызметкерлердің табысы өндіріс шығынының құрамына енетін еңбекақыдан, әлеуметтік және еңбек жеңілдіктері бойынша төленетін ақша төлемдері, пайдадан төленетін сыйақыдан, акциялар бойынша төленетін дивидендтерден және еңбек ұжымы мүшелерінің кәсіпорын мүлігіне салған салымдарынан, натуралды түрдегі өнім құнынан және басқа да табыстардан құралады. Еңбекақы – материалдық игіліктер мен қызмет түрлерін жеке тұтыну қорының бір бөлігі болып табылады, осының негізінде қызметкерлерге олардың еңбегінің сапасы мен санына сәйкес, сонымен бірге оның нәтижелігіне (ұжым еңбегінің нәтижесінде қосқан үлесіне) сәйкес беріледі. Еңбекақы еңбек шарты бойынша орындалған жұмыстары үшін натуралды ақы құны мен ақшалай төлемдердің қосындысы.

Шаруашылық студия кәсіпорнының қазіргі заман жағдайында еңбекақы төлеуді ұйымдастыру бірнеше қағидаларды ескеру арқылы құрылады:

- еңбекақы төлеуді ұйымдастыруда қызметкерлерге еңбекақы төлеудің нысандарын, жүйесін және мөлшерін анықтаудағы кәсіпорынның дербестігі;
- еңбекақы төлеуді мемлекеттік реттеу;
- еңбекақыны еңбек жағдайы мен мекендеген жеріне байланысты дифференциялау;
- еңбектің соңғы нәтижелері жоғары болу үшін қызметкерлердің еңбекке деген материалдық қызығушылықтарын туғызу;
- еңбек өнімділігі осы қарқынының жалақы осы қарқынынан артық болуы.

Жалақының номиналды түрі бар, яғни нақты жалақы мен оның ақшалай мөлшері, сатып алынатын тауарлар мен қызмет түрлерінің нақты көлемі деп түсіндіріледі

!Неопределенная закладка.

Е

$$E_{\text{нақты}} = E_{\text{ном}} / P,$$

мұнда $E_{\text{нақты}}$ - нақты еңбекақы;

$E_{\text{ном}}$ - номиналды еңбекақы;

Р - тұтыну заттары мен қызмет түрлерінің баға деңгейі.

Нақты еңбекақы мөлшеріне сұраныс пен ұсыныс маңызды ықпал жасайды. Жұмыс күшіне сұраныс жоғары болған сайын, нақты жалақы да жоғары болады, ал еңбек ұсынысы жалақы динамикасына кері пропорционалды байланыста болады.

Қазіргі кезде кәсіпорындағы жалақы қорын мемлекеттік реттеу ретіндегі құрал әлеуметтік салық болып табылады. Оны кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер, жеке кәсіпкерлер, жеке адвокаттар мен нотариустар төлейді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбекақы төлеудің екі нысаны қолданылады: кесімді және мерзімді, әрқайсысы өз алдына бірнеше нысандаға бөлінеді.

Кесімді еңбекақы төлеу нысаны кеңінен қолданылады. Ол қызметкерлерде еңбек нәтижесіне, оның өнімділігіне деген материалдық жағынан қызығушылық тудырады, қызметкер біліктілігін жоғарлатуға ынталандырады, жұмыс уақыты мен қондырғыны толықтай пайдалануға жағдай жасайды.

Еңбекақы төлеудің кесімді нысаны төмендегі жағдайларда тиімді болып табылады:

- шығарылымның натуралды өлшемдердегі сандық көрсеткіштері мен еңбек нәтижелерін дәл есепке алу мүмкіншілігі болған жағдайда;
- еңбекті нормалаудың ғылыми түсініктемесі болған жағдайда;
- технологиялық процесті бұзбай нормалардың артығымен орындалуы үшін мүмкіншіліктер құрылған жағдайда;
- тоқтап қалуларды болдырмайтын жұмыс орындарына қызмет көрсетуді нақты ұйымдастырған жағдайда;
- өндіріске сапалы және уақытында техникалық жағынан дайындық жүргізілсе.

Кәсіпорын алдында тұрған техникo-ұйымдастырушылық жағдайлар мен міндеттердің ерекшеліктеріне байланысты кесімді нысанның бірнеше жүйесі қолданылады: тікелей жеке, кесімді-прогрессивті, кесімді-сыйақылы, жанама, ұжымдық және аккордтық.

Жалақының мерзімдік нысаны бойынша жұмыс жасаған уақыты есепке алынады, және жұмсаған уақыты мен біліктілік деңгейіне байланысты болады. Қызметкерлерге жалақысының тарифтік ставкасына сәйкес немесе нақты жұмыс жасаған уақытына бекітілген ақы бойынша есептелінеді. Оны кеңінен қолданатын жағдайлары: еңбекті детальды түрде нормалау мен есепке алу экономикалық жағынан тиімсіз болса, шығарылым қабылданған технологиялық режим бойынша анықталып, бастысы - өнімнің жоғары сапасы болған

жағдайда қолданылады.

Мерзімдік акынның екі түрі бар – қарапайым және мерзімді-сыйақылы.

Кәсіпорындағы еңбекақы беруің форма мен жүйесін өзі әзірлеп, бекітеді. Кәсіпорындағы тарифтік ставкалар мен еңбекақылар мамандығы, жұмыскердің біліктілігі, орындаған жұмыстың күрделілігіне сәйкес еңбекақын саралау үшін бағдарлар ретінде қолдануы мүмкін.

Төлеу жүйесі – бұл еңбектің нақты қол жеткізген нәтижелермен (нормаларға қатысты) сәйкес жұмыскердердің еңбекақыны алуды кепілдік беретін, еңбек нормалардың шегінде және олардан тыс еңбектің шамасын (нормасын) мен оның төленуі нормасын сипаттайтын, және де жұмыскердің жұмыс күшімен бағасымен қызметкер мен жұмыс берушінің арасында келісілген көрсеткіштер арасындағы арнайы өзара байланыс.

6.2 Кәсіпорындағы еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру

Кәсіпорындағы еңбек ақы беруің форма мен жүйесі еңбекақыны төлеуді ұйымдастыруда қажетті элемент болып табылады. Еңбекақы беруің ұтымды нысаны мен жүйесін таңдауы әр кәсіпорын үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық мәнібар. Еңбекті нормалау мен еңбекақыны төлеудің тарифтік жүйесімен өзара алмасып, олар жеке жұмыскерлерге және олардың жұмысының сапалығы, нәтижесі мен санына қарай жұмыскердердің топтарына еңбек төлеудің тәртібін анықтайды.

Адами капиталдың дамуының, жұмыс күшінің тиімді пайдаланудың, персоналды ұтымды басқарудың материалдық негізін шаруашылық жүргізудің әр деңгейінде еңбекақы төлеудің форма мен жүйесі жасайды.

Еңбек үшін төленетін сыйақы және ақыл-ой, дене немесе кәсіпкерлік күшті кетіргені үшін жұмыскерге өтеу кәсіпорында еңбек ресурстарын келтіруге, ұйым немесе фирмада қажетті мамандардың пайдалануы, сақтау және ынталандыруда елеулі рөл атқарады.

Істелінетін жұмыстың күрделілігіне қарай, еңбек жағдайларға (калыпты, ауыр, зиянды, аса ауыр және аса зиянды); істелінетін жұмыстың табиғи-климаттық жағдайларға қарай, қарқындылығы мен сипатына қарай еңбекақының саралау және реттеуі арқылы жүзеге асырылатын нормативтер жиынтығын білдіретін тарифтік жүйе еңбекақының негізі болып табылады.

Тарифтік жүйе өз құрамына келесі элементтерді қамтиды: тарифтік мөлшерлемені; тарифтік торды; тарифтік коэффициенттерін

және тарифтік-біліктіліктің анықтамалықтарды.

Тарифтік жүйе келесі элементтерден тұрады:

- тарифтік-біліктілік анықтамалық (ТБА) – әргүрлі жұмыстардың сипаттамасы және осы жұмыстарды орындайтын жұмысшыларға қойылатын талаптар бар құжат. Әр жұмысқа сәйкес біліктілік разряды көрсетіледі. Бұл құжатты жұмысшылар еңбегін тарифтеу, яғни нақты разрядты беру үшін қолданады.

- тарифтік сетка – бұл тарифтік разрядтар мен оларға сәйкес болатын тарифтік коэффициенттердің шкаласы. Тарифтік коэффициент – әберілген разрядтың ставкасы бірінші разряд ставкасынан қаншаға артық екенін көрсететін шама. Жалпы алғанда 21 разряд бар.

- тарифтік ставка – уақыт бірлігі үшін анықталған еңбекті төлеу шамасы. Тарифтік ставка минимальды еңбек ақы деңгейімен байланысты болады. Ол үкіметпен белгіленеді және инфляцияға байланысты мерзім сайын индексацияланады.

- аудандық коэффициент – жергілікті климаттық және басқа жұмыс шарттарын есепке алады.

- Тарифтік қорға қосымша төлемдерге ТБА мен көзделмеген жұмыс үшін берілетін төлемдер кіреді (түнде жұмыс істеген үшін, оқушыларды оқыту үшін, бригадаға басшылық жасау үшін, жұмыс зияндылығы және т.с.с үшін).

Сағаттық еңбек ақыға қосымша төлемдерге орындалмаған еңбек үшін емес, заңмен белгіленген жағдайлар үшін берілетін төлемдер (1 күн ішінде мемлекеттік, қоғамдық міндеттерді орындау үшін, 1 күн ішінде әкімшілік рұқсатпен алынған демалыстар үшін, кәсіпорын жауапты болған тоқтап қалулар үшін және т.с.с.).

Күндік еңбек ақыға қосымша төлемдер – бұл сағаттық еңбек ақыға берілетін төлемдер сияқты, бірақ бір күннен артық уақыт үшін.

Тарифтік тор бірінші, ең төменгі разрядтан бастап, сағат сайынғы немесе күндізгі тарифтік ставкалары бар кесте болып табылады. Қазіргі таңда жұмыс жағдайларына байланысты сараланатын алтыразрядтық тарифтік торлар қолданылады. Әр торда келісім арқылы немес уақытша жұмыс істейтіндерге екбекақы төлеу үшін тарифтік мөлшерлемермен қарастырылған.

Тарифтік мөлшерлеме - уақыт бірлігінде (сағат, күн, ай) жасалынған белгілі бір күрделілігі бір жұмыс үшін екбекақы мөлшері. Тарифтік мөлшерлеме әрқашан ақша түрінде көрсетіледі, және де оның мөлшері разрядтың жоғарылауына қарай өседі.

Разряд – бұл істелінетін жұмыстың күрделілігі мен жұмыскер біліктілігі деңгейінің көрсеткіші.

Тарифтік мөлшерлеме арасындағы қатынас әр разрядқа қатысты тарифтік торда көрсетілген тарифтік коэффициент арқылы анықталады. Тиісті тарифтік коэффициентті база болып табылатын бірінші разрядтың мөлшерлемесіне көбейткенде сол немесе өзге разряд бойынша еңбекақы анықталады. Бірінші разрядтың тарифтік коэффициенті бірге тең. Екінші разрядтан бастап, жоғарылап, тарифтік тормен қарастырылған ең жоғары разрядтағы максималды шамасына жетеді.

Тарифсіз еңбекті төлеу жүйесі

Бұл жүйе, көбінесе жұмыс орындарға баллдық баға беруге негізделеді. Ол үшін эксперттер тобы берілген жұмыс орынға сипаттама және қойылатын талаптарды белгілейді, нәтижесінде оны баллмен бағалайды. Балл санына қарай жұмыс орындарды жеке класстарға бөледі. Кәсіпорынның жалпы балл сомасын тауып, еңбек ақының жоспарлы қорын есептейді және онім бірлігіне немесе тауар айналымы бірлігіне саналған еңбек ақы мөлшерін есепке алатын коэффициентті анықтайды

$$K_{\text{тар}} = \frac{\text{ФОТ}}{N^*},$$

мұнда N^* - бәсекелестің тауарлық өнімі.

Одан кейін бір баллдың құнын анықтайды:

$$\text{Бір балл құны} = \frac{\text{ФОТ}_{\text{тар}}}{\sum \text{Балл}}$$

Одан кейін әр жұмыс орны бойынша минималды еңбек ақы мөлшерін анықтайды. Ол үшін бір жұмыс орын баллдарының минималды сомасын бір балл құнына көбейтеді. Сосын еңбек ақының жоғарғы мөлшерін табады, ол үшін жұмыс орының максималды балл санын бір балл құнына көбейтеді.

Еңбек ақы пайда бөлігі ретінде анықталады. Әр жұмыскерге белгілі бір балл мөлшері беріледі тіркеледі. Барлық баллдар кәсіпорын бойынша қосылады да бір балға саналған пайда үлесін табады

$$\text{Бір балл құны} = \frac{II}{\sum \text{Балл}}$$

Еңбекақы төлеу формасы – бұл еңбекақы төлеу мақсатында жұмыскермен жасалынған жұмыстың бағалауы кезінде жұмыстың нәтижесінің негізгі есепке алу белгісі бойынша топтастырылған еңбек төлеудің осы немесе өзге классы.

Жұмыс нәтижесі, еңбек нормасы да, түрлі көрсеткіштерде көрсетілуі мүмкін: жұмыс жасалынған уақыт, дайындалған өнімнің (орындалған жұмыс) саны, өндірістік ресурстардың қолдану деңгейі, еңбек өнімділігі. Бұл көрсеткіштер заттай, құндық немесе шартты (шартты-натуралды) өлшеуіштерге ие болуы мүмкін және олар жеке де, топтық (ұжымдық) та еңбек нәтижесін сипаттауы мүмкін.

Еңбекақы төлеудің екі негізгі формасы бар: мерзімдік және келісімді

Мерзімдік – бұл нақты жұмыс істеген уақыты үшін белгіленген мөлшерлеме немесе оклад бойынша жұмыскерге есептелген еңбекақы кезіндегі еңбекақы төлеудің формасы.

Келісімді – қолданыстағы баға негізіндегі нақты орындалған жұмыс көлемі (дайындалған өнім) үшін еңбекақы төлеудің формасы.

Еңбекті төлеудің айлықтар жүйесі.

Бұл кәсіпорында белгіленген лауазымдық айлықтар негізінде берілетін ақша. Кәсіпорындағы жылдық еңбек ақы мөлшері келесі түрде табылады:

Европада сыйақылар еңбек ақының 50 % дейін құрайды, АҚШ-та 400 % ға дейін. Олар акциялар немесе басқа бағалы қағаздар пакеттері түрінде берілу мүмкін.

Еңбек ақы формалары және жүйелері.

Еңбек ақыны берудің 2 формасы бар:

- кесімді: еңбек ақы деңгейі шығарылған өнім көлеміне тәуелді болады. Бұл форма бойынша еңбек өнімділігін өсіру ынталандырылады, бірақ өнім өндіру нормаларын және кесімді еңбек бағаларын есептеуді қажет етеді. Еңбек бағасы – бұл өнім бірлігі үшін берілетін еңбек ақы деңгейі.

$$P_{co} = \frac{\text{Тарифтік ставка}}{\text{Онім өндіру нормасы}}$$

$$P_{co} = \text{Тарифтік ставка} \cdot \text{Уақыт нормасы}$$

Кесімді еңбек ақы формасының 5 түрлі жүйесі болуы мүмкін:

- тура кесімді: еңбек ақы орындалған жұмыс мөлшеріне тура пропорционалды;

- кесімді-сыйлықты: қандай да бір шартқа байланысты қосымша

сый-ақы беріледі. Сыйақы негізгі еңбек ақыдан пайыз түрінде белгіленеді;

- кесімді-прогрессивті: еңбек бағасы деңгейі прогрессивті шкала бойынша өсіп отырады;

- кесімді-жанама: бұл жүйе бойынша негізгі өндіріске қызмет көрсететін жұмысшыларға еңбек ақы беріледі. Еңбек ақы жұмысшының жеке еңбегіне қарай емес, ол қызмет көрсететін бөлімшенің жалпы нәтижесіне тәуелді болады;

- аккордты: келісім бойынша еңбек ақы жалпы орындалған жұмыс үшін беріледі. Көбінесе, ерекше немесе авариялық жағдайларда қолданылады. Мерзімді: еңбекті істеген уақытқа қарай береді, яғни тарифтік ставканы істеген уақытқа көбейтеді. Екі жүйесі болады:

- карапайым мерзімді;

- мерзімді -сыйлықты.Кесімді –сыйлықты сияқты негізгі еңбек ақыға сыйақы деңгейі қосылады.

Бақылау сұрақтары

1. Еңбек ақының қандай формаларын білесіз?
2. Еңбекті төлеуді ұйымдастыру қандай қағидаларға сүйенеді?
3. Мемлекет еңбекті төлеу процесіне қалай реттеу жұмысын жүргізеді?
4. Кесімді еңбекті төлеу формасын қолданудың шарттарын және мысалдарын көрсетіңіз?

7 Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі

7.1 Инвестициялар: мәні және түрлері. Инвестициялық қызметінің субъектілер мен объектілері. Инвестицияны қаржыландыру көздері

Инвестициялар – пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне капитал жұмсау. Мақсатына және мерзіміне қарай инвестициялар келесі топтарға бөлінеді:

- қоржынды – бағалы қағаздарды сатып алу және оларға басқару жүргізу.

- венчурлық – жаңа қызмет өрістеріне немесе жаңа өнімдерге жұмсалатын қаржы

- тура – шаруашылық жүргізуші субъектілерінің жарғылық капиталына жасалынатын салымдар

- аннуитеттер – сақтандыру және зейнетақы қорларына жасалынатын салымдар.

Жалпы алғанда инвестициялар қоржынды және нақты болып бөлінеді.

Нақты инвестициялар келесі түрде бөлінеді:

- мүлікке – күрделі шығындар;

- материалдық емес (кадрларды даярлау, жарнама, зерттеулерге, құрастыруларға).Формасына қарай инвестиция түрлері:

- ақшалай немесе оған эквивалентты қаржымен;

- жер қорымен;

- гимараттармен, құрылыстармен, жабдықпен немесе басқа мүлікпен;

- ақшалай саналған мүлік құқықтарымен (патент, сауда маркалары, лицензия).

Инвестиция көздері:

- кәсіпорынның өзіндік қаржысы (пайда, амортизация, сақтандыру қоры);

- келтірілген қаржы (акция, облигация, бағалы қағаздар сату);

- қарызды қаржы (несие, облигациялық қарыз, шетел банктердің, ұйымдардың несиелері, сақтандыру және зейнетақы қорларының несиелері);

- жоғары тұрған холдингпен, қаржы-өнеркәсіптік топтармен берілетін қаржы;

- мемлекеттік бюджет пен қаржы қорларынан тегін салымдар;

- шетел инвестициялары.

Инвестициялау қағидалары:

1) «замазка» кағидасы. Инвестиция тиімділігін алдын-ала анықтау;

2) адаптациялық шығындар кағидасы. Жаңа инвестициялық ортаға бейімделу шығындары;

3) мультипликатор кағидасы. Салалардың байланысын ескеру;

4) Q кағидасы. Қатаң реттеу жүргізілмейтін кәсіпорындарда қолданылады. Инфляцияны, тәуекелді, қайтарып алу мерзімін және капитал салу шарттарын есебке алу.

Инвестицияларды жасау нәтижелері: экономикалық, техникалық, әлеуметтік, экологиялық, саяси

Күрделі шығындар – өндірістік қорлардың құнын өсіруге жіберілетін салым

Күрделі шығын түрлері:

- ескі – іс жүзінде істейтін негізгі қорлар құны (K_e);

- жаңа – жаңа жабдықтың құны; бағасы, жеткізу және орнату құны, модернизация шығыны, жобалауға, құрылысқа және айналым қаржыны өзгертуге кеткен шығындар.

$$K_n = K_n + K_m + K_p + K_c \pm O$$

$$K_n = K_{\text{жоба}} + K_{\text{қос}}$$

мұнда $K_{\text{қос}}$ – қолданылған күрделі шығындар.

$$K_{\text{қос}} = K_n - K_e$$

Инвестиция тиімділігін анықтағанда келесі көрсеткіштер анықталады:

- коммерциялық тиімділік көрсеткіштері – тікелей қатысушылар үшін нәтижелерді сипаттайды;

- бюджеттік тиімділік көрсеткіштері – мемлекеттік, жергілікті бюджетке әсерін сипаттайды;

- экономикалық тиімділік көрсеткіштері – қатысушылардың аймақтың жалпы елдің тура мүддесіне қатысты болатын жоба бойынша шығындар мен нәтижелерді сипаттайды.

1) Классикалық әдіс:

Күрделі шығындардың абсолютты нәтижелігін күрделі шығындар тиімділік коэффициенті сипаттайды

$$E = \frac{\Pi}{K}$$

мұнда П – пайда;

К – күрделі шығын

Салыстырмалы экономикалық тиімділік көрсеткіштері бірнеше вариантты салыстыруға мүмкіндік береді. Ол үшін келтірілген шығындар формуласы қолданылады:

$$C + E_n \cdot K \rightarrow \min$$

$$K + T_n \cdot C \rightarrow \min$$

мұнда С – жылдық өзіндік құн.

E_n – экономикалық тиімділіктің нормативты коэффициенті;

К – күрделі шығындар;

T_n – ақталу мерзімі.

Тиімді вариантты іске асырудың экономикалық нәтижесі келесі формула бойынша табылады

$$\Delta = (C_1 + E_n \cdot K) - (C_2 + E_n \cdot K_2)$$

Ақталу мерзімі: $T_a = (K_2 - K_1) / \Pi(Y_j)$

Жылдық экономикалық үнем: $Y_j = (C_1 - C_2) \cdot B_2$

2) Дисконттау әдісі:

Инвестициялар кәсіпорын қызметіне ұзақ уақыт ішінде әсер етеді. Шығындарды мен нәтижелерді белгілі бір уақыт шектерінде бағалайды, оны есептеу горизонты (Т) деп атайды. Осы есептеу горизонтын құрайтын уақыт аралықтары (бірліктері) есептеу кадамдары деп аталынады. Есептеу горизонтының ұзақтығы келесі факторларға тәуелді болады:

- объектіні жасау және қолдану ұзақтығы;
- негізгі технологиялық жабдығының қызмет ету мерзімі;
- алдын ала белгіленген пайда сипаттамаларына жетуіне қарай;
- инвестор талаптары.

Барлық шығындар бастапқы және ағымдағы болып бөлінеді. Есептеулерге қолданылатын бағалар келесі болуы мүмкін:

- базистік – белгілі бір уақыт мерзімінде халық шаруашылығында қалыптасқан бағалар. Олар бүкіл есептеу мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады (C_0);

- болжамды бағалар – баға динамикасын болжау негізінде белгіленеді. Үнемі түзетіліп отырылады (инфляцияны есебке алмай)

$$\Pi_n = \Pi_0 \cdot I_{\text{отт},t}$$

мұнда $I_{\text{отт},t}$ – t есептеу қаламында бастапқы t_0 мерзімімен салыстырғанда өзіндік құнның өзгеру индексы;

есепті баға – инвестирлеу нәтижелерін инфляцияны есепке алып есептегенде қолданылады

$$\Pi_p = \Pi_n \cdot I_{\text{инф},t}$$

мұнда $I_{\text{инф}}$ – инфляция индексы.

Инфляция – экономикадағы немесе жеке қор түріне бағалардың өсуі.

$$I = \frac{\Pi_n - \Pi_{\text{от}}}{\Pi_{\text{от}}}$$

Инвестициялар ұзақ уақыт бойы кәсіпорын қызметіне әсер етуіне байланысты барлық шығындарды және нәтижелерді бастапқы мерзім бағаларына келтіру қажеттігі туындайды. Ол үшін дисконттау коэффициенті қолданылады:

$$\alpha_t = \frac{1}{(1 + E)^t}$$

мұнда t – есептеу қадамы.

E – дисконт нормасы, капиталға саналған пайда нормасына тең. инвестор өздігінен белгілейді. Ол үшін банк депозиттерінің пайызына, ірі сенімді фирмалар акцияларының дивиденд пайызына, өндіріс рентабельділігіне назар аударылады.

Дисконттау әдісі бойынша келесі көрсеткіштер анықталады:

ТКТ – Таза келтірілген табыс (NPV);

ТИ – табыстылық индексы;

ТИИ – Табыстылықтың ішкі нормасы;

T – ақталу мерзімі.

ТКТ (NPV).

$$TKT = \sum_{t=0}^T (R_t - 3) \cdot \frac{1}{(1 + E)^t}$$

мұнда T – есептеу горизонты;

t – есептеу қадамы;

R_t – t қадамында инвестициялаудың нәтижесі;

Z_t – t қадамы бойынша болған шығындар.

Сонымен қатар келесі формула қолданылады

$$TKT = \sum_{t=0}^T (R_t - Z_t) \frac{1}{(1+E)^t} - H$$

мұнда t - қадамы бойынша инвестицияларсыз болған шығын көлемі

$$H = \sum H_t \frac{1}{(1+E)^t}$$

мұнда t - қадамында инвестицияларды дисконттау.

Егер $TKT > 0$, онда жоба тиімді деп саналады;

1) ТИ (PI)

$$TI = \frac{1}{H} \cdot \sum (R_t - Z_t) \frac{1}{(1+E)^t}$$

Егер $TI > 1$, онда жоба тиімді;

2) ТИТ (IRR) Келесі теңдеу бойынша табылады

$$\sum_{t=0}^T \frac{(R_t - Z_t)}{(1+E_{ин})^t} = \sum_{t=0}^T \frac{H_t}{(1+E_{ин})^t}$$

мұнда $E_{ин}$ – келтірілген нәтиже шамасы келтірілген күрделі шығындарға тең болғандағы дисконт нормасы.

Егер $E_{ин} > E$, онда жоба тиімді;

3) T – жобаны бастау уақытынан бастап жалпы интегралды нәтиже оң сан шыққанға дейінгі минимальды уақыт

$$T = \frac{H}{\Pi}$$

Егер $T \rightarrow \min$, онда жоба тиімді.

Жобаның коммерциялық нәтижелігі қаржылық шығындарды

табыстылық нормасын қамтамасыз ететін нәтижелерді салыстыру арқылы анықталады.

$$E = \text{Нәтиже/Шығындар}$$

Әр қаламдағы нәтиже ретінде нақты акшаның ағыны қолданылады.

Жобаны іске асырғанда 3 түрлі қызметті бөліп көрсетеді:

1) инвестициялық – негізгі қорлар құнының өзгерісімен байланысты;

2) операциялық – кәсіпорынды басқарумен және ағымдағы шығындармен байланысты;

3) қаржылық – бағалы қағаздар қоржынымен байланысты.

Қызметтің әр түрі акшаның кетуімен және шығуымен байланысты болады.

$$\Phi_i = P_{(i)} - O_{(i)}$$

мұнда P – акшаның түсімі.

O – акшаның шығыны.

Φ – нәтиже.

Нақты акша тасқыны деп инвестициялық және операциялық қызметтен түскен акша мен шығындар арасындағы айырманы айтады.

$$\Phi = \sum (P_{(i)} - O_{(i)})$$

Нақты акша сальдосы – бұл барлық үш қызмет түрі бойынша акша түсімдері мен шығындары арасындағы айырма.

$$\Phi = \sum_{i=1}^3 (P_{(i)} - O_{(i)})$$

Негізгі шарт – аталған көрсеткіштер оң сан шығу керек.

Белгісіздікті және тәуекелді есепке алу.

Белгісіздік деп ақпараттың жетпеуін немесе толық еместігін айтады. Тәуекел кәсіпкердің өз қаржысын жоғалту ықтималдылығын көрсетеді.

Белгісіздік пен тәуекелдің келесі түрлерін ескеру қажет:

1) экономикалық заңдылық, ағымдағы экономикалық жағдай, инвестиция жасау жағдайлары;

- 2) сыртқы экономикалық тәуекел;
- 3) саяси жағдай тұрақсыздығы, қолайсыз әлеуметтік-саяси өзгерістер;
- 4) бағалардың валюталық курстарының өзгеруі, нарық конъюктурасының өзгеруі;
- 5) табиғи-климаттық факторлар;
- 6) өндірістік-технологиялық тәуекел.

Тәуекелді арнайы экономикалық-математикалық әдістер көмегімен компьютермен есептеуге болады.

Егер тәуекел ықтималдығы белгілі болса, инвестициялардан болатын жалпы нәтиже математикалық күтім формуласы бойынша анықталады

$$\mathcal{E} = \sum_{i=1}^N \mathcal{E}_i \cdot p_i$$

мұнда \mathcal{E}_i – іске асырудың i -й шарты бойынша интегралды нәтиже.

p_i – i -й шарттың іске асу ықтималдылығы.

Жобаны таңдау белгілері: максаты, сыртқы және экологиялық белгілер, жобаны іске асыратын инвестордың белгілері, ғылыми-техникалық белгілер, коммерциялық белгілер, өндірістік белгілер, нарық белгілері, аймақтық ерекшеліктерді есепке алатын белгілер.

Негізінде табыс алу мүмкіндігі болатын кез келген мүлік, сондай-ақ материалдық және материалдық емес құндылықтардың барлық түрлері инвестициялық ресурстар болып табылады.

Инвестициялардың бастапқы ең алғашқы формасы ақшалық каражат болып келеді. Экономикалық қызмет кезінде инвестициялар өзінің ақшалай формасын сақтайды немесе материалдық және материалдық емес инвестицияларға өзгереді. Атлаған процесс бірнеше рет қайталануы мүмкін және инвестициялардың қайталанатын айналымын білдіреді.

Кәсіпкерлік объектілеріне немесе қызметтің басқа түріне инвестициялық каражатты енгізу процесі және ұйымдастырушылық іс-қимылдардың жиынтығы инвестициялық қызмет деп аталады.

Инвестициялық қызметтің ұйымдастырушылық жағының маңызы инвестициялық ресурстардың болуынан кем болады.

Инвестициялық қызметтің табысты ұйымдастыру үшін халық шаруашылығы экономикасы шеңберінде мемлекет деңгейінде арнайы қаржы институттар құрылады:

- ұлттық банк;

- екінші деңгейдегі банктер;
- даму банктері;
- қаржы компаниялары;
- инвестициялық қорлар;
- лизингтік компаниялар;
- қор биржалары.



7.4-сурет – Инвестициялық ресурстардың құрамы

Жеке шаруашылық жүргізуші субъектінің бөлімінде пренестің ұйымдастырушылық жағы кәсіпорынның жоспарлы-экономикалық және өндірістік қызметі арқылы, сондай-ақ сыртқы ұйымдар (инжинирингтік компаниялар, консалтингтік фирмалар) тартылуы мүмкін.

Әрбір инвестициялық қызмет субъект пен объектінің бар болуын талап етеді.

Инвестициялық қызмет деп қандай да бір қызметтің объектілеріне инвестициялық ресурстарды салатын экономикалық агенттерді айтады. Инвестициялық қызметтің объектілері ретінде инвестициялық ресурстарды салуға болатындарды айтады.

Инвестициялық қызметтің басым объектілері ретінде болуы мүмкін:

- жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар;
- негізгі қорлар;

- істеп тұрған қуаттардың қайта құру, жаңғырту, кеңейту және техникалық қайта жарактандыру;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- жаңа технологиялар;
- инновациялар;
- айналым құралдары;
- адами капитал.

Өр мемлекеттік экономикасында инвестициялар маңызды рөл атқарады, бөлін айтқанда олар өндірістік ресурстардың жаңарту және ұлғайтуына әсер тигізеді, сондай-ақ экономикалық өсімнің қолдап, қарқынын арттады.

Егер экономикалық механизмге өндіру, бөлу және тұтыну жүйесі ретінде қарасак, онда инвестицияларға негізінен өндірістің рөлі жатады. Заманауи өндіріске тұрақты түрде өсіп жатқан капитал сыйымдылығы мен ұзақ мерзімді факторлар рөлінің жоғарулы жатады. Ұзақ мерзімді факторларға осылар жатады:

- ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқыны;
- бәсекелестік және оның даму қарқыны;
- табиғи ресурстардың саны және сапасы;
- еңбек ресурстарының саны және сапасы.

Өндірістің материалдық негізі болып негізгі қорлар табылады.

Негізгі қорлардың құруы мен жүзеге асыруына деген инвестициялар капитал салымы ретінде орындалады. Кәсіпорын сәтті түрде жұмыс істегендей, өнім сапасын жоғарылату, өндірістің қуатын кеңейту, және өз өнімінің бәсекелестік қабеліттілігін арттыру үшін ол өз капиталын салып қана қоймай, оны тиімді түрде жүзеге асыруы қажет.

Инвестициялар осы арқылы қаржыланады:

Инвестиция финансируется за счет:

- меншікті қаржылық ресурстар (найда, амортизация, жинақ);
- қарыз қаражат (облигациялық қарыздар, банктік несиелер);
- тартылған қаржылық қаражаттары (акцияларды сату, пай жарналары);
- кәсіпорын одағының ақшалай қаражаты;
- мемлекеттік бюджеттен инвестициялық қаржы болу;
- қайырымдылық қорлардың гранттары;
- шетелдік инвестициялар;

Сыртқы қаржыландыру кәсіпорынға сырттан ақшалай қаражат түсетінің көздейді. Осы қаражат осылардан түсуі мүмкін:

- кәсіпорынның қазіргі кезде иелерінен немесе жаңа өнім берушілерден, сондай-ақ бағалы қағаздардың (сыртқы өзіңдік

қаржыландыруды) эмиссиясынан кейін;

- сыртқы инвесторлардан (сыртқы қарыздық қаржыландыру).
Бұл қаржыландыру несиелікті қамтиды.

Ішкі қаржыландыру кезінде ақшалай қаражат келесі қайнар көзден түседі:

- меншікті пайда (ішкі қаржыландыру);
- кәсіпорынға тікелей қатысы жоқ ұзақ мерзімді аударымдардың қолдануы (ішкі қарыздық қаржыландыру). Ұзақ мерзімді аударымдарға кәсіподақ қорлар жатуы мүмкін.

Қазіргі жағдайда кәсіпорын қызметін қаржыландыру шенберінде ең көп таралуын несие алды.

Несие ақылылық және қайтарымдылық жағдайлардағы ақша қозғалысына байланысты қарыз алушы мен несие беруші арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Аталған принциптер кәсіпорын және банк үшін тең ұтымдылықты қоздейді. Қарыз алушы несиеді белгілі бір мерзімге қайтарымды негізде алады. Проценттің нарықтық нормасын негізге ала отырып, несие беруші қарыз алушыға қаражатты уақытша беруінен шығындарды толықтырады. Пайыздық ставкалардың үлкендігі несиелік ресурстарға деген сұраныс және ұсыныс әсерінде тұр. Әсер тигізетін басқа да факторлар бар:

- депозит бойынша пайыздық шама;
- басқа коммерциялық банктерде ұзақ мерзімді несиеді алу мүмкіндігі;

- қарыз алушымен әріптестік қатынастар сипаттамасын несие берушімен ескеру;

- қарыз алушының қаржылық жай-күйі.
- табысты неғұрлым тиімді алу мақсатында банктердің басқа активтеріне инвестиция салудың баламалы нұсқаларын ескеру;

- банкпен несиелендірудің ықтимал тәуекелін ескеру, негізінен инновациялық жобаларды қаржыландығанда;

Кәсіпкерлік қызметті несиелендірген кезде коммерциялық банктер келесі міндеттерді орындайды:

- нәтижелерді жобаларды іріктеуді және жүзеге асыру;
- тұтынушылар өтініміне жедел реттеу;
- инвестициялық салада мақсатты бағдарламалардың орындалуын ынталандыру;

- максималды табыс алу мақсатында қаржы ресурстардың ұтымды орналастыруы.

Кәсіпкерлік қызметте ұзақ мерзімді несие беру объектісі ретінде осылар болады:

- жаңа құрылыс;

- кеңейту;
- қайта жаңарту;
- жаңғырту;
- техникалық қайта жарақтандыру;
- ғылыми-техникалық өнімін шығару.

Инвестициялық жобаның қаржы жоспары.

Қаржы – кәсіпорынның ақша жиынтығы және оларды қалыптастыру, бөлу және қолдану жүйесі.

Қаржы көздері: жеке жинақтар, акционерлі капитал, пайлық салымдар, ұзақмерзімді несие, инвестициялар, бюджеттік ақша.

Қаржы жоспары кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және ликвидтілігін қамтамасыз ету үшін қолданылады. Қаржы жоспарының үш түрі бар: оперативті (1 жылға дейін), ағымдағы (1 жыл), перспективті

Қаржы жоспарына келесі құжаттар жатады:

- табыстар мен шығындар жоспары (кәсіпорын пайдалылығын көрсетеді);
- несиелік жоспар (қарызды қолдануды сипаттайды);
- ақша ағындарының жоспары (ликвидтілікті қамтамасыз етеді);
- кәсіпорын балансы (кәсіпорынның қаржы жағдайын сипаттайды).

Кәсіпорын балансы активтерден (кәсіпорын меншігіндегі мүлік) және пассивтерден (қаржы көздері) тұрады. Олар бір-біріне тең болу керек.

Кәсіпорын активтері ликвидті (айналым қаржы) және ликвидті емес (негізгі капитал) болып бөлінеді.

Баланс бойынша келесі көрсеткіштер анықталады:

1) айналым қаржының ликвидтілігі – кәсіпорынның қажет уақытта қарыз қайтаруға қабілетін көрсетеді:

- абсолютты ликвидтілік коэффициенті;

$$K_{ал} = \frac{\text{Ақша/қысқа мерзімді міндеттемелер}}{\text{Қарыз}} \geq 0.5;$$

- ликвидтілік коэффициенті:

$$K_{л} = \frac{\text{Ликвидті активтер} - \text{өндірістік қорлар}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} \geq 1.0;$$

- ағымдағы ликвидтілік коэффициенті:

$$K_{ағ} = \frac{\text{Ликвидті активтер}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} \geq 2;$$

2) автономия коэффициенті – кәсіпорынның қаржылы дербестігін сипаттайды:

$$K_{а} = \frac{\text{Өзіндік капитал}}{\text{Баланс сомасы}} \geq 0.5$$

3) қарызды және өзіндік капиталдың ара-қатыс коэффициенті:

$$K = \frac{\text{Ұзақ және қысқа мерзімді қарыз}}{\text{Өзіндік капитал}} \leq 1;$$

4) капитал рентабельділігі:

Қаржының жаңа түрі ретінде лизингты айтуға болады – жалдың ерекше түрі.

Лизинг – мүлік иесі мен жалға алушы арасында мүлікті белгілі бір мерзімге беру, ол үшін рентаны төлеу және, көбінесе, амортизация мерзімінің аяғында мүлікті толығымен өзіне алу жөнінде келісім шарт.

Лизинг пен жал арасындағы айырмашылықтар:

лизингте толық амортизация төленеді;

лизинг өнімді өткізудің бір түрі ретінде қолданады;

лизинг мерзімі келісімде тіркеледі және одан бас тартуға болмайды (жалдан бас тартуға болады).

Лизинг формалары:

1) оперативты лизинг: келісім мерзімі амортизация мерзімінен әлдеқайда кем (жалға ұқсас);

2) қаржы лизингі: Келісім мерзімі амортизация мерзіміне жақын немесе тең болады. Оның түрлері:


- тура (қарапайым) лизинг.

7.2 Кәсіпорынның инновациялық қызметі: маңызы және міндеттері

Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі кезеңі индустриялық елдердің экономикалық дамуына елеулі жаңа сәттерді енгізді. Оларда елдің халық шаруашылығындағы барлық өндірістік аппараттардағы кең ауқымды жаңғыртуының қажеттілігімен туындалған өндірістің ғылымды қажетсінетін салалар комплексінің қарқынды өсуі байқалады. Тәуекел кәсіпкерліктің теңжеңиясы төлемге қабілетті сұраныстың қанықтыруымен, өнімнің бұқаралық стандарттаумен, әртараптандыруымен ерекшеленеді. Бұл ретте өндірілетін өнім номенклатурасының жаңғыртуы айтарлықтай жылдамдайды, сондай-ақ ұлттық өнімде оның үлесінің тиісті артуы жағдайда қызмет көрсету саласы өсуде. Осы жағдайда кәсіпорынның экономикалық механизміне 7.5-суртке сәйкес жаңа талаптар қойылады, олар – өндірістік процестің икемділігі, ғылым мен техниканың дамуы, сұраныс құрылымы бағыттарының өзгеруіне тез және шығынсыз жауап қайтару.

Өндірістік қатынастар жүйесінде ғылыми-техникалық прогресті жылдамдыруға, экономикалық жаңалықтардың жедел қабылдауына тікелей әсер тигізетін шаруашылық механизмі элементтерінің талдауы үлкен қызығушылық тудырады. Бұл ретте ең алдымен сол немесе өзге инновациялық жобаны жүзеге асыруының қатысушыларының

шығармашылық әлеуетін толық өрістетуге ықпал ететін шаруашылық формаларға көңіл аудару қажет. Осы міндетті орындау үшін шаруашылық дербестік пен орындаушылардың жауапкершілігімен қосылған менеджерлердің жұмыстың соңғы нәтижелеріне деген қызығушылық жоғары болуы тиіс.



7.5-сурет – Кәсіпорынның экономикалық механизміне қойылатын сыртқы факторлар мен заманауи талаптар

Кәсіпкерліктің инновацияға жылжу, 7.6 суретке сәйкес, «инноватика» деген ғылыми білімнің жаңа облысы болуда, ал өндіріс процеске енгізілген және экономикалық нәтижелерді әкелген жаңашылдық «инновация» болып табылады.



7.6-сурет – Экономикадағы инновациялық процестер дамуының тұжырымдамалық тенденциялары

Инновацияларды іске асыру кезіндегі орын алатын ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістердің жиынтығы инновациялық процесс болып табылады.

Инновациялық процесс, біздің ойымызша, макро – және микро деңгейлерде қарастырылуы мүмкін. Макродеңгейде инновациялық процесс келесі аспектілерді қамтиды:

- жаңашылдықтарды құру;
- жаңашылдықтарды диффузия (тарату);
- инновациялық кәсіпкерлік құрылымдарды құру;
- инновацияларды құру;
- инновацияларға қарсылық таныту, және оған адам мен қоғамның бейімделуі.

Микродеңгейде инновациялық процесс – келесі кезеңдерлі қамтитын идеяның тауарға айналдырудың дәйіскті процесі:

- іргелі зерттеулер;
- қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- нарыққа енгізу;
- нарықты кеңейту;
- өнімнің «жетілді».

Өмірлік циклінің уақытша кезеңдері тұрғысынан, микродеңгейде инновациялық процестің моделі 7.5 және 7.6 суреттерге сәйкес ұсынылған.




7.7-сурет– Инновациялардағы өмірлік циклінің уақытша кезеңдері

Іргелі зерттеулер жаңа ғылыми білімді алуға және барынша елеулі заңдылықтарды табуға бағытталған. Іргелі зерттеулердің негізгі құрамдас элементтері болып келеді:

- теориялық зерттеулер – осы зерттеулердің нәтижелері ғылыми жаңалықтарда, жаңа ұғымдар мен түсініктердің негіздеу кезінде, жаңа теорияларды құрған кезде білінеді;

- Үздестіру зерттеулер – жаңа қағидағтарды ашу, идеялар мен технологияларды құруды көздейтін зерттеулер;

- эксперименттік зерттеу жаңашылдықтар концепциясының әзірлеуінде және оның техникалық жүзеге асыруын бағалауында жасалынады.



7.8-сурет – Иновациялық процесстің параллель-тізбекті кезеңдері

Қолданбалы зерттеулер иновациялық процесстің теориядан практикаға көшуін білдіреді. Қолданбалы зерттеулер осыларды қамтиды:

- ғылыми-зерттеу жұмыстары – болашақ өнімнің эскиздік модельдеуі мен оның конструкторлық пысықтауын қамтиды;

- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – ғылыми зерттеулердің қорытынды кезеңі, зертханалық жағдайлар мен тәжірибелік өндірістен өнеркәсіптік өндіріске жүйелік көшуі.

Оз кезегінде тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар қамтиды:

- иновациялық өнімнің қолданыстағы моделін әзірлеу;

- арнайы зертханалық сынаулар;

- тәжірибелі үлгіні (прототип) әзірлеу.

Иновациялық қызмет нәтижелерінің практикалық іске асыру нарықтық кезеңде іске асырылады.

Практикада қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау теріс нәтижелерді алудың жоғары ықтималдықпен байланысты және ғылыми-зерттеу жұмыстарға қаражатты салғанда шығындар тәуекелділігі пайда болады.

Нарыққа енгізу серия алдындағы өндіріспен, толықтырыламен, өндірістік сынақтармен, сариялық өндірістің басталуыменен, өнімнің

сертификациясымен орындалады. Болашақта нарық кеңеюдің келесі сияқты инструменттері қолданылады:

- жарнама;
- сұраныстардың зерттеуі және қалыптастыру;
- сатылғаннан кейінгі қызмет;
- қосымша қызметтер;
- персоналды оқыту.

Онім жетілуі – сатудың тұрақтандыруы мен нарықтың толығымен сипатталады.

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорынның инвестициялық қызметін түсіндіріңіз
2. Инновацияның мәні неде?
3. Ресурстық, бағалық және «орталар» факторларын сипаттаңыз.
4. Микродеңгейде инновациялық процесс.

8 Өнімді өндіру және өткізу шығындары

8.1 Шығындар түсінігі, түрлері және құрамы

Шығындар – кәсіпорын шығындарының бар жиынтығы.

Өзіндік құны – өнімді өндіру және қызмет көрсету үшін шығындар.

Шығындардың талдау және есепке алу мақсатында кәсіпорындарда шығындардың жіктеу топтары әзірленеді:

1) экономикалық элементтер бойынша шығындар топтастыру:

- материалдық шығындар;
- еңбекақы төлеу үшін шығындар;
- әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік салық үшін шегерім;
- негізгі қаражаттың амортизациясы;
- басқа шығындар (үстеме шығыстар).

Осы шығындар топтастыру өндіру үшін қажет жалпы шығындар сметасын әзірлеуге мүмкіндік береді, бірақ өнім бірлігіне қатысты шығындарды анықтауға мүмкіндік бермейді (көпноменклатурлық өндіру кезінде):

2) калькуляция баптары бойынша шығындарды топтастыруы:

- шикізат және негізгі материалдар;
- қайтарылған қалдықтар (шегеру);
- сатып алынатын және құрастырушы бұйымдар, жартылай

фабрикаттар:

- отын және технологиялық қажеттіліктер үшін энергия;
- негізгі және қосымша жалақы;
- әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік салық үшін шегерім;
- үстеме шығыстар (өндірісті дайындау және игеру үшін

шығыстар, цехтық шығыстар, жабдықтарды пайдалану жөніндегі шығыстар).

Калькуляция баптары бойынша шығындарды топтастыруы олардың пайда болған жері бойынша топтастыруы мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде үлестік шығындар мен өндірілген өнімнің бірлігіне деген бағаны анықтауға мүмкіндік береді:

3) технологиялық процеске қатысты шығыстар:

- негізгі шығындар, өндірістік процеспен тікелей байланысты;
- үстеме шығыстар, өндірісті ұйымдастыруымен, басқаруымен

және қызмет көрсетуімен байланысты;

4) өнімнің өзіндік құнына жатқызу тәсілі бойынша:

- тікелей шығындар;
- жанама шығындар;

5) өндіріс көлемінің өзгеруіне қатысты:

- шығындар шартты – тұрақты, өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты емес;

- айнымалы шығындар, өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты;

6) дәрежесі бойынша орғашалау бойынша шығыстарды топтастыру::

- жалпы шығындар;

- өнім бірлігін шығаруға қатысты шығындар;

7) шығындарды топтастыру:

- технология немесе өндірісті ұйымдастыруға қатысты шығыстар;

- технологиялық процестерден ауытқу салдарынан пайда болатын шығыстар;

8) жоспары қамту мүмкіндігінше:

- жоспарланған шығындар;

- іс жүзіндегі шығындар;

9) шығындар пайда болу жері бойынша:

- негізгі өндірістің шығындары;

- көмекші өндіріс шығындары;

- цех бойынша шығындар;

- учаске бойынша шығындар;

10) қазіргі заманғы шығындарды топтастыруы:

- өндірістік өзіндік құнына қосылатын шығындар

- кезең шығыстары (өндірістік өзіндік құнына қосылмайтын шығындарлар).

Шығынсыздық өндірістік процесі анықтау әдісі:

Шығынсыздық өндірістік процесі анықтау әдісі қамтиды:

- кәсіпорынның тұрақты және айнымалы шығындардың есептуі;

- ақшалай тұрғыда өндірістің көлемдерін болжамдау;

- шығынсыздықтың графигін құру құру (8.9 сурет).

Шығынсыздықтың графигінде көрсетеді:

- тұрақты шығындар (З тұр.) – өндірістің көлемдеріне байлаулы емес. Осы шығындар сонымен қатар шартты болы есептелегенді, өйткені белгілі бір жағдайларда өсуі мүмкін;


- айнымалылар шығындар (З ауысп.) – өндірістің көлемдерімен тікелей байланысты;

- өнімді сатудан келетін табыстар (Д).

- кәсіпорын табыстары мен айнымалы шығындардың қиылысу нүктесін және осы нүктеден перпендикуляр (Х) өсіне қарай құрылады, мұнда шығынсыздық көлемі көрсетіледі (V шығ.).

Шығынсыздық көлеміне қол жеткізгенде кәсіпорын тұрақты

және ауыспалы барлық өндірістік шығындар жабатын табысты алады. Сонымен қатар кәсіпорын не пайда, не залалды білмейді.



8.9-сурет – Кәсіпорын шығынсыздығының графигі

8.2 Кәсіпорынның өзіндік құнының көрсеткіштер қалыптастыруы

Кәсіпорынның өзіндік құнының есептеуі мен оның талдауы кезінде келесі көрсеткіштер саналады:

- өнімнің материал сыйымдылығы – жалпы өндірістік шығындардағы материалдық барлық шығындардың үлес салмағы;

- өнімнің энергия сыйымдылығы – жалпы өндірістік шығындардағы электр энергия бойынша барлық шығындардың үлес салмағы;

- өнімнің отын сыйымдылығы – жалпы өндірістік шығындардағы отын бойынша барлық шығындардың үлес салмағы;

- өнімнің еңбек сыйымдылығы – жалпы өндірістік шығындардағы еңбекақы төлеуге арналған барлық шығындардың үлес салмағы;

- өнімнің қор сыйымдылығы – жалпы өндірістік шығындардағы амортизация бойынша барлық шығындардың үлес салмағы.

Осы көрсеткіштер динамикада есептеледі және талданады, сонымен қатар прогрессивті деңгейге сәйкес болуы тиіс.

Өзіндік құнын төмендету жолдары:

Кәсіпорында келесі өзіндік құнын төмендету жолдары

қолданылуы мүмкін:

- еңбек өнімділігін арттыру және өндірістік циклдің ұзақтығын төмендету;

- материал сыйымдылығының, энергия сыйымдылығын, отын энергия сыйымдылығын төмендету (материалдық ресурстар қолданудың прогрессивті нормалар мен нормативтерді әзірлеу, материалдық логистиканың прогрессивті әдістерін қолдану;

- еңбекақы төлеуде озық әдістемелерді әзірлеу;

- өндірістік процестердің кешенді автоматтандыру;

- озық өндірістік технологияларды қолдану;

- өндіріс және еңбек ұйымдастыруын жетілдіру.

Бақылау сұрақтары

1. Өнімді тиімді өткізу қандай факторларға байланысты?
2. Шығындардың түрлерін атап өтіңіз.
3. Кәсіпорында шикізатты өңдеуден дайын өнімді алғанға дейін көрініс.
4. Кәсіпорынның табыстылығын бағалаудың салыстырмалы көрсеткіштері.

9 Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

9.1 Маркетинг – кәсіпорынның мақсатына жетудің кешенді жүйесі ретінде

Маркетинг тұжырымдамасы нарықта кәсіпорынның белсенді басымдық саясатының стратегиясы мен тактикасы, шаруашылық іскерлігі және барлық өндірістік ресурстар түрлерін тиімді қолдану нәтижелеріне әсер ететін маңызды құрал.

Бүгінгі таңда маркетингтің дамуында келесі сипатты тенденцияларды бөліп көрсетуге болады:

- маркетинг ғылыми-техникалық прогрестің айтарлықтай әсерінде болғандықтан, жекелей айтқанда акпараттардың көптігіне қарай акпараттық технологиялар ерекше орынға ие;

- тұрғындар топтарының әлеуметтік белсенділігінің өсуі маркетинг сипатын анықтайтын айтарлықтай фактор ретінде қарастырылуға;

- қазіргі уақыттағы маркетинг ашық инновациялық сипатта болып, үнемі жаңартуға негізделген;

- маркетингтің кең тарауы тек салалық, коммерциялық аумақта ғана емес, сондай-ақ барлық адам іскерлігі аумақтарын қамтуда.

Қазіргі заманғы маркетингтің мәні тұтынушының қажеттілігін кәсіпорынның пайдасына айналдыратын кәсіпкерлік қызметте көрініс алады. Маркетинг – бұл тауарларды ітермелеу емес, тұтынушылардың талаптарын, нарықтың нақты сегменттерінің талаптарын талдап ескеретін, жаңа тауардың анықталған талаптарына сәйес өңделген, ғылыми зерттелген тұжырымдама.

Стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымның мақсаттарды және оларға қол жеткізу жолдарын таңдау үдерісін білдіретін стратегиялық басқару функцияларының бірі. Стратегиялық жоспарлау барлық басқарушылық шешімдер үшін негізді қамтамасыз етеді. Ұйымдастыру, себеп болу және бақылау функциялары стратегиялық жоспарлауды әзірлеуге бағдарланған. Стратегиялық жоспарлаудың артықшылықтарын пайдаланбай, тұтастай ұйым және жекелеген адамдар корпоративтік кәсіпорынның мақсаттары мен бағыттарын бағалаудың айқын тәсілінен айырылады.

Стратегиялық жоспарлау үдерісі ұйым мүшелерін басқару үшін негізді қамтамасыз етеді. Стратегиялық жоспарлау жүйесі компанияның акционерлері мен менеджментіне бизнестің бағыты мен даму қарқынын айқындап алуға, нарықтың жаһандық үрдістерін бағамдауға, компанияның бәсекеге қабілетті ұйымға айналуы үшін онда қандай ұйымдық және құрылымдық өзгерістер болуының, оның

артықшылығы неде екендігін, оның табысты дамуы үшін қандай құралдардың қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Компания жоқ дегенде екі жоспар – перспективалық және қысқа мерзімді жоспарлар әзірлейді.

Алдымен перспективалық жоспар (3-5 және одан көп жылға) дайындайды. Онда алдағы кезең ішінде кәсіпорын тауарларының нарығына ықпал ететін негізгі факторлардың сипаттамалары жазылады, мақсаттар және нарықтың межеленген үлесін тартып алудың стратегиялық амалдары айқындалады. Күтілетін пайда мөлшері, қажетті шығындар мен күтілетін табыстар сомасы көрсетіледі. Жыл сайын (ал қажет кезде одан жиі) бұл жоспарды қайта қарап, түзетін отыру керек. Одан кейін қысқа мерзімді жоспар (бір жылға немесе одан неғұрлым қысқа мерзімге) әзірленеді. Бұл – перспективалық жоспардың оны жүзеге асырудың бірінші жылына (жартыжылдыққа, тоқсанға) арналған кеңейтілген нұсқасы. Онда ағымдағы маркетингтік жағдай баяндалады, тауарды шығаруға байланысты қатерлер мен мүмкіндіктер, мақсаттар мен проблемалар тізбектеледі, бір жылға арналған маркетинг стратегиясы мен іс-қимыл бағдарламасы жазылады.

Стратегиялық жоспарлаудың маркетингте өз мақсаты бар – бұл компанияның нық әрі тұрақты өсуі мен өркендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ең перспективалық қозғалыс бағыттарын тауып, бөліп көрсету. Шет елде бұл термин осы ұғымды ұзақ мерзімді жоспарлаудан айырып тану, тұтастай ұйымды немесе оның дербес шаруашылық бірліктерін басқару деңгейінде жүзеге асырылатын жоспарлаудың неғұрлым төменгі басқару деңгейлерінде жоспарлаудан айырмашылығын көрсету үшін енгізілген.

Стратегиялық жоспарлау «стратегиялық басқару» деген неғұрлым кең ұғымның құрамдас бөлігі болып табылады. Басқаруда, әдетте, оның жинақталған төрт ұғымы бөліп көрсетіледі – олар жоспарлау, ұйымдастыру, себепші болу және бақылау. Олардың әрқайсысында сөз стратегиялық басқару туралы болғанда, қандай да бір дәрежеде стратегиялық бағдарлау болады. Бірақ ең көп дәрежеде бұл жоспарлауға қатысты, онда оның айрықша түрі – стратегиялық жоспарлау бөліп көрсетіледі. Алайда, жоспарлаудың осы түріне біздің қызығушылығымыз оның көмегімен маркетингтің стратегиялық бақылауын жүзеге асыру мүмкіндігімен де байланысты болып отыр, бірақ бұдан басқа стратегиялық деңгейде жоспарлау пайдалы әрі тиімді олардың тағы да бірқатар себептер бар, оларды нақтырақ қарастырайық. Біріншіден, персонал мен басшылықтың кез келген бизнес құрылымының (кәсіпорын, ұйым) өз мәні бойынша ашық жүйе

екендігі және табысты қамтамасыз ететін бастау қозғалысынан тыс болуы фактісін түсінуі. Екіншіден, бәсекелестік күрес шиеленіскен кезде маркетингтегі стратегиялық жоспарлау өміршеңдігін қамтамасыз етеді және бұл ретте ол ішкі факторлардың бірі болып табылады. Үшіншіден, мұндай жоспарлау белгісіздік пен сыртқы ортадан болатын қатерлерге қатысты әртүрлі факторларға жіті және уақтылы, ең бастысы барабар деңгейге мүмкіндік береді.

Төртіншіден келешекте үдерістердің жүз пайыздық ықтималымен болжанбайтынын ескере отырып, стратегиялық жоспарлау экспансия және болжаудың бірқатар құралдары әдісінің арқасында мүмкін болатын қатерлер мен нысантарды айқындайтын, сондай-ақ барынша ықтимал табыстарды жоспарлайтын нақты схеманы жасауға мүмкіндік береді. Оның үстіне жоспарлаудың икемді жүйесін пайдалана отырып, бір бірінен сыртқы ортада өзгерушілігімен, тиісінше мұндай өзгерістерге ұйымның әрекетімен ерекшеленетін бірнеше бағыттар мен жоспарларды жасауға болады.

Бұлдан өзге стратегиялық жоспарлаудың тартымдылығы себебінің бірі ретінде мыналарды атауға болады: мұндай деңгейдегі жоспарлау бұл саладағы соңғы әзірлемелерге негізделіп отырып, басқару және өндіріс ауысымының өзгеру мүмкіндігін алдын ала көзделуге мүмкіндік береді. Яғни, егер бүгінде басқарушылық ортасы немесе өндіріс сияқты қандай да бір технология енді ғана дамып келе жатқан болса, онда мұндай технологиялар туралы деректерді пайдалана отырып, мұндай технологияға өтуге ұйымды дайындауға болады. Бұл стратегиялық инновациялық маркетинг сияқты ұғымды пайдаланбайтын бәсекелестерді бірден айқындауға мүмкіндік береді. Егер қорытындылайтын болсақ, маркетингтегі стратегиялық жоспарлау түйсік пен персоналды басқару, ұйымдастыру және оның алдына нақты мақсаттарға жету бойынша міндеттерді қоя білудің симбиозы іспеттес.

Ұйымдағы стратегиялық жоспарлаудың маңызы ағынды үдерістерді оңтайлы ұйымдастыру мен олардың бәсекеге қабілеттігін арттыруға бағытталған кәсіпорындарды дамытудың стратегиялық бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігімен шарттасалы. Стратегияларды әзірлеу үдерісі компанияны дамытудың барлық ықтимал баламалы жолдарын мұқият зерделеуге негізделуге және қызметті, игерілетін нарықтарды, қызмет көрсетілетін қажеттіліктерді, бәсеке әдістерін, тартылатын ресурстарды таңдаудан тұруға тиіс. Бұл ретте ұйым қызметінің стратегиялық бағыттарын таңдау тауарлар мен қызметтің қызметтердің төмен шығыстары мен бірегей

қасиеттерінен тұтынушыларға жақын болуға негізделген стратегияларға қарай ауысуға тиіс. Нәтижелер кәсіпорындарға/ұйымдарға неғұрлым тиімді басқару әдістеріне кошу арқылы стратегияларды дәйектілікпен әзірлеудің ғылыми негізделген бағдарламасын жасап шығаруға мүмкіндік береді. Зерттеулердің негізгі нәтижелері барлық экономикалық қызмет түрлері кәсіпорындарында стратегияларды әзірлеу және негіздеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

9.2 Кәсіпорынның өндірістік қуаты және оны анықтау әдістері

Қуат – нақты кезең ішінде жүйеден ең жоғары мүмкін шығу компоненті. Өндірістік қуат өндірістен шығу нормасын анықтайды, яғни календарлы кезең ішінде (апта, ай, жыл) нақты өнім атының (номенклатурасы) ең жоғары мүмкін болатын көлемін өндіруді қарастырады.

Нақты өнімді өндіру мүмкіндігі ретіндегі өндірістік қуат кәсіпорында, оның бөлімшелерінде өндірістік ресурстардың: қондырғылар, персонал, материалдың болуын қамтиды. Өндірістік қуат түсінігінің анықтамасының екі тәсілі бар. Біріншісі бойынша өнімді өндіруге қатысатын өндірістік ресурстардың барлық түрлері есепке алынады, ал екіншісі бойынша – тек өндірістік құрал-жабдықтар мен аудандар. Тәжірибеде кеңінен екінші тәсіл қолданылады.

Кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуаты – нақты өндірістік ресурстар (өндірістік қондырғылар мен аудандар) жиынтығын тиімді пайдалану арқылы нақты кезең ішінде нақты сандық қатынастар мен номенклатурасы бойынша ең жоғары мүмкін болатын өнім өндірісі.

Өндірістік қуат пен өндірістік бағдарлама арасындағы айырмашылық кәсіпорынның резервімен сипатталады, яғни өндірістік бағдарлама өндірістік қуатты пайдалану дәрежесін көрсетеді.

Кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу үшін төмендегі бастапқы мәліметтер пайдаланылады:

1) қондырғылар саны, құрамы мен техникалық жағдайы және өндірістік аудандар туралы мәліметтер. Есепке негізгі өндірістің барлық қондырғылары алынады (соның ішінде жөндеудегі, бұзылып қалған және модернизациядағы, жұмыс істемейтіндері де есептелінеді);

2) қондырғылар өнімділігінің техникалық нормалары және өндірілетін өнімнің еңбек сыйымдылығы. Жаңадан құрылатын

кәсіпорындар үшін қондырғылар өнімділігінің паспорттық нормалары қолданылады. ал әрекеттегі кәсіпорындар үшін – техникалық түсініктемесі бар өнімділік көрсеткіштері қолданылады. олар паспорттық нормалардан төмен болмауы керек:

3) қондырғылар жұмысының уақыт қоры мен кәсіпорын жұмысының тәртібі. Есептеулерде қондырғылар жұмысының ең жоғары мүмкін болатын жоспарлы (тнмді) жылдық уақыт қоры ескеріледі:

4) өндірілетін бұйымдардың номенклатурасы және олардың бағдарламадағы өзара сандық қатынастары. Есептеулерде өндірілетін өнімнің жоспарлы номенклатурасы мен ассортименті (еңбек сыйымдылығы) пайдаланылады. Орташа жылдық қуатты есептеген кезде өнімнің номенклатурасы өзгерісінің есебінен (еңбек сыйымдылығының азаюы мен арытуы) қуаттың арытуы (төмендеуі) толық мөлшерде ескеріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Бүгінгі таңда маркетингтің дамуында қандай сипатты тенденцияларды бөліп көрсетуге болады?
2. Стратегиялық жоспарлау үдерісі.
3. Кәсіпорынның (цехтың, учаскенің) өндірістік қуаты.
4. Маркетинг дегеніміз?

10 Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

10.1 Өнім сапасы: түсінігі, көрсеткіштері және деңгейін өсіру жолдары

Еліміздің қазіргі уақыттағы экономикасы ашық сипатқа ие. Яғни, ішкі нарыққа импорттың жеткілікті көлемде келуі, сыртқы инвесторлардың еліміздің кәсіпорындарына қаржы құюға мүмкіндіктерінің болуы, әлемдік нарықтың сауда саясатын реттейтін ұйымдарға мүше болу жолдарының негізінің қалануы соны көрсетеді.

Нарық жағдайында әрбір кәсіпорын өз өнімдерінің бәсеке қабілеттілігіне әсер ететін факторларды анықтап алуды және оларды ескеруді қажет етеді. Қазіргі кезде өнімнің бәсеке қабілеттілігіне әсер ететін факторлардың төмендегідей түрлері бар.

Мәселен, өнімнің нарықтағы нәтижелі сатылуына әсер ететін факторлар объективті түрде емес, тұтынушылардың субъективті қабылдануына байланысты. Мұндай факторлар экономикалық әдебиетте “табыстың стратегиялық факторлары” немесе “табыстың негізгі факторлары” – деген атауға ие болған. Табыстың стратегиялық факторлары өнімнің бәсекелік қабілетін анықтайды. Әдебиеттердің талдауы көрсетіп отырғандай, өнімнің бәсекелік қабілеті факторларын жіктеудің бірнеше түрлері қалыптасқан. Өнімнің бәсекелік қабілетін анықтайтын факторларды екі негізгі топқа бөледі. Олар: субъективті және объективті.

Субъективті факторлар өндірушіге байланыссыз, оларға психологиялық және жеке тұлғалық факторлар жатады, мәселен, тұтынушылардың ұстанымдары, әдеті, сағты және т.б.

Объективті факторлар өндірушіге тікелей (сапа деңгейі) немесе жанама (сатылған өнімге техникалық қызмет көрсету, делдал ұйымдардың қызметі, т.с.с.) түрде байланысты болады. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – кез-келген экономикалық объектілерге тән қасиет. Физикалық табиғатына және атқаратын қабілетіне қарамай, барлық тауарлар, сондай-ақ оларды өндіру, найдалану жүйелері бәсеке мәселесі шеңберінде қарастырылады, тіпті мұндай талдау аспектісі абстрактілі емес, нақты экономикалық қызметтің практикалық мәні.

М. Эрлих және Дж. Хайн пікірлері бойынша бәсеке қабілеті – фирманың өз тауарын сату қабілеті.

«Бәсеке қабілеттілік» түсінігі ХХ ғасырдың 70 жылдарында Батыста пайда болды. Шамамен сол уақытта өнімнің бәсеке қабілеттілігі мәселесімен КСРО да айналыса бастады. Бәсекеге қабілеттілік – өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық

параметрлерін ғана қамтымай, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – тауарлардың тұтынушы қажеттілігін жоғары деңгейде қанағаттандыруын және осының арқасында нарықты өз орнын табуы. Басқа сөзбен айтқанда, бұл тұтынушының талғамына сай келетін және оның сатылуын қамтамасыз ететін өнімнің қасиеттері

Сапа – объектінің ішкі анықтылығын сипаттайтын санат. Сапаның экономикалық анықтамасы – объект біздің қажеттіліктерімізді қандай деңгейде қанағаттандыратындығын көрсететін қасиеттер жиынтығы.

Өнім сапасы – өнімнің сатып алушының белгілі бір қажеттерін қанағаттандыруға жарамдылығын сипаттайтын сапалық қасиеттерінің жиынтығы және тиімділігінің өлшемі. Өнім сапасының көрсеткіштері абсолюттік, салыстырмалы немесе меншікті көрсеткіштер болуы мүмкін. Өнімнің сапалық қасиеттері өнімнің өндірістік және тұтынушылық қасиеттері болып бөлінеді. Өнімнің өндірістік қасиеттері оны әзірлеу барысында қалыптасады және оған өнімді дайындау сатысында қол жеткізіледі. Өнімнің тұтынушылық қасиеттері тұтынушылардың нақты сұранымын қанағаттандыруға бағытталған. Қолданыстағы стандарт талаптарына сай келетін өнім тұтынуға жарамды деп есептеледі. Осы талаптарға сай келмейтін өнім сапасыз өнімге жатқызылады.

Жоғары сапалы өнімде жақсартылған немесе жана тұтынушылық қасиеттер болуға тиіс және өнімділік, беріктік, төзімділік, материал сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы, шикізат шығыны жөнінен орташа көрсеткішпен салыстырғанда елеулі сапалық және сандық көрсеткіштерге ие болуға тиіс.

Өнім сапасына қойылатын талаптарды тұтынушылар (тапсырыс берушілер), сарапшылар, дайындаушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар қалыптастырады және тиісті нормативтік-техникалық құжаттар мен шарттарда баянды етіледі. Қолданыстағы заңдар тұтынушылардың мүдделерін көздей отырып, қоғамдық өндіріске қатысушылардың ғылыми-техникалық, өндірістік, құрылыс, ауыл шаруашылық өнімдерінің, көлік, жабдықтау, сауда, т.б. қызмет түрлерінің сапасын қамтамасыз етумен байланысты міндеттерін айқындап, заң жүзінде бекітеді

10.2 Кәсіпорындағы өнім сапасын басқару жүйесі

Осы жіктеуге үкесас, өнімнің бәсекелік қабілетіне әсер ететін

факторларды эндогендік және экзогендік деп бөледі.

Эндогендік факторлар өндірістік кәсіпорынның мүмкіндіктерін сипаттайды және өнімнің технико-экономикалық деңгейіне ықпал етеді. Экзогендік факторлар – әлемдік нарықтың немесе импорттаушы мемлекеттің өнеркәсіптік тауарлар нарығының қажеттіліктерін және тауарға деген сұранысты анықтайды. Мұндай жіктеу дұрыс, алайда, біріншіден, ол бағаның өнімнің бәсекелік қабілетіне әсер ететін фактор екендігін ескермейді, екіншіден, өндіруші тарапынан әсер ететін факторларды нақтылауды қажет етеді, өйткені өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету өндірушіге байланысты.

Тауардың өмірлік циклына байланысты бәсекелік қабілеттің факторларын екі топқа бөледі:

- өнімді дайындау мен өндіру барысында пайда болатын факторлар - техникалық деңгейі мен дайындау сапасы;
- өнімді нарықта өткізу процесіне әсер ететін факторлар – тұтынушының сатып алу шығындары мен тұтынушының талабын қанағаттандыру (жеткізу, сатудан кейінгі техникалық қызмет көрсету)

Сонымен қатар, бәсекелік қабілеттің факторларын сыртқы, сапалық және экономикалық деп бөледі.

Сыртқы факторларға экономика мен нарықтың даму тенденциялары, ғылыми-техникалық прогресс, тұтыну құрылымындағы өзгерістер, нарық құрылымы және бәсекелестер құрамы жатады. Сонымен қатар, мұнда кәсіпорынның имиджі мен танымалдылығы, өндіруші мемлекеттің беделі де үлкен мәнге ие.

Екінші топ факторларын қазіргі қолданыстағы стандарттар, мөлшерлер, ұсыныстар анықтайтын өнімнің сапа көрсеткіштері құрайды, сол сияқты, өнімнің қауіпсіздігі, ұзақ мерзімге сақталынуы да осы топқа кіреді. Өнімнің сапасын анықтау халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) талабымен жүргізіледі.

Бәсекелік қабілетке әсер ететін үшінші топтағы факторларға, өнімнің өзіндік құны мен бағасын қалыптастыратын экономикалық көрсеткіштер жатады.

Әлемдік тәжірибеде өнімнің бәсекелік қабілеті келесі факторлармен анықталады:

- өнім сапасының нарықтың және нақты тұтынушының талабына сай болуымен;
- сатып алуға, жеткізуге кеткен шығындармен;
- тұтынушыға тиімді уақытта жеткізу жағдайымен;
- кәсіпорынның нарықтағы беделімен және сенімді әріптес болатындығы туралы дәлелімен.

Өнімнің бәсекелік қабілеті кешенді түрде мынандай үш

факторға тәуелді болуы да мүмкін:

Міндеті – өнімнің қандай мақсатқа пайдаланатынын, оның функционалдық мүмкіндіктерін, сол арқылы, осы өнімді тұтынушылар тобын анықтайды. Жоғары сапасы – бағалық емес бәсекеде үлкен мәнге ие. Сондықтан, сапаны өнімнің бәсекелік қабілетінің кешенді көрсеткіші ретінде қарастыруға болады.

Кәсіпорынның өндірістік тиімділігін арттырудың бірден бір жолы - өндірілетін өнімнің немесе ұсынылатын қызметтің сапасын жетілдіру болып табылады. Өндірілетін өнімнің сапасын арттыру қазіргі таңда ішкі және сыртқы нарықтарда өнімнің бәсекесқабілеттілікке ие болуына алып келеді. Өнімнің бәсеке қабілеттілігі еліміздің беделін және ұлттық өнім сапасын басқару – бұл белгілеу, қамтамасыз ету және сапаның қажетті деңгейін қолдау мақсатындағы құру және пайдалану немесе өнімді тұтыну кезіндегі жүргізілетініс-әрекет.

Сонғы кездерге дейін кәсіпорындарда сапа проблемаларын шешу нарықтылық қажеттілік есепке алынбай өнім сапасы техникалық деңгейге бағытталады. Сапаны басқару мәселелерімен техникалық бақылау және сапаны талдау бөлімдері айналысты. Олардың функцияларына бұйымдар параметрлерін тексеру, өндірістік процестердің әрбір операцияларда қолданылатын шикізаттар, материялдар, жабдықтардың дәлдік жұмыстары, өнімде табылған кемістіктер, оларды талдау және себептерін белгілеу кіреді.

Өнімнің сапасын басқаруды жетілдіруде отандық өндірушілердің алдына қойылатын негізгі проблемалар, олар:

- өнімнің сапалылығын басқару жүйесіне маркетинг қызметі механизміні қосу;

- тұтынушыға және барлық өндірістік қызметтерде сапаны басқару жүйесін қалай бағыттау;

- өнімнің өмірлік кезеңінің барлық белестеріндегі сапаны басқару жүйесіндегі механизм әсерлерін күшейту;

Сапаны басқару жүйесін енгізу кәсіпорында мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- жоғары сапалы өнімнің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- өнім көлемін ұлғайту және оны сататын нарықты табу;

- жоғары бағада сататын өнімді көбейту мүмкінділігін қарастыру;

- өнімнің бәсекеге жарамдылығы және қаржы жағдайының тұрақтылығы жөніндегі проблемаларды шешу;

Халықаралық стандарттарға сәйкес өнім сапасы – объектінің (қызметтің немесе процестің, өнімнің, қызмет түрінің және т.б.)

белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыратын қабілеттері бар қасиеттер мен сипаттамалар жиынтығы.

Өнім қасиеттері өнімді жасау, пайдалану немесе өндірісте пайдалану кезінде пайда болатын өнімнің объективті ерекшеліктері. Өнім қасиеттері сапа көрсеткіштерімен сипатталады, яғни сапаның құраушысы болып табылатын, өнімнің бір немесе бірнеше қасиеттерінің сандық сипаттамасы.

Сапа көрсеткіштерін бағалауда орындалатын рөлдеріне байланысты екі топқа топтастырылады:

- классификациялық;
- бағалау көрсеткіштері.

Классификациялық көрсеткіштер өнімнің классификация жүйесіндегі бір топқа жататындығын сипаттайды және өнімнің пайдалануын, сол түрінің өлшемін, пайдалану саласын және пайдалану жағдайларын анықтайды. Бүкіл өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдер бір жүйеге келтірілген, кодтық белгілеулері бар. Өнімнің сапасын бағалауда бұл көрсеткіштер ескерілмейді.

Бағалау көрсеткіштері өндіру және пайдалану объектісі ретіндегі өнім сапасын құрайтын қасиеттердің сандық сипаттамасы. Өз алдына бірнеше түрі бар:

- функционалды;
- ресурс жинақтаушы;
- табиғатты қорғау.

Функционалды көрсеткіштер белгіленген қажеттіліктерді қанағаттандырудағы өнімнің функционалды жарамдылығын анықтайтын қасиеттерді сипаттайды. Олар функционалды жарамдылық, беріктілік, эргономикалық, эстетикалық көрсеткіштерді біріктіреді.

Функционалды жарамдылық көрсеткіштері өнімнің техникалық мәнін, өнімнің атқаратын қызметтерін нақты белгіленген жағдайларда (өнімді өз пайдалылығы бойынша пайдалану) орындаудағы қабілеттерді анықтайтын қасиеттерді сипаттайды. Мысалы, оған жататын жеке дара көрсеткіштер – жүк көтеріштік, су өткізбеу қабілеті және кешендік – калориялық, өнімділік және т.б.

Эргономикалық көрсеткіштер – «адам-өнім-орта» жүйесіндегі өндірістік және тұрмыстық процестерде өнімді пайдалану ыңғайлылығы мен комфорттылығын сипаттайды. Көрсеткіштердің бұл тобына жататындар: гигиеналық, антропометрлік, психологиялық және психофизикалық көрсеткіштер.

Эстетикалық көрсеткіштер – өнімнің адамға деген эстетикалық әсерін сипаттайды және тұтынудың нақты жағдайларындағы

тұтынушылар тобының эстетикалық сұраныстарына өнімнің сәйкестік дәрежесін, эстетикалық құндылығын бағалау үшін қолданылады. Келесі көрсеткіштер жатады: көркемді айқындылық көрсеткіші, рационалды (орылды) нысан, композиция бүтіндігі, тауар түрінің тұрақтылығын және өндірістік пайдалылықты жетілдіру көрсеткіші.

Ресурсе жинақтаушы көрсеткіштер өнімді өндіру мен оны пайдалануға шығындалатын ресурстар деңгейін анықтайтын қасиеттермен сипатталады. Бұл топқа технологиялық және ресурсе пайдалану көрсеткіштері жатады.

Технологиялық көрсеткіштер – өнім өндірісі, өндіру мен оны пайдалануға қажетті уақыт пен шикізат, материалдар, жанармай, энергия, еңбек шығындарының деңгейін анықтайтын қасиетті сипаттайды.

Ресурсе пайдалану көрсеткіші – өнімнің тікелей пайдалануындағы материалдар, жанармай, энергия, еңбек пен уақыт шығындарымен сипатталады.

Табиғатты сақтау көрсеткіштері өнім сапасының көрсеткіші – қоршаған орта мен адамға әсерімен байланысты өнім қасиетін сипаттайды. Ол екі топ көрсеткіштерін – қауіпсіздік және экологиялық біріктіреді.

Қауіпсіздік көрсеткіштері - өнімді пайдалануда, тасымалдауда, сақтау мен қайта өндіруде адам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өнім ерекшелігімен сипатталады.

Экологиялық көрсеткіштер – өнімді өндіруде, өңдеуде, пайдалануда, сақтауда және қайта өңдеуде қоршаған ортаға деген зиянды әсерін анықтайтын өнім қасиетін сипаттайды.

Сонымен бірге бәсекелестік қабілеттілік көрсеткіші қолданылады. Ол өнім сапасының тұтыну бағасына деген қатынасын сипаттайды. Бұл көрсеткішті бағалау өнім түрін басқа фирманың сәйкес өнім түрін салыстыру арқылы жүргізіледі.

Бақылау сұрақтары

1. «Бәсеке қабілеттілік» түсінігі
2. Экогендік факторлар нені сипаттайды?
3. Кәсіпорынның өндірістік тиімділігін арттырудың бірден бір жолы.
4. Сапа көрсеткіштерін бағалауда орындалатын ролдеріне байланысты неше топқа топтастырылады?

11 Кәсіпорын қаржысы

11.1 Кәсіпорын қаржысы түсінігі және функциялары

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы мыналар: кәсіпорындар, ұйымдар, бірлестіктер, концерндер, ассоциациялардың салалық министрліктер мен басқа шаруашылық органдардың, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, көлік, сауда, дайындау, геологиялық барлау, жобалау тұрғын үй – коммуналдық қызметін жүзеге асырушы шаруашылық аралық, салааралық, кооперативтік ұйымдардың (оның ішінде ұжымдық шаруашылықтардың халыққа қызмет көрсетудің, байланыстың, қоғамдық тамақтандырудың) қаржыларын қамтиды.

Халық шаруашылығындағы әрбір саладағы қаржының техникалық экономикалық ерекшеліктерінен туындайтын айырмашылықтары бар. Сонымен бір мезгілде халық шаруашылығындағы салалардағы кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың негізгі принциптері бірдей. Өйткені, бірыңғай экономикалық заңдар, ортақ принциптерге негізделген. Мұның өзі олардың барлығын бір бастанқы буынға біріктіруге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысының өзіндік мәні және көрінісінің сыртқы формалары бар және олар сан алуан. Олардың беріктілігі біркелкі емес. Қаржының сыртқы формалары жиі өзгертілуде. Мысалы, кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен қарым – қатынас формасы жиі өзгертіліп, жетілдірілуде: көп арналы төлемдерден пайда салығына көшіріледі; қаржының бюджеттен шаруашылық мұқтажықтарын қаржыландырудың кері қозғалысы өзін – өзі қаржыландырумен ауыстырылды; кәсіпорындардың ішкі қаржы қозғалысының формалары өзгереді; бұл қатынастар нормативтік сипат алып шаруашылық коммерциялық негіз алуға.

Нарықтық экономика жағдайында болатын экономикалық қатынастар жүйесінде қаржы маңызды орын алады. Кәсіпорын қаржысы деп оның қарамағындағы барлық ақша қаражаттар жиынтығын, сондай-ақ оны қалыптастыру, бөлістіру және найдалану жүйесін айтамыз.

Кәсіпорынның шаруашылық іс-әрекеті барысында қаржылық қарым-қатынастар қалыптасады. Қаржылық қарым-қатынастар төрт топтан құралады:

- өзге кәсіпорын және ұйымдармен;
- өзінен жоғары тұратын және бірлесіп жұмыс атқаратын

серіктестермен түзілетін кәсіпорын ішіндегі қарым-қатынас; қаржы-несиелік жүйемен қарым-қатынас.

Өзге кәсіпорын және ұйымдармен түзілетін қарым-қатынастарға жабдықтаушылармен, сатып алушылармен, құрылыс-күру және тасымалдау мекемелерімен, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым кәсіпорындары және шетел кәсіпорындары арасындағы қарым-қатынастар кіреді. Көлемі жағынан өте көп ақша айналымдарына кәсіпорындардың бір-бірімен өзара іске асыратын операциялары кезінде шаруашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға қажетті материалдық құндылықтар сатып алумен және дайын өнімді сатумен байланысты қажетті ақша айналымдары жатады. Мұндай операцияларды ұйымдастыру тікелей түрде кәсіпорын іс-әрекетінің қаржылық нәтижесіне әсер етеді.

Кәсіпорынның ішкі қаржылық қарым-қатынастарға кәсіпорынның ішкі бөлімшелері арасындағы қаржылық операциялар кіреді. Бөлімшесаралық қатынастар бекітілген басқару жүйесі мен ішкі коммерциялық есеп жүйесіне негізделеді. Олардың қабылдаған міндеттемелердің орындалуы үшін материалдық жауапкершілік пен ынталандырудың тиімді тетігін құруға арналған.

Қаржы-несиелік жүйемен қарым-қатынас әрқилы болып келеді. Ең алдымен, бұл әр деңгейлі бюджеттермен, сақтандыру жүйесімен, бюджеттен тыс қорлар мен несие беру мекемелерімен болатын қарым-қатынас.

11.2 Кәсіпорынның қаржы ресурстары

Кәсіпорынның қаржылық іс-әрекеті дербес құрылымдық бөлімшесі қаржы бөлімімен жүзеге асырылады. Қаржы бөлімінің бастығы тікелей кәсіпорын басшысына бағынады. Қаржы бөлімінің жұмысында пайданы болу, өнімнің өзіндік құнын төмендету мәселелері маңызды орын алады. Осыған байланысты, қаржы бөлімінің міндетіне мыналар кіреді:

- өндірістік және әлеуметтік дамуға қажетті қаржы ресурстарын құру, пайданы ұлғайту, табыстылықты арттыру;
- қаржылық жоспарында көрсетілген бюджет, материал мен жабдықтаушылар, акционерлер алдында, сондай-ақ басқа да қаржылық міндеттемелерді орындау және есеп айырысуды ұйымдастыру;
- өндірістік қорлар мен инвестицияларды неғұрлым тиімді жолмен пайдалануға көмек көрсету;
- қаржылық, несиелік және қасалық (қазынагерлік) жоспар

эзірлеу;

- қорларды тиімді пайдалану, меншікті айналмалы капитал мөлшерін экономикалық тұрғыдан негізделген нормативтерге жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін жобалау, айналмалы капиталдың айналымдылығын жеделдетуді қамтамасыз ету, қаржы ресурстарының дұрыс пайдаланылуын қадағалау;

- дайын өнім үшін есеп айырысуды тиімді түрде ұйымдастыру және өнім сату жоспарының орындалуын, түсетін пайданы үздіксіз қадағалап отыру және басқа да міндеттер.

Қазіргі таңда көптеген кәсіпорындардың қаржылық жағдайында қиын күйде қалып отыр (өндіріске қажетті капиталдың тапшылығы, неселік мөлшерлемелердің тым жоғары болуы, төлемдердің дер кезінде өтелмеуі және т.б.), сол себепті дәл қазір кәсіпорынның қаржылық күйін нығайту басты міндет болып табылады.

Кәсіпорынның қаржысын тұрақтандырудың негізгі жолдары пайдаланымдағы ақша қаражаттарын оңтайландырумен және олардың тапшылығын жоюмен байланысты қаржылық жұмыстарды жетілдірудің басты бағыттары келесі болып саналады:

- 1) кәсіпорынның іс-әрекетін ұдайы әрі жүйелі түрде талдау;
- 2) кәсіпорынның стратегиялық қаржы саясатын эзірлеу және оны іске асыру;
- 3) кәсіпорында қаржылық жоспарлаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- 4) кәсіпорынның мүліктік құрылымын және олардың құралу көздерін оңтайландыру арқылы нәтижесі төмен теңестік құрылымының орын алуына жол бермеу;
- 5) пайданы пайдалануды оңтайландыру және неғұрлым тиімді дивиденд саясатын таңдау;
- 6) бухгалтерлік есеп жүйесін қаржыны басқару міндеттеріне қарай бейімдеу;
- 7) қаржы ресурстары көздерін ынтайландыру мақсатында несие берушілер мен инвесторлармен қарым-қатынасты дамыту;
- 8) кәсіпорын шығындарын оңтайландыру.

Кәсіпорынның іс-әрекетін кешенді түрде жан-жақты талдап, Кәсіпорынның мақсатын орындауға бағдарланған бірыңғай, кешенді даму стратегиясына сәйкес кәсіпорын жұмысын ұйымдастырған жағдайда ғана жоғарыда айтылған түйткіл мәселелерді шешу мүмкін болады.

Кәсіпорын экономикасында қаржының бақылау қызметі маңызды рөл атқарады. Есеп пен бақылаусыз шаруашылықты

жүргізуге болмайды. Кәсіпорындардың қаржысы басқа да экономикалық тұтқалармен бірге экономиканы жоспарлы басқару, өндірісті ұлғайту, еңбек, материалдық табиғи, қаржы ресурстарының ұтымды пайдалануына бақылау жасауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаралы. Үнем мен ұқыптылық режимін өмірде дәйектілікпен жүргізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Кәсіпорынның ішінде ғана емес, оның басқа кәсіпорындар, ұйымдар, қаржы – несие мекемелерімен өзара қарым-қатынасында теңге бақылауы пайдаланады. Кәсіпорын ішінде еңбектің саны мен сапасы, негізгі, айналым және ынталандыру қорларының құралуы, пайдалануы бақылауға айналады.

Кәсіпорынның қаржы ресурстарын 10.4 кестеде көруге болады. Қаржы ресурстары меншікті капиталдан, қарызға алынған капиталдан, тартылған ресурстардан, сонымен қатар бюджеттен алынған субсидиялар мен басқа қорлардан түсімдерден құралады.

10.4-кесте – Кәсіпорынның қаржы ресурстары

Қаржы ресурстары	Қаржы ресурстарының құру көздері	Ескерту
1 Меншікті капитал	өнім өткізуден түскен түсім	Егер амортизациялық
1.1 Амортизация	өнім өткізуден түскен түсім	қор құрылмаса,
1.2 Жалпы табыс	Басқа өткізулерден түскен	амортизация пайдалану
1.2.1 өнім өткізуден түскен кіріс	түсім	көрініс табады
1.2.2 Басқа да өткізуден болған кіріс	өткізуден тыс кірістер	
1.2.3 өткізуден операциялардың салықосы	тыс Таза табыс	Жарғылық қордан 15 % мөлшерінде
1.2.4 Резервтік қор	өнімнің өзіндік құны	
1.3 Жөндеу қоры	Сәйкес кредиторлардың	
1.4 Басқалары	несие ресурстары	Соның ішінде
2 Қарызға алынған капитал	-//-	лизинг
2.1 Банк несиелері		
2.2 Банктік емес мекемелердің несиелері	-//-	Соның ішінде мерим кейінге қалдырылған
2.3 Бюджеттен алынған несиелер	-//-	салықтар
2.5 Кредиторлық қарыздар	Сәйкес инвесторлардың	
2.6 Басқалары	қаржылары	
3 Тартылған ресурстар		
3.1 Инвестициялық қызметтерден алынған қаржылар	-//-	Соның ішінде
3.2 Құнды қағаздардың эмиссиясынан алынған	Бюджеттік қаржыландыру қаржылары	кабіндрымдылық, спонсорлық көмек және бюджеттен

қаржылар 3.5 Франчайзинг, селенг, жалгерлік бойынша түскен төлемдер 4 Бюджеттен алынған субсидиялар мен басқа қорлардан түсімдер		төленетін дотациялар мен субвенциялар
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	------------------------------------------

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының негізгі белгілері:

1) қаржы қатынастарының көп қырлылығы, олардың формалары мен мақсатты арналымының сан алуандығы;

2) өндірістік қорлардың міндетті болуы, олардың құралуы, тұрақты толықтырылуы, көбеюі, бөлінуіне байланысты қатынастар туындауы. Өндірістік қорлар – өндірістің серпінді элементі. Олар, өндірістің өзі сияқты, ұдайы қозғалыста болады; оның үстіне құн формалары үнемі өзгереді. Кәсіпорынның өндірістік қорлары оның қызметі кезінде материалдық – заттық және ақша формасы қалады;

3) жоғары белсенділік, кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық қырларында ықпал жасау мүмкіндігі.

Сөйтіп, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы – халық шаруашылығындағы ақшалай табыстарды, жинақтарды және қорларды жасауға, бөлуге және пайдалануға байланысты туындайтын экономикалық қатынастар.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық қарым-қатынастар неше топтан құралады?
2. Қаржы бөлімінің міндеттерін атап кет.
3. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының негізгі белгілері.
4. Кәсіпорынның қаржы ресурстарын атап кет.

12 Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері және тиімділігі

12.1 Табыс және пайда – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижелерінің жиынтық көрсеткіші ретінде

Табыс – тотенше таралған, кең түрде қабылданатын, сонымен қатар түрліше маңызды қолданылатын көп мағыналы ұғым. Сөздің кең мағынасында ақшалай құнына ие болуды кез келген ақша қаражатының түсімі немесе материалдың құндылықты алуды көрсетеді.

Кәсіпорындардың қаржысын ұымдастырудың қажетті қағидаты – басқарудың барлық деңгейлеріндегі қаржы резервтерінің (резервтік капитал, тәуекел қоры) болуы әр түрлі әдістермен өндірістік және әлеуметтік қорлардың мөлшеріне пайызбен, пайда немесе табыстан тұрақты нормативтер бойынша аударымдар арқылы жасалуы мүмкін. Қаржы резерві дегеніміз – уақытша болатын қаржы қиыншылықтарын жоюға және шаруашылықтардың қызметіне қажет қалыпты жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ, әдетте, қаржы жоспарында қаралмайтын өндірістік және әлеуметтік дамумен байланысты шығындарды (ойда болмаған шығындарды) қаржыландыруға арналған қаржы түрі.

Кәсіпорынның табысы олардың активтерінің, артуы немесе капитал меншігінің кебеюіне әкелетін міндеттемелердің кемуі «Табыс» ұғымы жалпы мемлекетте, кәсіпорындарда (жалпы табыс, таза табыс), ал жеке тұлғаларда халықтың ақшалай табысы, жеке табыс болып қолданылады. Кәсіпорынның жалпы табысына ақшалай түсім тауаларды сату және қызмет көрсетуден түсетін ақшалай түсім, атқарылған қызметпен, несие берілгендегі алынатын тиісті пайыздар және басқа да ақшалай және материалдың түсімдер жатады.

Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектісіне жататындар:

- кәсіпорынның өндірістік құрылымы, өнеркәсіп өндірісінің үлгісі, өндіріс кезеңін ұйымдастыру;
- өндірісті басқару процесін ұйымдастыру;
- шаруашылық стратегиясын таңдау, өнімді өндіруді жоспарлау және өнімді сатуды әзірлеу;
- өндірісті қалыптастыру, капиталды пайдалану және кәсіпорынның табысын қорлауды;
- өндірістің материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілуі, шикізаттар, материалдар жеткізілуі, босалқы қорды

калыптастыру және оларды ұтымды пайдалану;

- өндірістің техникалық жағдайы және қажетті өндірістік инфрақұрылымды құру;

- өндірістік шығындарды қалыптастыру, өнімнің өзіндік құн калькуляциясы, өндірістің баға саясаты;

- өндірістің қаржы ресурстары, шаруашылық қызметінің тиімділігі, кәсіпкерліктегі тәуекелдік баға;

- кәсіпорынның жаңартпашылық қызметі, өнімнің сапасы, кәсіпорынның жаңартпашылық саясаты, экономикалық проблемалар;

- кадрларды іріктеу, оларды жұмысқа қабылдау, еңбекті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу жүйесі және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру.

Сонымен, кәсіпорын экономикасы – өндіріс факторларының жиынтығы (меншіктік және қарызгер), өндірістік емес факторлар (бала бақшалар, профилактория және т.б.), айналыс қоры, дайын өнім, кәсіпорындардың есепшоттарындағы ақша қаражаттары, құнды қағаздар, материалдық емес меншікті қор (патенттер, лицензиялар және т.б.), өнімді сату нәтижесіндегі табыстар немесе зияндар және түрлі қызмет көрсетулер.

Нарықтық қатынастардың басты категориясы ретінде пайда бірнеше қызмет атқарады:

1) пайда – кәсіпорын қызметі тиімділігінің көрсеткіші, яғни пайдасы бар кәсіпорын, оның қызметінің тиімді екендігін куәлендіреді;

2) пайда – түрлі деңгейдегі бюджет табысын қалыптастыру көзі. Ол бюджетке салық түрлері, экономикалық санкциялар арқылы жинақталады және бюджеттің шығыс бөлігінде көрсетілген түрлі мақсаттарға пайдаланылады;

3) пайда – қызметкерлер үшін еңбек жағдайын жақсарту көзі. Кәсіпорынның өз иелігінде қалған, яғни салықтар мен бірінші реттегі төлемдерді және дивидендтарды төлегеннен кейін қалған пайда есебінен қызметкерлерге материалдық сыйақы, әлеуметтік жеңілдіктер төленеді;

4) пайда – өндірілген өнім мен негізгі қорларды жаңарту көздері. Кәсіпорынның иелігінде қалған пайда мөлшерінің негізінде капитал иесі мен менеджерлер кәсіпорынның даму болашағын ескере отыра, кәсіпорын қызметіне қажетті инвестициялық саясат жүргізу туралы шешімдер қабылдайды.

Рентабелділік – ресурстарды пайдалану дәрежесін және шығындарды қайтару деңгейін сипаттайтын өндіріс тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші.

Рентабелділік көрсеткіштерін есептеу негізінде пайданың (коп жағдайда есепке таза пайда алынады) шығындатқан қаржыларға немесе өткізуден түскен түсімге немесе кәсіпорын активтеріне қатынасымен анықталады, яғни кәсіпорын қызметінің тиімділік дәрежесін сипаттайды және оның бірнеше түрлері бар.

12.2 Қазақстан Республикасының салық жүйесі

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық экономикалық қозғалысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет әдістерінің негізгі көзі – ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық инструменті, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің әдістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Нарықтық қатынастарға көшумен байланысты біздің еліміздің экономикасында көптеген жаңа мәселелер мен қажеттіліктер пайда болды. Олар жаңа мамандар мен жаңа теориялық және тәжірибелік дисциплиналардың, соның ішінде салық салу жүйесін негіздеді.

Салық салу жүйесін жекелей алғанда, оны нарықтық қатынастардың жаңалықтарына жатқызуға болмайды, бірақ жаңалық болып тәуелсіз бақылаудың пайда болуы табылады. Ол қоғамдық тәжірибелік қажеттілікті жүзеге асыруды-пайдаланушылар қызығушылығындағы экономикалық субъектілер ісі жөніндегі қаржылық ақпараттардың нақтылығын растауды қамтамасыз етті.

Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүрін, дамуының негізі болып табылады. Бұл құрлық жұмысты жазудағы мақсат салық жүйесінің мәні мен мазмұнын оқушыларға ашып көрсету, оның қалыптасуы мен дамуы туралы ақпаратты енгізу, аудиттің негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындап көрсету. Яғни осы құрлық жұмыста жазылған мәліметтер салықтар жөнінде жалпы мағлұмат береді.

Салықтар дегеніміз – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер.

Салықтар – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық категория. Салықтардың экономикалық мәні мынада: салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді. Сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекет үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді.

«Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты.

Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оның құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, салық службасы органдарының жиынтығы әдетте мемлекеттің салық жүйесін құрайды.

Салықтар мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жанаруымен бірге қалыптасады. Әрбір мемлекетке өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін белгілі бір мөлшерде қаржы көздері қажет.

Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тегік ретінде пайдаланылады.

Салықтардың мәнін толық түсіну үшін, олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салықтардың экономикалық маңызы олардың атқаратын қызметіне тікелей қатысты.

Салықтар негізгі мынадай қызметтері (функциялары) бар:

- реттеушілік;
- фискалдык;
- қайта бөлу.

Жоғарыда көрсетілген негізгі функциялармен қатар салықтардың ынталандыру, бақылау функцияларын атап кетуге болады.

Реттеушілік қызметі – салықтың ең негізгі қызметі. Осы қызмет арқылы салықтар ел экономикасына өз ықпалын тигізеді, яғни салықтар реттеу жүзеге асырылады. Салықтық реттеудің ең басты мақсаты - өндірістің дамуына ықпал ету. Салық түрлері, салық салу әдістері салықтық реттеудің тетіктері болып саналады.

Салықтардың әлеуметтік – экономикалық мәнімен мазмұны олар қарайтын функционалдарда толық ашыла түседі. Кәзіргі кезде салықтар фискалдык, реттеуші және қайта бөлу сияқты негізгі үш функцияны орындайды. Олардың әр қайсысы – осы қаржы категориясының ішкі қасиетін, белгілерімен ерекшеліктерін білдіреді.

Фискалдык функция барлық мемлекеттерге тән негізгі функция. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады. Мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі. Ойткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірістерін толтыра отырып, экономиканы, әлеуметтік – мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Салықтардың реттеуші функциясы мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол халық шаруашылығының дамуына қабылдаған бағдарламаларға сәйкес ықпал етеді. Бұл кезде салықтардың нысандарын таңдау

ставкаларының алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктерімен шегермелер пайдаланалы. Бұл реттегіштер қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымына, қордалану мен тұтыну ауқымына ықпал етеді.

Мемлекеттік салық салу саясаты – салық саласындағы шаралар жүйесін қоғамның оның нақтылы кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттеріне қарай әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес жүргізеді.

Салық жүйесі – өзінің құрамы жағынан бірнеше компоненттерден тұратын күрделі модель. Салық жүйесі компоненттерінің құрамы мынадай : қаржы қатынастары және осы қатынасты анықтайтын салықтар; салық механизмі, яғни салық салу әдістері мен жолдары; нұсқаулар мен әдістемелік құжаттар; салық салуды басқару және салық қызметі органдары. Салық салудың әдістері мен жолдары, нұсқаулар мен әдістемелік құжаттар, салық салуды ұйымдастыру, салық салудың негізгі принциптері және т.б-лар салық механизміне жатады. Салық жүйесінің жақсыда, тиімді қызмет істеуіне салық салу механизмінің тигізер ықпалы өте зор.

Салық салу элементтері мыналар:

Субъект, объект, салық көзі, салық ставкасы, салық өлшем бірлігі салық оклады, салық жеңілдіктері, салық төлеу мерзімі мен тәртібі, салық төлеушінің және салық қызметі органдарының құқы мен міндеттері, – салықтың төлеуін бақылау, салықтық жазалау шаралары.

Енді осы әрбір элементке қысқаша түсінік берейік.

Салық субъекті (салық төлеуші) дегеніміз – заң бойынша салық төлеу міндеті жүктелген жеке және заңды тұлғалар.

Салық объектісі – табыс, мүлік, еңбек ету түрі, қызмет көрсету, ақшамен жасалатын операциялар, мүлікті басқаға беру, табиғи қорларды пайдалану, қосылған құн, айналым және т.б.

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектісіне жататындар:
2. Рентабелділік.
3. Салықтар дегеніміз?
4. Салықтардың негізгі қызметтерін атаңыз.

13 Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі

13.1 Өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызы және оның түрлері

Өндірістің экономикалық тиімділігінің мәні қоғамның мүдделеріне сай ең аз мүмкін болатын шығындармен барынша жоғары нәтижелерге жету ретінде экономистердің көшілігімен түсіндіріледі. Сондықтан өндірістің экономикалық тиімділігін анықтау өндірістің нәтижесін, осы нәтижені қамтамасыз ететін нақты және алдыңғы уақыттағы еңбектің тұтастай шығындарымен салыстыруға негізделуі қажет.

Өндіріс тиімділігін анықтау үшін оның өлшемі, яғни мәнін ашып көрсететін бағалаудың басты белгісін анықтаудан басталады. Өндірістің экономикалық тиімділік өлшемінің мағынасы кәсіпорынның алдына қойылған даму мақсаттарына сәйкес алынатын нәтижелерді барынша көбейту немесе жұмсалған шығындарды мүмкіншілігіне қарай аз жұмсау қажеттілігінен шығады. Мұндай мақсаттар ретінде өмір сүруді және тұрақты өсуді қамтамасыз ету, құрылымдықты қайта құру, әлеуметтік стратегия және т.с.с. түрлері болуы мүмкін. Осы мақсаттардың алуан түрлілігіне қарамастан ең жоғары экономикалық нәтижелерге жету, ұзақ мерзімді даму болашағын ескере отырып, пайданың мол көлемін табуға ұмтылу мақсаттары үстем болып табылады.

Осыдан өндіріс тиімділігінің негізгі сандық өлшемі ретінде жұмсалған капиталға шаққандағы пайданың жылдық мөлшері болып табылады

$$E = \Pi \times 100 / K = (B - OQ) * 100 / K,$$

мұнда E - жұмсалған капиталға шаққандағы пайда мөлшері, %;

Π - жылдық пайда, теңге;

K - пайда алуды қамтамасыз ететін күрделі қаржылар, теңге;

B - өнім өндірісінің жылдық көлемі, теңге;

OQ - бір жылда шығарылған өнімнің толық, өзіндік құны, теңге.

Өнімнің еңбек сыйымдылығы – нақты еңбек өнімділігінің көрсеткішіне кері шама, ол материалдық өндіріс саласында шығындылған еңбек шығынының өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасы арқылы анықталады

$$EC = E / Q,$$

мұнда E - материалдық өндіріс саласында шығындалған еңбектің шамасы;

Q - өндірілген өнімнің жалпы көлемі (әдетте, жалпы өнімнің).

Еңбек сыйымдылығы, материал сыйымдылығы, капитал сыйымдылығы және қор сыйымдылығы қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштері болып табылады.

Қоғамдық өнімнің материал сыйымдылығы шикізат, материал, отын, энергияның және басқа да еңбек құралдары шығындарының жалпы қоғамдық өнімге қатынасымен аныкталады. Сала (бірлестік, кәсіпорын) өнімінің материал сыйымдылығы материалдық шығындардың өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасымен аныкталады

$$MC = M / Q,$$

мұнда M - өнім өндірісіне кеткен материалдық шығындардың жалпы ақшалай түріндегі көлемі;

Q - өндірілген өнімнің жалпы көлемі (әдетте, жалпы өнімнің).

Өнімнің капитал сыйымдылығы мен қор сыйымдылығының көрсеткіштері де белгілі деңгейде өзара жақын болып келеді. Өнімнің капитал сыйымдылығы көрсеткіші күрделі салымдар шамасының шығарылатын өнім көлемінің өсіміне қатынасын көрсетеді

$$KC = K / \Delta Q,$$

мұнда K - күрделі салымдардың жалпы көлемі;

ΔQ - шығарылған өнім көлемінің өсімі.

Капитал сыйымдылығын күрделі салымдар шамасының өндірілген ұлттық табыс өсіміне қатынасы бойынша да есептеуге болады.

Өнімнің қор сыйымдылығы халық шаруашылығының негізгі өндірістік қорларының орташа құнының өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасы ретінде аныкталады

$$KC = HK / Q,$$

мұнда HK - халық шаруашылығының негізгі өндірістік

қорларының орташа құны;

Q - өндірілген өнімнің (әдетте, жалпы өнімнің) жалпы көлемі.

Қор сыйымдылығын, капитал сыйымдылығы сияқты, өндірілген ұлттық табыс өсіміне қатынасы бойынша да есептеуге болады.

13.2 Өндірістің жалпы тиімділігі және оның көрсеткіштері жүйесі.

Өндірістің жалпы тиімділігі – қажетті түпкілікті нәтижеге қол жеткізу жолында адамның өндірістік, шаруашылық қызметінің жұмсалған ресурстарға (еңбекке, материалдарға, қаржыға) қатынасы, яғни өндіріс нәтижесінің пайдаланылған ресурстарға қатынасынан көрініс табатын нәтижелілік. Нәтиже экономикалық (өнімнің, пайданың өсуі, т.б.) және әлеуметтік (еңбек жағдайының жақсаруы, қоршаған орта мен адам денсаулығының сақталуы, т.б.) сипатта болатындықтан, өндірістің тиімділігі экономикалық тиімділік және әлеуметтік тиімділік түрлеріне бөлінеді. Шаруашылықты жүргізудің қазіргі жағдайында өндірістің түпкілікті нәтижелерінің әлеуметтік тиімділігі еңбек жағдайларының нашарлауы, қоршаған ортаға зиян келтірілуі, адамның тіршілік әрекетінің басқа да көрсеткіштерінің төмендеуі есебінен өнім өндіру көлемін ұлғайтуға немесе пайда алуға жол беруге болмайды деген мағынаны білдіреді.

Өндірістің экономикалық тиімділігінің нәтижелілік көрсеткіштері: шығарылған өнімнің көлемі немесе пайда, немесе пайда, ресурстар тиімділігінің нәтижелілігі – еңбек пен өндіріс құрал-жабдығының (өндірістік қорлардың) жиынтық шығыны. Экономикалық тиімділік көрсеткіштері алуан түрлі. Мысалы, ұлттық табыс, өнім шығару немесе пайда көлемі өсуінің осы өсуді туғызған күрделі жұмсалымға қатынасы экономикалық тиімділік көрсеткіштері болуы мүмкін. Еңбек өнімділігі, өнім сапасы, оның материал сыйымдылығы, қор сыйымдылығы өндірістің тиімділігінің қосынды көрсеткіштері болып табылады. Экономикалық тиімділіктің артуы жоғары әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу үшін негіз болып табылады, ал олар өз кезегінде экономикалық нәтижеге барған сайын күшті ықпал етеді. Сондықтан Өндірістің тиімділігінде экономикалық және әлеуметтік көзқарастың бірлігі мен өзара байланысы – шаруашылықты жүргізудің аса маңызды қағидағының бірі болып табылады.

Өндіріс – қоғамдық өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті материалды өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің өндіруісіне адамдардың әсер ету процесі.

Өнімді дайындау әдеттегідей мақсатты бағытталған процесс және нарықтағы коммерциялық жұмысқа сәйкес ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Өндірістік процесс өзінің құрамына дайын өнім өндіру үшін шикізаттар мен материалдардың формасын, қасиетін, параметрлерін және тағы басқа сипатын өзгерту мақсатында технологиялық операциялардан тұрады. Өндірістік процесс бұйымның мәндік сипатына және оны өндіру технологиясына байланысты болады. Соңғысы сәйкес өндірістік элементтер жиынын білдіреді (негізгі және қосымша өндіріс, оған қызмет көрсету және басқару). Олардың әртүрлі комбинациясы өнімнің қозғалысын анықтайтын кәсіпорынды құрудың өндірістік құрылымын білдіреді. Өндірістік құрылымның әрекет етуі өзара ұйымдастыруды жетілдіру дәрежесімен және онымен әртүрлі элементтерді координациялаумен анықталады. Басқана айтқанда, ол кәсіпорынды ұйымдастырудың ішкі логикасын анықтайды немесе оны ұйымдық құрылым деп те атайды. Ұйымдық құрылым кәсіпорындағы өнімді өндіру мен өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыратын өндірістік қызметтер қандай субординация және координацияда болуы керек екенін көрсетеді.

Өндірістің экономикалық өсуіне экстенсивтік немесе интенсивтік тәсілмен қол жеткізуге болады – өнімнің өсу қарқынының ресурстардың немесе шығындардың өсу қарқынынан артық болуы экономикалық өсудің басым интенсивті екендігін дәлелдеді. Өндірістің экономикалық тиімділігінің жоғары қарқынды және бірыңғай өсуін қамтамасыз ету мүмкіншілігі тек дамудың интенсивті түріне өтуіне жағдайдай жасайды. Бұдан шығатын қорытындыны жан-жақты интенсификация – оның тиімділігін нығайтудың шешуші себебі. Сөз ең алдымен, әрбір материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының бірлігінің құрылымын арттыру үшін негізгі өндірістік қорларды тек пайдалану туралы болып отыр.

Өндірістің тиімділігінің ең басты көрсеткіші еңбек өнімділігі болып саналады, ол өндіріс нәтижесі мен жұмыс істеушілердің орташа тізім санының арақатынасымен немесе еңбек сыйымдылығымен, өнім бірлігіне кеткен жұмыс уақытының шығындарымен өлшенеді. Жапонияда өнімділік, кәсіпорынның іскерлік белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштер қатарына жатқызылады. Бұл елдің кәсіпорындарының қаржылық есебінде есептелген түрінде мынадай еңбек өнімділігі коэффициенттері келтіріледі:

Бір жұмыс істеушіге шаққандағы сату көлемі = Сату көлемі / қызметкерлердің жылдық орташа саны.

Бір жұмыс істеушіні ұстау үшін кеткен шығындар = Еңбекке

кеткеншығындар / Қызметкерлердің жылдық орташа саны.

Бір жұмыс істеушіге пайда негізгі қызметтен негізгі қызметтен түскен пайда = негізгі қызметтен түскен пайда / Қызметкерлердің жылдық орташа саны.

Біздің кәсіпорындарда еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткішісі бір жұмыс істеушіге шаққандағы жылдық өнім болып табылады.

Оның шамасы бір жұмысшыға шаққандағы орташа өндірілген өнім мен жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағына байланысты.

Бұл тәуелділік мына формуламен көрсетіледі

$$W = D^N / R = D^N \times r / R \times r = D^N / r \times r / R,$$

мұнда D^N - өнімді сағудан түскен табыс (ақша);

K - жұмыс істеушілердің тізімдік орташа саны;

r - жұмысшылардың тізімдік орташа саны.

Формуладан, біз бөлшекті бір санға (r) көбейтін; және бөлін көбейткіштер алып, одан бір жұмысшыға шаққандағы өндірілген өнім және оның үлес салмағы көп болған сайын, бір жұмыс істеушіге есептелген орташа жылдық өндірілгені де жоғары болатынын көреміз.

Өндірістің тиімділік көрсеткіштері.

Елдің экономикалық өсуін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қарастырамыз. Бұрын атан өткендей, ондай көрсеткіштер – ЖІӨ, ЖҮӨ, ҮГ, сондай-ақ осы көрсеткіштер елдің тұрғындарының санына да қатысты болып табылады.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – белгілі бір кезең уақытында оның экономикалық аумағында елдің экономикалық резидентімен шығарылған, соңғы тауарлар мен қызметтердің сомалық рыноктық құны.

Экономикалық ғылымда «экономикалық резидент» түсінігінің ерекше мәні бар. Экономикалық резидент, сол елдің экономикасына жыл бойына немесе одан көбірек мерзімде өзінің экономикалық мүддесіне байланысты, оның ұлты мен азаматтығына тәуелсіз, экономикалық бірлік (кәсіпорын немесе үй шаруашылығы) болып табылады.

Сөйтіп, ЖІӨ ні есептегенде, материалдық өндіріс пен қызмет көрсету аясындағы кәсіпорындардың өнімдерінің жиынтық құны есептеледі (олардың ұлттық ерекшелігінен тәуелсіз), сондай-ақ сол елдің экономикалық аумағында орналасқан, үй шаруашылығының табыстары, сонымен бірге олардың мүддесі, оны қабылдаған елдің

экономикасымен ұзақ кезең уақыты ішінде байланысты болуы тиісті (жылдан кем емес).

Жалпы ұлттық өнім (ЖҮӨ) – өзінің қызметін жүзеге асыратын, аумақта тәуелділіктен тыс, ұлттық экономикалық бірлікпен шығарылған, барлық соңғы тауар мен қызметтердің рыноктық құнының сомасы.

ЖҮӨ молшерлеу үшін ЖІӨ көрсеткіштері бір жағынан, сол елдің шетелден кәсіпорынымен және жеке тұлғамен алынған пайдалары мен табыстары арасындағы айырмашылықты, екінші жағынан, сол елде шетел кәсіпорнымен және шетел жеке тұлғасымен алынған пайдалар мен табысты қосады.

ЖІӨ және ЖҮӨ-нің көрсеткіштері жалпы көрсеткіштер болып табылатындықтан негізгі капиталдық (өтелем) тұтынуынан шегерусіз есептеледі.

Өтелім, яғни негізгі капиталды тұтыну, оның физикалық және моральдық тозуы нәтижесінде, есептік кезең ішінде негізгі капиталдың құнының азаюын көрсетеді.

Ішкі және ұлттық өнім теория жүзінде таза негізде, яғни негізгі капиталды тұтыпуды шегерумен анықталады. Мұндай жағдайда, елдің, экономикалық дамуын сипаттайтын тағы да екі макроэкономикалық көрсеткіш - таза ішкі өнім (ТІӨ) және таза ұлттық өнім (ТҮӨ) пайда болады.

Ұлттық шоттар жүйесіне (ҮШЖ) сәйкес, ЖІӨ көрсеткіштерін пайдалану ұсынылатын елдердің экономикалық дамуын бағалау үшін БҮҮ мүшелері елдерінің статистикалық органы жұмыс істеуі тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. Өндіріс дегеніміз не?
2. Өндірістің тиімділігінің ең басты көрсеткіші?
3. Жалпы ұлттық өнім туралы не білесіз?
4. Өндірістің жалпы тиімділігі.

Тесттер

1. Экономика – бұл:

А) шектелген ресурстар жағдайында материалдық игіліктерді өндіру, бөлу және тұтыну үрдісінде қоғамның да, жеке адамның да тәртібін зерттейтін ғылым;

- В) шектелген ресурстарды қолдану туралы ғылым;
- С) кәсіпорын шеңберіндегі белгілі шаруашылық құбылыс;
- Д) кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі;
- Е) кәсіпкерлік пен бизнестің сферасы.

2. Негізгі экономикалық ресурстарға жатады:

А) асыл металдар;
В) ақша қаражаты және құнды қағаздар;
С) жер (табиғи ресурстар), еңбек, капитал, кәсіпкерлік қабілеттілік;

- Д) инвестициялық қарыздар мен депозиттер;
- Е) маманданған даму қорларының қаражаттары.

3. Бәсекелестік пен ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқындары жағдайында экономикалық ресурстарды қолданудағы басым рөл беріледі:

- А) еңбек ресурстарына;
- В) кәсіпкерлік қабілеттілікке;
- С) табиғи ресурстарға;
- Д) капиталға;
- Е) кәсіпорынның қаржы мүмкіндіктеріне.

4. Мемлекеттің негізгі экономикалық проблемаларына жатады:

- А) экономикалық құлдырау, инфляция, жұмыссыздық;
- В) несие бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелер;
- С) табиғи ресурстардың аз қорлары;
- Д) салаишілік кооперацияның болмауы;
- Е) салааралық интеграцияның болмауы.

5. Ғылымның, техника мен өнеркәсіптің үдемелі дамуы – бұл:

- А) индустриализация;
- В) экономикалық осу;
- С) инновациялық үрдіс;

- D) инвестициялық үрдіс;
- E) ғылыми-техникалық прогресс.

6. Елдің ЖІӨ өсуінің жыл сайынғы қарқыны – бұл:

- A) инновациялық даму;
- B) ғылыми-техникалық прогресс;
- C) экономикалық өсу;
- D) инвестициялық даму;
- E) индустриализация.

7. Кәсіпкерлік қабілеттілік – бұл:

- A) адамның жерді, еңбек пен капиталды тауарлар немесе қызметтер өндірісінің бірыңғай үрдісіне біріктіру ептілігі;
- B) азаматтардың табыс пен пайда алуға бағытталған талапты қызметі;
- C) инновациялық бизнестің түрі;
- D) инновациялық қызметті ұйымдастыру;
- E) ғылыми зерттеулердің түрі.

8. Мемлекет бәсекеге қабілетті және тиімді экономиканы қалыптастыру үшін жағымды жағдайлар жасайтын шаралар кешені – бұл:

- A) мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясат;
- B) әкімшіл-әміршіл саясат;
- C) директивті саясат;
- D) фискалдық саясат;
- E) әлеуметтік саясат.

9. Қазақстан Республикасының қазіргі өнеркәсіптік потенциалы қамтиды:

- A) инвестициялық кешенді;
- B) банк саласын;
- C) білім беру саласын;
- D) түсті және қара металлургияны, мұнай химиясын, машина жасауды, құрылыс материалдар өндірісін, ауыл шаруашылығын;
- E) инновациялық кешенді.

10. Қазақстан Республикасының экономикасы келесі қағида бойынша құрылған:

- A) аралас экономика – экономиканы мемлекеттік реттеу мен жеке кәсіпорындардың қызмет етуі;

- В) әкімшіл-әміршіл экономика;
- С) директивті экономика;
- Д) таза капитализм;
- Е) мемлекеттік монополиялар.

11. Кәсіпорын – бұл:

- А) тауарлар мен қызметтерді өндіру мен бөлу бойынша бір немесе бірнеше функцияларын орындайтын шағын немесе ірі дүкен, шахта, ферма, фабрика, зауыт түріндегі мекеме;
- В) шағын, орта мен ірі фирмалардың барлық түрлері;
- С) коммерциялық емес ұйым;
- Д) ғылыми зерттеулермен айналысатын ұйым;
- Е) кез келген коммерциялық фирма.

12. Фирма – бұл:

- А) екі немесе одан да көп кәсіпорындарға ие және оларды басқаратын ұйым;
- В) сауда кәсіпорыны;
- С) өндірістің механизацияланған процестермен мекеме;
- Д) халық тұтынатын тауарлар өндірісі бойынша кез келген кооператив;
- Е) машиналар жүйелерін қолдануға негізделген кәсіпорын.

13. Жалпы мақсатқа арналған бірдей немесе ұқсас өнімдер шығаратын кәсіпорындар тобы – бұл:

- А) холдинг;
- В) сала;
- С) синдикат;
- Д) трест;
- Е) концерн.

14. Өзара технологиялық байланысқан бір аумақ шегінде кәсіпорындардың жиналуы және шоғырлануы – бұл:

- А) технопарк;
- В) мегаполис;
- С) кластер;
- Д) технополис;
- Е) корпорация.

15. Материалдық өндіріс пен экономиканың өндірістік емес сферасының негізгі мақсаты болып табылады:

А) жиынтық қоғамдық өнімді жасау, экономикалық осудің қарқындарын қамтамасыз ету, ұлттық табысты жасау;

В) елдің мемлекеттік саясатын қалыптастыру;

С) заң жүйесін қалыптастыру;

Д) елдің саяси курсың бекіту;

Е) салық жүйесін реттеу.

16. Экономиканың ірілендірілген салаларына жаталы:

А) өндіру және өңдеу өнеркәсібі;

В) агроөнеркәсіптік кешен және машина жасау;

С) экономиканың энергетикалық секторы кәсіпорындардың топтары;

Д) кластерлер мен технопарктер;

Е) арнайы экономикалық аймақтар.

17. Материалдық өндірістің салаларына жаталы:

А) тұрғын-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі;

В) өнеркәсіп, ауыл және орман шаруашылығы, жүк көліктері, құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтану, ақпараттық-есептеу қызмет көрсету;

С) денсаулық сақтау және дене шынықтыру;

Д) несиелендіру және сақтандыру;

Е) халыққа білім беру, ғылым мен ғылыми қызметтер.

18. Өнеркәсіптік кешеннің құрама элементтері болып табылады:

А) электроэнергетика, кара және түсті металлургия, машина жасау, химиялық өндіріс, құрылыс материалдар өндірісі;

В) қаржылық ұйымдар мен банк секторы;

С) қызмет көрсету сферасының кәсіпорындары;

Д) қоғамдық ұйымдар мен қорлар;

Е) білім беру жүйесінің ұйымдары.

19. Салааралық кешен келесі сапалық критерийлермен сипатталады:

А) инновациялық белсенділіктің жоғары деңгейі;

В) кәсіпорындар арасында интеграциялық байланыстардың болуы, өнім өндірісі мен бөлудің әртүрлі сатыларының бірігуі;

С) инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейі;

Д) ғылыми-зерттеушілік зертханалардың болуы;

Е) кәсіпорындарда сыртқыэкономикалық байланыстардың

болуы.

20. Коммерциялық кәсіпорын – бұл:

- A) сауда операциялары мен коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыруға негізделген кәсіпорын;
- B) қызметінің негізінде тауарлар мен қызметтер өндірісі жататын кәсіпорын;
- C) мемлекеттік мекеме немесе ұйым;
- D) инновациялық зерттеулермен айналысатын кәсіпорын;
- E) мақсаты қоғамдық табылу болып табылатын кәсіпорын.

21. Көлемі бойынша кәсіпорындарды жіктеу кезінде негізгі белгі ретінде әдетте қолданылады:

- A) өндіріс көлемі;
- B) персонал саны;
- C) мүлік құны;
- D) ұйым мақсаты;
- E) сату көлемі.

22. Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандарына жатады:

- A) жеке кәсіпкерлік, серіктестіктер, акционерлік қоғам;
- B) компания, қаржы-өнеркәсіптік топ;
- C) трест, холдинг;
- D) синдикат, картель;
- E) қоғамдық бірлестіктер, тұтынушылық кооперативтер.

23. Кәсіпорын акцияларының бақылау пакеті мүмкіндік береді:

- A) пайданы бөлу кезінде дивиденттерді алуға ғана;
- B) акционерлердің жалпы жиналысы жұмысына қатысуға ғана;
- C) кәсіпорынға ие болуға және басқаруға, акционерлердің жалпы жиналысы жұмысына қатысуға, пайданы бөлу кезінде дивиденттерді алуға;
- D) бас директордың кеңесшісі болуға;
- E) бас аудитор болуға.

24. Бизнес-кәсіпкерлік ескереді:

- A) кәсіпкердің пайда, таза табыс алуға ғана бағдары;
- B) кәсіпкердің инновациялар мен жаңа технологияларды дамытуға жоғары деңгейінің бағдары;

С) кәсіпкердің кәсіпорын қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жоғары деңгейінің бағдары;

Д) ғылыми зерттеулер мен ғылыми бағдарламаларды қаржыландыру;

Е) экономикалық дамудың әлемдік трендтерін зерттеу мен талдау.

25. Коммерциялық емес кәсіпкерліктің секторы келесі ұйымдық-құқықтық нысандарды құрастырады:

А) акционерлік қоғам;

В) жеке кәсіпкерлік;

С) серіктестіктер;

Д) қоғамдық бірлестіктер, тұтынушылық кооперативтер;

Е) картельдер мен синдикаттар.

26. Көлемі бойынша ірі, соның ішінде едәуір қаржылық мүмкіндіктерге не кәсіпорындар әдетте келесі нысанда құрылады:

А) жауапкершілігі шектеулі серіктестік

В) акционерлік қоғам;

С) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;

Д) командиттік серіктестік;

Е) концерн.

27. Шаруашылық серіктестіктер ұйғарады:

А) бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін азаматтардың қаржылық және материалдық мүмкіндіктерін біріктіруді;

В) акционерлердің бірігуін;

С) капиталдардың бірігуін;

Д) ресурстардың бірігуін;

Е) мемлекеттік ұйымдардың бірігуін.

28. Орта, ірі және аса ірі инновацияларды қаржыландыру мүмкіндігі келесі ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындарға тән:

А) жеке кәсіпкерлік;

В) серіктестіктер;

С) акционерлік қоғамдар;

Д) қоғамдық бірлестіктер;

Е) кооперативтер.

29. Көлденен немесе тік фирманың құрамына кіретін кәсіпорындар арасында ақша қаражаттарының ағымын жоспарлау және өзара есеп айырысу жүйесі – бұл:

- A) фирмаішілік коммерциялық есеп;
- B) техника-экономикалық негіздеме;
- C) бизнес-жоспар;
- D) бюджеттеу;
- E) фирманың шығынсыздық кестесі.

30. Кәсіпорынның кеңейтілген ұдайы өндірісінің қоры келесі мақсатқа арналған:

- A) акциялар бойынша пайыздарды төлеу;
- B) негізгі құралдарды ағымдағы және жоспарлы жөндеуін өткізу;
- C) кәсіпорынның айналым құралдарын толықтыру;
- D) негізгі қорларды қайта құру мен жаңарту, кәсіпорынның іске асырылып отырған инновациялық саясатымен сәйкес қосымша цехтер құрылысы;
- E) құрылтайшыларға сыйақыларды төлеу.

31. Қарқынды ғылыми-техникалық прогресс пен әлемдік бәсекелестік дамуының жоғары қарқындары жағдайында кеңейтілген ұдайы өндіріс қорына бағытталады:

- A) өнеркәсіптік кәсіпорынның таза табысының 90-нан 95 % дейін;
- B) өнеркәсіптік кәсіпорынның таза табысының 5-тен 10 % дейін;
- C) өнеркәсіптік кәсіпорынның таза табысының 15-тен 20 % дейін;
- D) өнеркәсіптік кәсіпорынның таза табысының 20-дан 25 % дейін;
- E) өнеркәсіптік кәсіпорынның таза табысының 30 % дейін.

32. Экономикалық тиімділік (рентабельділік) – бұл:

- A) жалпы табыстың таза табысқа қатынасы;
- B) кәсіпорын шығындарының (инвестициялар, капиталдық шығындар, өндірістік өзіндік құн, кезең шығындары) бірлігіне шаққандағы таза табыстың көлемі;
- C) өндірістік шығындардың капиталдық салымдарға қатынасы;
- D) өнімді сату бойынша шығындардың өндірістік шығындарға қатынасы;
- E) жоспарланған инвестициялардың факт бойынша

инвестицияларға қатынасы.

33. Өндірістің тиімділігін жоғарлатудың маңызды факторы болып табылады:

- A) инновациялық қызмет пен ғылыми-техникалық прогресс;
- B) кәсіпорынның ішкі ортасын талдау;
- C) кәсіпорынның сыртқы ортасы;
- D) қаржы ресурстарының болуы;
- E) дебиторлық берешек.

34. Кәсіпорынның жеке ұйымдық-өндірістік қызметтерін (кадрларды басқару, бухгалтерлік есеп, өндірістік үрдістер) маманданған шаруашылық субъектілерге сенімді басқаруға беру – бұл:

- A) аудит;
- B) рекрутинг;
- C) консалтинг;
- D) инжиниринг;
- E) аутсорсинг.

35. Кәсіпорынның салық салынатын табысын реттеу мақсатында мемлекет:

- A) кәсіпорын шығындарының жеке түрлеріне (амортизациялық аударымдар, кезең шығындары, іс-сапар шығындары) нормалар бекітеді;
- B) жыл сайын кәсіпорынның қаржылық аудитін жүзеге асырады;
- C) кәсіпорынның жоспарлы мемлекеттік тексерістерін орындайды;
- D) еңбекақы мөлшерлерін шектейді;
- E) материалдық ресурстарды жұмсау нормаларын бекітеді.

36. Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлардың құрамына келесі материалдық-заттық элементтер кіреді:

- A) тек ғимараттар;
- B) ғимараттар, құрылыстар, ауыстыратын құрылғылар, машиналар мен жабдықтар (соның ішінде күш беруші машиналар мен жабдықтар), зертханалық жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптар мен құрылғылар, есептеу техникасы, басқа да машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтар;

С) ғимараттар, құрылыстар, ауыстыратын құрылыстар, машиналар мен жабдықтар (соның ішінде күш беруші машиналар мен жабдықтар), зертханалық жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптар мен құрылыстар, есептеу техникасы, басқа да машиналар мен жабдықтар, аяқталмаған өндіріс, аспаптар мен құралдар, көлік құралдары;

Д) ғимараттар, құрылыстар, ауыстыратын құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, шикізаттар мен материалдардың қорлары, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтар;

Е) ғимараттар, құрылыстар, ауыстыратын құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен құралдар, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтар, қоймадағы дайын өнім.

37. Негізгі өндірістік қорларды қолдану деңгейін сипаттайды:

А) қор қайтарылымы, қор сыйымдылығы, капиталдың рентабельділігі;

В) ауысымдық коэффициенті;

С) өнім рентабельділігі, пайда;

Д) жұмысшылар еңбегінің қормен жарактанғандығы;

Е) жұмысшылар еңбегінің өнімділігі.

38. Негізгі өндірістік қорларды экстенсивті қолдануды сипаттайды:

А) жұмысшылар еңбегінің қормен жарактанғандығы;

В) қор қайтарылымы, қор сыйымдылығы;

С) ауысымдық коэффициенті, уақыт бойынша жабдықтарды экстенсивті қолдану коэффициенті;

Д) өндіріс рентабельділігі;

Е) кәсіпорын пайдасы.

39. Қор қайтарылым көрсеткіші сипаттайды:

А) негізгі өндірістік қорлар құнының бірілігіне шаққандағы тауар өнімі көлемінің мөлшерін;

В) еңбектің техникалық жабдықтаудың деңгейін;

С) сатылған өнімнің I теңгесіне шаққандағы негізгі қорлардың меншікті шығындарын;

Д) айналым құралдардың айналым санын;

Е) дебиторлық берешектің көлемін.

40. Негізгі қорлардың амортизациясы – бұл:

- A) негізгі қорларды ұстауға шығындар;
- B) негізгі қорлардың тозуы;
- C) негізгі қорларды қайта құру;
- D) тозудың ақшалай көрінісі, шығарылатын өнімнің өзіндік құнына негізгі қорлардың құнын біртіндеп ауыстыру процесі;
- E) негізгі қорларды жөндеуге шығындар.

41. Негізгі қорларды салуға немесе сатып алуға, оларды жеткізу, түсіруге, тиеуге, монтажына шығындар сомасы көрсетеді:

- A) негізгі өндірістік қорлардың бастапқы құнын;
- B) негізгі өндірістік қорлардың қалдық құнын;
- C) негізгі өндірістік қорлардың қайта құру құнын;
- D) тозуды есептегенде қорлардың қайта құру құнын;
- E) негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын.

42. Егер еңбек өнімділігінің осы қарқыны еңбекті қормен жаратандырудың осы қарқынан өзеа, онда бұл қамтамасыз етеді:

- A) амортизациялық аударымдардың өсуін;
- B) қор сыйымдылығының өсуін;
- C) қор қайтарымының төмендеуін;
- D) қор қайтарымының өсуін;
- E) бастапқы құнын өсуін.

43. Кәсіпорын қор қайтарымының прогрессивтілігі анықталады:

- A) берілген көрсеткішті басқа ұқсас кәсіпорындардың қор қайтарымы көрсеткіштерімен саластыру жолымен;
- B) амортизациялық аударымдардың өсу динамикасымен;
- C) капитал рентабельділігінің өсу динамикасымен;
- D) өндіріс рентабельділігінің өсу динамикасымен;
- E) негізгі капиталдың ұдайы өндіріс қорының өсу динамикасымен.

44. Тауар өнімнің көлемі 1 000 000 тиг. және негізгі қордың орташа жылдық құны 950 000 тиг., жұмысшылар саны 500 адам болғанда қор сыйымдылығы құрайды:

- A) 1,2;
- B) 0,98;
- C) 1;

- D) 0,95;
- E) 0,86.

45. Тауар өнімнің көлемі 1 000 000 тиг. және негізгі қордың орташа жылдық құны 950 000 тиг., жұмысшылар саны 500 адам болғанда қор қайтарылымы құрайды:

- A) 1,05;
- B) 1,5;
- C) 1,6;
- D) 2;
- E) 2,05.

46. Тауар өнімнің көлемі 1 000 000 тиг. және негізгі қордың орташа жылдық құны 950 000 тиг., жұмысшылар саны 500 адам болғанда қормен жарактанғандығы құрайды:

- A) 3000;
- B) 2500;
- C) 1900;
- D) 5250;
- E) 6750.

47. Негізгі қорлардың активті бөлігіне жатады:

- A) жұмыс машиналары мен жабдықтар;
- B) жолдар;
- C) эстакадалар;
- D) үңгіртаулар;
- E) көпірлер.

48. Жеделдетілген амортизация мүмкіндік береді:

- A) кәсіпорын пайдасын жоғарлатуға;
- B) негізгі құралдарды жоғары техникалық және прогрессивті деңгейде ұстауға;
- C) амортизация ретінде өнім құнына қосылатын соманы төмендетуге;
- D) кәсіпорын рентабелділігін жоғарлатуға;
- E) кәсіпорынның әлеуметтік бағдарламаларын жоғарлатуға.

49. Өнеркәсіптік кәсіпорынның негізгі құралдарының жалпы құны 500 млн. теңге, өзіндік құн 150 млн. теңге және таза табыс 50 млн. теңге болғанда капиталдың рентабельділігі құрайды:

- A) 10 %;
- B) 40 %;
- C) 30 %;
- D) 20 %;
- E) 25 %.

50. Норма – бұл:

- A) қызмет көрсету шаруашылығына ресурстардың шығыны;
- B) кәсіпорынның өндірістік бағдарламасына ресурстардың шығыны;
- C) негізгі өндіріске ресурстардың шығыны;
- D) көмекші өндіріске ресурстардың шығыны;
- E) өнімнің бірлігін шығаруға ресурс шығынының белгіленген шамасы.

51. Норматив – салыстырмалы шама, ол сипаттайды:

- A) ресурстарды қолдану дәрежесін;
- B) өндірістік циклдың ұзақтығын;
- C) аяқталмаған өндірістің масштабын;
- D) өндірістің жағдайын;
- E) тауар-материалдық құндылықтардың қорларын.

52. Айналым капиталға жатады:

- A) гимраттар;
- B) шикізат пен негізгі материалдар;
- C) құрылыстар;
- D) жабдықтар;
- E) көлік құралдары.

53. Нормаланатын айналым құралдарға жатады:

- A) дайын өнім, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс;
- B) дебиторлық берешек;
- C) кассадағы қаражат;
- D) кредиторлық берешек;
- E) есеп шоттағы ақша қаражаты.

54. Аяқталмаған өндірісте айналым құралдарды нормалау үшін қандай құрастырушылар қолданылады:

- A) өнім партиясын жөнелтуге дайындау уақыты;
- B) өнімді орауға, оны тесгілеуге, қоймаға жеткізу уақыты;
- C) өндірістік үрдістің өзіндік құны, уақыттың күнтізбелік кезеңі.

өндірістік циклының ұзақтығы, шығындардың өсім коэффициенті;

Д) өндіріске ТМҚ дайындауға, жеткізуге, түсіруге, тиеуге қажетті уақыт;

Е) жартылай фабрикалардың бір жұмыс орнынан басқасына қозғалыс уақыты.

55. Дайын өнімде айналым құралдарды нормалау үшін қандай құрастырушылар қолданылады:

А) өнімді орауға, оны тестілеуге, қоймаға;

жеткізу уақыты, өнім өндірісінің біркүндік көлемі;

В) өнім партиясын жөнелтуге дайындау уақыты;

С) өндіріске ТМҚ дайындауға, жеткізуге, түсіруге, тиеуге қажетті уақыт;

Д) жартылай фабрикалардың бір жұмыс орнынан басқасына қозғалыс уақыты;

Е) өнімді шығару уақыты.

56. Өндірістік қорларға айналым құралдарды нормалау үшін қандай құрастырушылар қолданылады:

А) өндіріске ТМҚ дайындауға, жеткізуге, түсіруге, тиеуге қажетті уақыт, ТМҚ біркүндік шығыны;

В) өнімді орауға уақыт;

С) өнім партиясын жөнелтуге дайындау уақыты;

Д) жартылай фабрикалардың бір жұмыс орнынан басқасына қозғалыс уақыты;

Е) өнімді шығару уақыты.

57. Айналыс қорларға жатады

А) ІЗТКЖ-ға шығындар

В) өндірістік-шаруашылық қорлар, жартылай фабрикалар, аяқталмаған өндіріс, алдағы кезеңдердің шығындары

С) дайын өнім, кассадағы және есеп шоттағы ақша қаражаттары, дебиторлық берешек

Д) негізгі капиталға инвестициялар

Е) жарнамаға шығындар

58. Айналым қорларға жатады:

А) қоймадағы дайын өнім;

В) өндірістік-шаруашылық қорлар, жартылай фабрикалар, аяқталмаған өндіріс, болашақ кезеңдегі шығындар;

С) кассадағы ақша қаражаттары;

- D) дебиторлық берешек;
- E) ГЗГКЖ-ға шығындар.

59. Төксан үшін «А» материалы бойынша өндірістік шығындар 300 мың теңгені құрады, ал күндерде айналым құралдырының нормативі 40 күн. «А» материалы бойынша өндірістік қорларда айналым құралдырының жалпы нормативі құрайды:

- A) 133.3 мың теңгені;
- B) 7.5 мың теңгені;
- C) 12000 мың теңгені;
- D) 750 мың теңгені;
- E) 120 мың теңгені.

60. Төксан үшін өндірістік өзіндік күн 300 мың теңге және өндірістік циклдың ұзақтығы 10 күн. өндірісте айналым құралдарының нормативі құрайды:

- A) 310 мың теңгені;
- B) 30 мың теңгені;
- C) 3000 мың теңгені;
- D) 33.3 мың теңгені;
- E) 0.3 мың теңгені.

61. Өнімнің еңбек сыйымдылығы көрсетеді:

- A) өнім бірлігінің өндірісіне еңбек шығындарын немесе өнімнің өзіндік құны құрамындағы еңбекақының үлес салмағын;
- B) жұмыс уақыты бірлігінде өндірілетін өнім көлемін;
- C) өнім өндірісіне негізгі жұмысшылардың еңбекке шығындарын;
- D) көмекші жұмысшылардың еңбекке шығындарын;
- E) кесімді жұмысшылардың еңбекке шығындарын.

62. Өндірістік бағдарланың еңбек сыйымдылығы мен жұмыс уақытының балансы бойынша келесі жұмысшылардың саны анықталады:

- A) көмекші жұмысшылар;
- B) нормаланатын жұмыстарда істейтін негізгі жұмысшылар;
- C) ұсталар;
- D) электриктер;
- E) краншы.

63. Жұмыс уақыты балансының қорытынды көрсеткіші көрсетеді:

A) кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың тиімді жылдық қорын;

B) кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың номиналды жылдық қорын;

C) кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың перспективті жылдық қорын;

D) негізгі және қосымша демалысқа бөлуге қажетті уақытты;

E) әкімшілік персоналдың келу уақытын.

64. Негізгі өндірістік жұмысшылардың саны анықталады:

A) алдындағы жылдың штаттық кестесі бойынша;

B) жылдық өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы мен кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың тиімді жылдық қорының көбейтіндісі ретінде;

C) жылдық өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы мен кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың тиімді жылдық қорының қосындысы ретінде;

D) жылдық өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы мен кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың тиімді жылдық қорының айырмасы ретінде;

E) жылдық өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығы мен кәсіпорынның әрбір жұмысшысы жұмыс істеуге тиісті уақыттың тиімді жылдық қорының қатынасы ретінде.

65. Көмекші жұмысшылардың саны анықталады:

A) қызмет көрсету нормаларынан шыға отырып;

B) кәсіпорынның ұйымдық құрылымы негізінде;

C) техника-экономикалық көрсеткіштер негізінде;

D) өткен жылдардың штаттық кестесі бойынша;

E) жұмыс уақытының балансы бойынша.

66. Еңбекті төлеудің кесімді формасы үшін тән:

A) қызметіне байланысты еңбекақы мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;

B) жұмыс істеген уақыт мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;

C) көрсетілген қызмет мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;

D) шығарылған (өңделген) өнім мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;

E) бригадалық мердігерлікпен сәйкес еңбекті төлеу.

67. Еңбекті төлеудің мерзімдік формасы үшін тән:

- A) жұмыс істеген уақыт мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;
- B) шығарылған (оңделген) өнім мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;
- C) көрсетілген қызмет мөлшерімен сәйкес еңбекті төлеу;
- D) өндірісті қаржыландыру көлемімен сәйкес еңбекті төлеу;
- E) бригадалық мердігерлікпен сәйкес еңбекті төлеу.

68. Еңбекті төлеудің тарифтік жүйесі өзіне қосады:

- A) БТТ, тарифтік-біліктік анықтамасы;
- B) тарифтік мөлшерлемелер, біртұтас тарифтік тор (БТТ);
- C) санаттар мен разрядтар бойынша лауазымдардың тізімі, санаттар мен разрядтар бойынша тарифтік тор;
- D) тарифтік мөлшерлемелер, қызметакылар;
- E) қызметакылар, сыйлықакылар, тарифтік-біліктік анықтамасы.

69. Еңбекақыны және еңбекті дұрыс ұйымдастырудың негізі болып табылады:

- A) еңбекті нормалау;
- B) бақылау;
- C) өндірісті ұйымдастыру;
- D) еңбекті төлеу;
- E) ұйымдық құрылым.

70. Әлеуметтік нәтижеге жету, табыс алу мақсатымен кәсіпкерлік немесе басқа да қызмет объектілеріне салынатын акция, қаражаттары, мақсатты банк салымдары, жарналар, акциялар, басқа бағалы қағаздар, машиналар, жабдықтар, технологиялар, кез келген мүлік, бұл:

- A) негізгі құралдар;
- B) инвестициялар;
- C) айналым қорлары;
- D) айналыс қорлары;
- E) капитал.

71. Кәсіпкерлік қызметке инвестициялық тауарларды салу үрдісі және бұл үрдісті жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық шаралардың жиынтығы, бұл:

- A) инвестициялық қызмет;
- B) банк қызметі;
- C) қаржылық қызмет;

- D) менеджмент;
- E) лизинг.

72. Негізгі қорларды құру мен ұдайы өндірісіне салынатын инвестициялар:

- A) капиталдық салымдар;
- B) дотациялар;
- C) субвенциялар;
- D) трасттық операциялар;
- E) амортизация.

73. Дисконттау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

- A) $K = 1 / (1+r)^t$;
- B) $K = 1/r$;
- C) $K = (1+r)^t$;
- D) $K = (1+r)^t - 1$;
- E) $K = 1 - (1+r)^t$.

74. Көптірімді коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

- A) $K = (1+r)^t$;
- B) $K = 1/r$;
- C) $K = 1 / (1+r)^t$;
- D) $K = (1+r)^t - 1$;
- E) $K = 1 - (1+r)^t$.

75. Таза инвестициялар – бұл:

- A) жалпы инвестициялар және материалдық ресурстарға инвестициялар арасындағы айырма;
- B) жыл бойы инвестициялық салымдардың сомасы;
- C) жалпы инвестициялар және негізгі капиталға инвестициялар арасындағы айырма;
- D) жалпы инвестициялар және амортизациялық аударымдар арасындағы айырма;
- E) жалпы инвестициялар және кезең шығындары арасындағы айырма.

Тестілік сұрақтардың кілттері

1	A	26	B	51	A
2	C	27	A	52	B
3	B	28	C	53	A
4	A	29	A	54	C
5	E	30	D	55	A
6	C	31	A	56	A
7	A	32	B	57	C
8	A	33	A	58	B
9	D	34	E	59	A
10	A	35	A	60	D
11	B	36	B	61	A
12	A	37	A	62	B
13	B	38	C	63	A
14	C	39	A	64	E
15	A	40	D	65	A
16	A	41	A	66	D
17	B	42	D	67	A
18	A	43	A	68	C
19	B	44	D	69	A
20	A	45	A	70	B
21	D	46	C	71	A
22	A	47	A	72	A
23	C	48	B	73	A
24	A	49	A	74	D
25	D	50	E	75	A

Негізгі

- 1 Абакумова О. Г. Баға және бағаны қалыптастыру: [естиханға дайындалу үшін оқу құралы] / О. Г. Абакумова. – М. : Приор-издат, 2008. – 192 б.
- 2 Аймағамбетов Е. Б. Экономиканың инновациялық дамуы / Е. Б. Аймағамбетов, А. А., Алимбаев, Т. П. Притворова – Карағанды: Қазтұтынуодағы ҚЭУ баспаханасы, 2010. – 453 б.
- 3 Алексеунин В. А. Маркетинг: [экономика маманд. орта кәсіптік білім беру орындарының студенттеріне оқу құралы] / В. А. Алексеунин, – 5-ші бас., толықт. және өзгерт. – М. : Дашков и К, 2010. – 214 б.
- 4 Алексеунин В. А. Қызмет көрсетудің салаларындағы маркетинг: экономика маманд. жо.о студенттеріне оқулық / В. А. Алексеунин, – 6-ші бас. – М. : Дашков и К, 2008. – 714 б.
- 5 Алешин В. А. Қаржы: оқулық / В. А. Алешин, А. И. Зотова. – Ростов н/Д. : Феникс, 2009. – 352 б.
- 6 Васильева Н. А. Кәсіпорын экономикасы: дәрістер конспектісі / Н. А., Васильева, Т. А., Матеуш, М. Г. Миронов. – М. : Жоғ. білім, 2008. – 191 б.
- 7 Волков В. К. Кәсіпорын экономикасы: дәрістер конспектісі: экон.мамандығы және бағыттары бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне / В. К., Волков, В. К. Скляренко. – М. : ИПФРА– М. 2009. – 280 б.
- 8 Выварев А. Д. Кәсіпорын экономикасы: «Экономика және кәсіпорынды басқару» мамандығы бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне / А. Д. Выварев. – М. : ЮНИТИ, 2007. – 543 б.
- 9 Горфинкель В. Я. Кәсіпорын экономикасы : экон.мамандығы бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне / В. Я. Горфинкель, – 5-ші шығ. М. : ЮНИТИ, 2008. – 767 б.
- 10 Гражданкина Е. В. Шағын кәсіпорынның экономикасы / Е. В. Гражданкина, – М. : ГроссМедиа: РОСБУХ, 2009. – 144 б.
- 11 Грибов В. Д. Ұйым (кәсіпорын) экономикасы: [орта кәсіптік білім беру орындарының студенттеріне] / В. Д., Грибов. В. П., Грузинов. В. А. Кузьменко, – 2-ші шығ., – М. : КИОРУС, 2009. – 407 б.
- 12 Елизарова Ю. Ф. Ұйым (кәсіпорын) экономикасы: учебник / Ю. Ф. Елизарова. – 3-шы шығ., өзгерт. – М. : Емтихан, 2008. – 495 б.
- 13 Жиделева В. В. Кәсіпорын экономикасы: жоғары оқу орындарының студенттеріне / В. В. Жиделева, Ю. П. Кантейн – Бас.

2-ші, өзгерт. и толықт. – М. : ИНФРА – М, 2009. – 132 б.

14 Зайцев Н. Л. Оперкәсіптік кәсіпорынның экономикасы: практикум: «Менеджмент», «Кәсіпорын экономикасы» бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне / Н. Л. Зайцев. – 3-ші бас. – М. : ИНФРА–М, 2007. – 223 б.; «Кәсіпорын менеджмент» бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне / Н. Л. Зайцев. – 2-ші бас., тол. – М. : ИНФРА– М, 2009. – 454 б.

15 Иващенко Н. П. Фирма экономикасы: экономика мамандығы бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Иващенко, Н. П. – М. : ИНФРА-М, 2008. – 527 б.

16 Ильин А. И. Кәсіпорын экономикасы / А. И., Ильин. С. В. Касько. – 2-ші бас., өзгерт. – Минск : Жаңа білім, 2008. – 235 б.

17 Кантор Е. Л. Кәсіпорын экономикасы: [жоғары білім орындарына арналған оқулық] / Е. Л. Кантор. – 2-ші бас. – СПб. : Питер, 2007. – 400 б.

18 Кантор Е. Л. Оперкәсіптік кәсіпорынның экономикасы : «Кәсіпорын экономикасы» бойынша оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Е. Л. Кантор.; ред. Г. А. Маховикова. – М. : Ростов н/Д. : МарТ, 2007. – 859 б.

19 Карташова В. Н. Ұйым (кәсіпорын) экономикасы. 2007 – 2008 жылындағы техникуме, колледжеге емгхан: [орта кәсіптік білім беру орындарының студенттеріне оқулық] / В. Н., Карташова, А. В. Приходько. – М. : Приор-издат, 2008. – 160 б.

20 Кнышова Е. Н. Ұйым экономикасы: [орта кәсіптік білім беру орындарының студенттеріне оқулық] / Е. Н. Кнышова. Е. Е. Пауфилова. – М. : ФОРУМ-ИНФРА-М, 2008. – 334 б.

21 Коноплев С. П. Ұйым (кәсіпорын) экономикасы: оқулық / С. П. Коноплев. – М. : Проспект, 2009. – 160 б.

22 Крум Э. В. Кәсіпорын экономикасыт : оқу.-әдіст. құралы / Э. В. Крум. – Бас. 2-ші, өзгерт. и тол. – Минск : РИВШ, 2007. – 135 б.

23 Лобан Л. А. Кәсіпорын экономикасы: оқу кешені / Л. А. Лобан, В. Т. Пыко. – Минск : Мисанта, 2007. – 261 б.

24 Максименко Н. В. Сауда кәсіпорындарының экономикасы : / Н. В. Максименко; ред. Шинькова, Е. Е. – 2-ші бас., өзгерт. – Минск : Вышэйшая школа, 2007. – 542 б.

25 Молотов С. А. Кәсіпорын экономикасы: Дәрістер конспектісі / С. А. Молотов, А. А. Оганесян. – М. : Приор-издат, 2007. – 127 б.

26 Муравьева Т. В. Фирма экономикасы : оқу құралы / Т. В. Муравьева. – М. : Академия, 2008. – 400 б.

27 Мухина И. А. Ұйым (кәсіпорын) экономикасы : оқу құралы / И. А. Мухина. – М. : Флинта: МПСИ, 2010. – 320 б.

- 28 Мяснянкина О. В. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / О. В., Мяснянкина, Б. Г. Преображенский. – М. : Кнорус, 2008. – 190 б.
- 29 Николаева Т. И. Сауда және коғамдық тамақтану кәсіпорындарының экономикасы : оқулық. / Т. И. Николаева; ред. Н. Р. Егорова. – 3-ші бас., – М. : Кнорус, 2008. – 400 б.
- 30 Целих А. С. Кәсіпорын экономикасы: 100 емтихандық жауап / А. С. Целих. – М. : Ростов н/Д. : МарТ, 2007. – 365 б.
- 31 Позднякова В. Я. Кәсіпорын (фирмы) экономикасы: практикум / В. Я. Позднякова; ред. В. М. Прудникова, - 2-ші бас. – М. : ИНФРА – М, 2008. – 318 б.
- 32 Ревенко Н. Ф. Кәсіпорын экономикасы. Есептер жинағы: «Машина жасау өндірістердің конструкторлық-технологиялық камтамасыз ету» : оқу құралы / Н. Ф. Ревенко, – М. : Высш. шк., 2007. – 191 б.
- 33 Скляренко В. К. Кәсіпорын экономикасы : дәрістер конспектісі / В. К. Скляренко, В. М. Прудников. – М. : ИНФРА-М, 2008. – 207 б.
- 34 Скляренко В. К. Кәсіпорын экономикасы : оқу құралы / В. К., Скляренко, В. М. Прудников, – М. : ИНФРА – М., 2008. – 528 б.
- 35 Смагин В. Н. Кәсіпорын экономикасы : оқу құралы / В. Н. Смагин. – 2-ші бас. өзгерг. – М. : Кнорус, 2009. – 158 б.
- 36 Чечевицына Л. Н. Фирма экономикасы : оқу құралы / Л. Н. Чечевицына, И. Н. Чуев. – Ростов н/Д. : Феникс, 2007. – 390 б.
- 37 Шевчук Д. А. Кәсіпорын экономикасы: ұйымның дәрістер конспектісі / Д. А. Шевчук. – Ростов н/Д. : Феникс, 2007. – 316 б.
- 38 Кәсіпорын экономикасы: (схемалар, кестелер, есеп айырысуларда) : оқу құралы / В. К. Скляренко, В. М. Прудников, и др. – М. : ИНФРА – М. 2008. – 255 б.
- 39 Сауда кәсіпорының экономикасы: Сауда ісі : оқулық / Л. А. Брагин, Г. Г. Иванов, и др. – М. : ИНФРА– М., 2008. – 313 б.

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Кәсіпорын -паруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде	4
2	Кәсіпорындардың ресурстары және оларды пайдалану тиімділігі	9
3	Кәсіпорынның айналым капиталы	22
4	Шикізат, материалдық және отын-энергетикалық ресурстар	26
5	Кәсіпорынның еңбек ресурстары	31
6	Кәсіпорында еңбек ақы төлеу	38
7	Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты	47
8	Өнімді өндіру және өткізу шығындары	63
9	Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі	67
10	Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету	72
11	Кәсіпорын қаржысы	78
12	Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері	83
13	Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі	88
	Тесттер	94
	Тестілік сұрақтардың кілттері	111
	Әдебиеттер	112

Е. К. Кунызов, Д. Д. Ахметова

КӘСНӨРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Жауапты хатшы Е. В. Самокиш

Басуға 16.06.2017 ж.

Өріп түрі Times

Пішім 60x90/16. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 6,62 Таралымы 300 дана


Тансырыс № 3059

«КЕРЕКУ» Баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университетік

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64



Құрастырушылар: Г. К. Қунызов, Д. Д. Ахметова

«Экономика» кафедрасы

Кәсіпорын экономикасы

Оқу құралы

Кафедра мәжілісінде мақұлданған 2012 ж. 12 ай № 12 хаттама

Кафедра меңгерушісі Г. К. Қунызова С. К. Қунызова

МББЖКФ оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған 2012 ж. 12 ай № 12 хаттама

ОӘК тораымы А. Е. Жакишева А. Е. Жакишева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған 2012 ж. 12 ай № 12 хаттама

КЕЛІСІЛДІ

МББЖКФ деканы Т. Я. Эрнazarov Т. Я. Эрнazarov 20 ж. _____

АЖСМБ н/б Г. С. Байхметова Г. С. Байхметова 2012 ж. 12 ай

МАҚҰЛДАҒЫ

ОӘБ бастығы А. Б. Темірғалиева А. Б. Темірғалиева 2012 ж. _____